Глобализация запускает изменения в социальной, экономической, политической и культурной сторонах жизни общества (Boguslavsky & Neborskiy, 2015; Assare et al., 2016; Kassymova et al., 2018). Глобализация экономики приводит к изменениям в системе Высшего образования (Neborskiy, 2018; Popov, 2016; Sosnin, 2011; Marginson, 2016; Xing & Marwala, 2017). Глобализация образования привела к ее цифровизации (Kuznetsov, 2019; Sushko, 2019; Chernykh, 2020). Поэтому цифровизация образования требует от студентов формирования умений самостоятельно осуществлять процесс организации собственного образования (Dyakova & Sechkareva, 2019; Petrova & Bondareva, 2019). В связи с чем, необходимыми навыками для обучения с помощью цифрового образовательного являются навыки самоорганизации. Если студент не обладает навыками организовывать собственную учебную деятельность, свой образовательный процесс, он будет сталкиваться с негативными эмоциями и переживаниями при использовании цифровой среды или результаты использования цифровых образовательных ресурсов будут низкими (Vostroknutov, 2015; Brophy, 2017). Студент будет не готов к применению в образовательном процессе цифровых образовательных ресурсов, требующих от него самостоятельности (Antonova, Ospennikova & Spirin, 2018). Следовательно, перспективным направлением в педагогике является развитие самообразовательной компетенции и навыков самоорганизации.

В нашем исследовании мы используем педагогический потенциал технологии тайм-менеджмент для того, чтобы эффективно повысить уровень владения навыками, которые необходимы для организации учебной деятельности, а именно: анализирование, целеполагание, планирование, оценка, поиск и устранение ошибок.


В ходе исследования нами получены следующие результаты, позволяющие сделать выводы об эффективности технологии тайм-менеджмент в развитии навыков самоорганизации студентов в учебной деятельности.

После проведения эксперимента у экспериментальной группы студентов критерии самоорганизации повысились в среднем на 27,88% (Рисунок 1): навыки на 25% с 57,5% (низкий уровень) до 82,5% (хороший уровень); способности на 31,5% с 47% (крайне низкий уровень) до 78,5% (хороший уровень); личностные качества на 25,5% с 51% (крайне низкий уровень) до 76,5% (хороший уровень); мотивация на 29,5% с 48,5% (крайне низкий уровень) до 78% (хороший уровень).



**Рисунок 1. Динамика развития критериев самоорганизации у экспериментальной группы студентов**

Тогда как у контрольной группы студентов динамики критериев самоорганизации после проведения эксперимента не показал положительной динамики (Рисунок 2): уровень критерия навыки незначительно увеличился на 0,5% с 60,5% до 61%, уровень критерия способности уменьшился на 15% с 70% до 55%, уровень критерия личностные качества уменьшился на 8% с 67% до 59%, уровень критерия мотивация уменьшился на 6% с 64,5% до 58,5%.



**Рисунок 55. Динамика развития критериев самоорганизации у контрольной группы студентов**

Таким образом, наблюдается, что у контрольной группы студентов не было положительной динамики развития самоорганизации. Снижение уровня показателей и критериев самоорганизации студентов контрольной группы может быть объяснено тем, что при первичной диагностике студенты первого курса были более сконцентрированы и собраны после подготовки к экзаменам зимней сессии и их силы были восстановлены во время зимних каникул. Повторная диагностика проводилась в середине второго семестра, когда студенты могли быть менее собраны, расслаблены и рассеяны, истощены после первой сессии и новых предметных нагрузок.

**Заключение.** В исследовании была достигнута цель повышения уровня навыков самоорганизации студентов в их учебной деятельности. полученные в ходе исследования результаты позволяют сделать вывод, что технология тайм-менеджмент может быть применима как методологическое и практическое решение по повышению успеваемости студентов при занятиях с использованием цифровых образовательных ресурсов.

Список использованной литературы.

1. Boguslavsky M.V., & Neborskiy E.V. (2015). Prospects for the development of higher education in Russia // Bulletin of Eurasian science, 3 (28).
2. Assare A.R. et al. (2016). The Impact of Globalization on Education // Journal of Administrative Management, Education and Training (JAMET), 5, 27-33.
3. Kassymova G.K. et al. (2018). Self-development management in educational globalization // Harmony, 4, 5.

- 4.Neborskiy E.V. (2018). Management aspects of the sociocultural matrix of higher education in the context of globalization // Bulletin of the Udmurt University. Sociology. Political science. International relationships. 2, 124-131.
- 5.Popov D.V. (2016). Influence of globalization on national systems of higher education // Successes of modern science. 10, 84-89.
- 6.Sosnin N.V. (2011). Learning Content in the Competency Model of Higher Professional Education (Toward the Development of the Federal State Educational Standard for Higher Professional Education): Monograph. Krasnoyarsk: Siberian Federal University.
- 7.Marginson S. (2016). High participation systems of higher education // The Journal of Higher Education, 2, 243-271.
- 8.Xing B., & Marwala T. (2017). Implications of the fourth industrial age for higher education // The Thinker Issue 73 Third Quarter 2017.
- 9.Kuznetsov N.V. (2019). Transformation of social interaction in the context of digitalization // Theory and practice of social development, 3 (133).
- 10.Sushko V.A. (2019). Globalization and the digital revolution as factors of social transformations // Transformation of the social world in the modern era, 25-30.
- 11.Chernykh S.I. (2020). Digitalization of education as a disruptive innovation // Problems of higher education and modern trends in socio-humanitarian knowledge (VIII Arsentiev readings), 254-258.
- 12.Dyakova E.A, & Sechkareva G.G. (2019). Digitalization of education as the basis for teacher training of the XXI century: problems and solutions // Bulletin of Armavir State Pedagogical University, 2.
- 13.Petrova N.P., & Bondareva G.A. (2019). Digitalization and digital technologies in education // World of science, culture, education, 5 (78).
- 14.Vostroknutov E.V. (2015). Technology for the formation of professional and creative competencies of students of a technical university in research activities // Scientific and Technical Sheets of the St. Petersburg State Polytechnic University. Humanities and social sciences, 2 (220).
- 15.Brophy J.E. (2017). Fostering student learning and motivation in the elementary school classroom // Learning and motivation in the classroom. Routledge, 283-306.
- 16.Antonova D.A., Ospennikova E.V., & Spirin E.V. (2018). Digital Transformation of the Education System. Resource design for a modern digital educational environment as one of its main areas // Bulletin of the Perm State Humanitarian and Pedagogical University. Series: Information Computer Technologies in Education, 14.

УДК 378.14

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ  
ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ ИНЖЕНЕРОВ**

**Чарикова И.Н.**

*Оренбургский государственный университет, г.Оренбург, Россия  
irnic@bk.ru*

**Аннотация:** В статье рассматриваются особенности применения цифровых технологий в обучении будущих инженеров проектной деятельности. Определены основные функции, методические и дидактические возможности электронных учебных пособий. Представлены этапы разработки электронного учебного пособия. Практическая значимость исследования заключается в реализации процесса создания электронного учебного пособия. Актуальность исследования по созданию цифровых учебных пособий в настоящее время обусловлена эпидемиологической ситуацией в стране.


**Ключевые слова:** информационные технологии обучения, проектирование, электронный учебник, инженер.

**Abstract:** The article discusses the peculiarities of digital technologies application in training of future project-design engineers. Main functions, methodological and didactic possibilities of e-learning manuals are defined. Stages of the electronic tutorial development are presented. The practical significance of the study lies in the implementation of creating an electronic training manual process. Nowadays the special relevance of the study on digital training manuals development is due to the epidemiological situation in the country.

**Keywords:** training information technology, design, electronic manual, engineer

Образование на сегодняшний день занимает особое значение в жизни социума. Эта система подвижна, она неоднократно подвергалась изменениям и все еще продолжает совершенствоваться. В настоящее время актуальной и востребованной потребностью образования является поиск новых и более действенных педагогических цифровых технологий обучения. Особенно актуальным это представляется в связи с эпидемиологической ситуацией в стране. Дистанционный формат обучения в вузе не должен снизить уровень подготовки будущих специалистов. В этой связи концепция внедрения цифровых средств обучения рассматривается педагогическим сообществом в числе приоритетных направлений и инноваций.

Одним из наиболее популярных цифровых средств обучения сегодня стали электронные учебные пособия, позволяющие реализовать функции обучения, самообучения, демонстрации изучаемого материала, тренинга в применении изученного материала [1]. Дополнительные функции автоматизированного контроля и самоконтроля являются еще одним значимым достоинством электронных учебных пособий, позволяющих оценить уровень подготовки специалиста, его профессиональную пригодность, качество полученных знаний. В исследовании представлены результаты практической реализации электронного учебного пособия разработанного доцентами кафедры информатики Оренбургского государственного университета (рисунок 1).





## Рисунок 1 – Стартовый экран учебного пособия

Дисциплина «Информационные технологии в архитектуре» входит в общепрофессиональный цикл по направлению подготовки 07.03.01 – Архитектура. Целью освоения дисциплины является формирование у студентов компетенций, необходимых для эффективного использования информационных технологий при проектировании и в процессе освоения других общеинженерных и специальных дисциплин. В основу специфики преподавания дисциплины «Информационные технологии в архитектуре» положен аспект интеграции знаний смежных дисциплин с целью их практической реализации по проектированию объектов на основе информационных технологий моделирования, визуализации и имитирования. Каждый проект должен гармонично сочетать в себе форму и содержание, поэтому естественно необходимо воспользоваться той программой, которая оптимизирует процесс разработки проекта, объединяя и реализуя при этом замыслы проектантов и требования к разработке проекта. Поэтому при разработке учебного пособия мы будем прежде всего руководствоваться принципами проектного обучения с использованием компьютерных технологий и возможностью вариативного проектирования виртуального образа объекта.

Развитие индустрии создания электронных учебных пособий в силу их востребованности и социальной значимости обусловлено: возможностью динамического отображения материала; компактностью и мобильностью электронных учебников; удобством и быстротой поиска учебной информации; возможностью объективного контроля и оценки уровня знаний и навыков пользователя в изучаемой области [2].

В исследовании мы исходим из того, что при подготовке бакалавров - архитекторов, проектное обучение предусматривает не только интеграцию знаний, но и применение актуализированных знаний, приобретение личностных «живых» знаний.

Организация проектного обучения на основе электронного учебного пособия должна обеспечивать одновременную реализацию следующих режимов работы:

- 1) поисковую (инициативную);
- 2) обучающую (активную);
- 3) контрольную (тестирующую)[3].

Алгоритмической и программной реализацией является одноуровневая архитектура приложения, сохраняющая промежуточные результаты своей работы в виде файлов двоичных данных на любом запоминающем устройстве. Среди большого разнообразия продуктов для разработки электронных учебных пособий мы остановились на Microsoft Visual Studio. Данное инструментальное средство занимает одно из ведущих мест в программировании и обладает следующими преимуществами:

- имеет более удобный в разработке язык программирования C#;
- позволяет использовать более современные технологии при проектировании и написании программных средств;

– имеет бесплатную для коммерческого использования версию среды разработки.

Основой разработки сценария электронного учебного пособия является структурно-логическая модель, представляющая собой граф, узлы которого соответствуют основным понятиям, знаниям и умениям изучаемой дисциплины, а дуги отображают отношение между понятиями. Данная модель наглядно отображает объем, последовательность изучения материала, является каркасом для создания гиперссылок и может применяться для организации контроля знаний и выбора правильного маршрута обучения [4]. На основе структурно-логической модели производится разбиение текстового материала на логически законченные разделы, разметка текста учебного пособия по разделам, указания желаемых динамических эффектов, цветового выделения важных слов, терминов, выводов, правил для запоминания, указания мест гиперссылок на глоссарий, практическое задание, другие разделы курса.

В ходе проектирования и создания электронного учебного пособия «Информационные технологии в архитектуре» мы руководствовались следующими требованиями:

- учебное пособие должно иметь интуитивно понятную навигацию с возможностью самостоятельного выбора траектории изучения материала;
- учебное пособие должно облегчить усвоение информации за счет обоснованного отбора и структурирования учебного материала;
- за счет включения в учебное пособие информационного, исполнительного, контролирующего, методического блоков должна обеспечиваться результативность усвоения знаний и норм проектной деятельности будущими инженерами.

Алгоритм программы разрабатывался с помощью метода нисходящего проектирования программ и основан на модульном принципе программирования. Первоначально определяются функции программного продукта без реализации их кода и строится архитектура программного продукта. Это дает возможность увидеть будущее приложение хотя и без реализации возложенных на нее функций, что позволяет на раннем этапе проектирования просмотреть будущую программу, оценить, а если нужно, скорректировать структуру всей программы, что позволит избежать переписывания кода программы в будущем [5].

Общий принцип построения алгоритма основан на графическом пользовательском интерфейсе, который предоставляет пользователю следующие возможности:

- обращаться к программному средству путем выбора на экране подходящего графического или текстового объекта;
- осуществлять прямые манипуляции с графическими и текстовыми объектами, представленными на экране [6].

При этом действия пользователя заключаются в выборе пункта меню, вводе числовых данных, в выборе варианта ответа, а программа должна вызывать соответствующую процедуру обработки (рисунок 2).




Рисунок 2 – Структура учебного пособия. Тестирующий блок.

Процесс обучения с использованием представленного учебного пособия представляет собой выбор одного из предложенных вариантов, а также вывод на экран всей необходимой справочной и методической информации. Для удобства восприятия процесс обучения разбит на модули, а графический интерфейс построен по принципу «мастера», когда на экране отображается единственный текущий шаг. Перемещение между шагами обучения осуществляется с помощью кнопок «Назад» и «Вперед», а также кнопкой «Домой», которая отображает главное меню. В любом окне диалога, есть пункты меню: «Главное меню» (позволяющий вернуться в главное меню программы), «Параметры» (отображающий на экране текущий выбор), «Методические материалы» (отображающий на экране текст учебного пособия, необходимого для выполнения проектирования) [7].

В процессе тестирования работоспособности электронного учебного пособия и целесообразности использования в учебном процессе установлены необходимость и дидактические возможности обучения будущих инженеров проектной деятельности, которые состоят в развитии различных форм мышления, в создании условий для проявления творческой инициативы по преобразованию проектируемого объекта, в преодолении психологического барьера при реализации самостоятельности, отработке умений и навыков проектной деятельности.

#### Список использованных источников

1. Кирикова, З. З. Педагогическое проектирование в контексте социального проектирования / З. З. Кирикова, О.В. Тарасюк // Образование и наука.

– 2003. – № 3. – С. 116-130.

2. Колесникова, И. А. Педагогическое проектирование : Учеб. пособие для высш. учеб. заведений / И.А. Колесникова, М.П. Горчакова-Сибирская ; Под ред. И. А. Колесниковой. – М. : Издательский центр «Академия», 2005. – 288 с.

3. Галочкин, А. И. Проблемно-модульная технология обучения / А. И. Галочкин, Н. Г. Базарнов, В. И. Маркин, Н. С. Касько – Барнаул, 2004. – 182 с.

4. Миханова, О. П. Особенности модульного обучения информатики / О. П. Миханова // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2010. – № 58. – С. 427-431.

5. Красильникова, В. А. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании: учебное пособие / В.А. Красильникова; Оренбургский гос. ун-т. 2-е изд. перераб. и дополн. – Оренбург : ОГУ, 2012. – 291 с.

6. Чарикова, И. Н. Деятельностная эпистемология в обучении автоматизированному проектированию : Учебное пособие [Текст] / И.Н. Чарикова. – Оренбург, ООО ИПК «Университет», 2016.

7. Чарикова, И. Н. Эпистемологические ракурсы проектной деятельности студентов университета [Текст] / С.М. Каргапольцев, И.Н. Чарикова // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2016. – № 9. – С. 15-19.

ӘОЖ 004.032.6:004.357:371.3

## **МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

**Амзеева Г.А.**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы*

**Амзеева А.А.**

*№233 Ж.Нұрсейітов атындағы орта мектебі, Қызылорда қ., Қазақстан  
Республикасы*

[Gulnaramzeeva@mail.ru](mailto:Gulnaramzeeva@mail.ru)

Аңдатпа: мақалада мультимедиялық технологияның мәні мен негізгі түсініктеріне ізденістер жасалған. Мультимедиялық технологияның оқыту сапасын арттырудағы рөлі көрсетілген. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың аспектілері мен білім беруде мультимедия құралдарын пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: мультимедия, мультимедиялық технология, мультимедия құралдары, мультимедия ресурстары, компьютерлік техника, ақпарат.

Аннотация: в статье указан смысл мультимедийной технологии и их основные понятия. Роль мультимедийного обучения для улучшения учебного процесса. Указаны аспекты в

использовании информационно-коммуникационных технологии и плюсы и минусы мультимедийных инструментов.

Ключевые слова: мультимедиа, мультимедийные технологии, мультимедийные средства, мультимедийные ресурсы, компьютерная техника, информация.

Abstract: The article indicates the main purpose of multimedia technology and its basic concepts. The role of multimedia education in order to improve the learning process. Aspects in the use of information and communication technologies and the pros and cons of multimedia tools are indicated.

Keywords: multimedia, multimedia technologies, multimedia tools, multimedia resources, computer technologies, information.

Тұңғыш Елбасымыздың халыққа арнаған «Төртінші өнеркәсіпті революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында жоғары оқу орындары алдына цифрлық білім беру ресурстарын дамыту міндетін қойып, цифрландыру кәсіпорындар мен жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, сондай-ақ халықтың өмір сапасын жақсартуда аса қажет екенін айтқан болатын [1]. Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі - мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалану болып табылады.

Оқытуда мультимедиялық технологияларды пайдаланудың теориялық және практикалық аспектілерін Ю.Н.Егорова, дидактикалық аспектілерін Н.В.Клемешова, тұжырымдамалық аспектілерін О.Г.Смолянинова, жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын дамытудағы мультимедияның мүмкіндіктерін Д.Э.Френки, студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде мультимедиялық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселелерін О.Г.Смолянинова, О.В.Лобач, А.И.Гридюшко, Е.А.Шипнягова, жоғары оқу орындары оқытушыларының оқу-әдістемелік іс-әрекетінде мультимедияны пайдалану әдістемесін Т.Ю.Волошинова, А.Г.Казаков зерттеді [2]. Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыда атап кеткен ғалымдар еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіру бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы екендігін атап өту керек.

Компьютерлік техниканың дамуы көзқарасы тұрғысынан, аппараттық жасақтамада сипаттамалық ерекшелігі салыстырмалы түрде жаңа болып саналатын ақпараттың әр алуан түрін өңдеу мен ұсыну мүмкіндігі бар құралдар тобын ерекше бөліп қарастыруға болады. Шындығында, соңғы жылдары осындай құралдардың қатарына мультимедия құралдары санатына қосылған дыбысты, фотоны және бейне кескінді жазу мен жаңғыртуға арналған құрылғылар да жатады. Егер де жақын арада иістерді сандық өңдеуге арналған құрылғылар пайда болып және кеңінен таралып жатса, онда бұл құрылғылар да мультимедия құрылғыларының тобына жатқызылатын болады.

Барлық мультимедия (ағылшын сөзі multimedia латын сөзінен алынған: multum – көп және media, medium – орта, құралдар) – зерттелетін объектілерді, құбылыстар мен оқиғаларды бейнелеу тәсілдерінің бай жинағы. Мультимедия өнімдері ақпараттың сан алуан түрін: компьютерлік мәліметтерді, теле және бейне ақпаратты, сөз бен әуенді қолданады. Ақпаратты тіркеу мен жаңғыртуда

компьютермен басқарылатын теледидардың, магнитофонның, HiFi – аудиожүйенің, жинақы дискілер (CD) ойнатқышының әр алуан түрлі техникалық құралдарын пайдалануға болады. Мультимедия құралдары өзінің табиғаты бойынша интерактивті, яғни мультимедия өнімдерінің көрермені мен тыңдаушысы ешқашанда енжар болып қалмайды. Мультимедия оқытудың сапасын арттырады және үйренушінің назарын аударуға мүмкіндік туғызады. Қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік имитация түріндегі ойын-сауықтарды және физикалық бақылауға мүмкін емес құбылыстарды, мысалы, жердің ішкі қабаттарында, машина ішіндегі механизмдерде, ғарышта болып жатқан құбылыстарды көрсетуге арналған оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді[3].

Информатиканың зерттеу пәні болып саналатын ақпарат түрлерін (типтерін) және оны ұсыну тәсілдерін білмейінше, мультимедия құралдарының ерекше сипатын түсіну мүмкін емес. Жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінде мультимедия құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін оқып білу үшін біз мәні бар ақпаратты топтастырудың негізгі аспектілеріне ғана тоқталамыз.

Ақпаратты топтастырудың бірнеше критерийі бар. Қабылдау түрлері бойынша барлық ақпаратты үш топқа бөлуге болады:

1. Мәтінді, графикалық кескіндер мен суреттерді, фотографияны, мультфильмдерді, бейнефильмдерді қамтитын көру немесе көрініс ақпараты деп аталатын, адамның көруімен қабылданатын ақпарат;

2. Еркін ызыңдарды, әуендік жаңғыртуларды, сөзді қамтитын дыбыстық ақпарат деп аталатын, адамның есту аппаратымен қабылданатын ақпарат;

3. Арнайы техникалық құралдар көмегімен жұмыс істеу кезінде адамның сенсорлық жүйесімен қабылданатын сенсорлық немесе тактильдік ақпарат.

Осы аталған ақпараттың барлық түрін басқа критерий бойынша да топтастыруға болады. Олардың бірі ақпаратты адамның қабылдау тәсілі болып саналады. Осыған байланысты білім алушыларға келетін ақпараттың барлығын топтастырылған және тура ақпарат деп бөлуге болады[4].

Топтастырылған ақпарат, бұрындары меңгерілген ақпараттың ықпалымен адамда туындайтын, қабылдануы топтастыруға негізделген ақпарат ретінде анықталады. Топтастырудың мұндай амалы кезінде ақпараттың бұл түріне, сөзді және де суреттерді жатқызуға болады.

Сонымен, мультимедия ұғымы, жалпы мультимедия құралдары, бір жағынан, әр алуан типті ақпаратты компьютерлік өңдеумен және ұсынумен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, білім берудің тиімділігіне айтарлықтай ықпал ету мультимедия құралдары қызметінің негізіне жатады.

Мультимедияның тағы бір ерекше артықшылығы оның анимациялылығы болып саналады. Демек, мультимедияның оқыту үдерісіндегі орны ерекше деп айтуға болады.

Мәселен, бейнефильмдерді сақтауға, өңдеуге және жаңғыртуға мүмкіндік тудыратын мультимедия құралдарының пайда болуы білім алушыларға көрсетілетін бейнефильмдердің үзінділері бар және оқытуға пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаларды дайындауға қол жеткізді. Бұл өз кезегінде сабақтарды өткізудің жаңа әдістемелік сценарийлерін тудырды да, білім алушылар компьютермен жұмыс істей отырып, оқу уақытының бір бөлігін, оқып білу мақсаты көзқарасы тұрғысынан, маңызды болып саналатын бейне үзінділерді көруге арнайды. Оны көшірмелеп алу және түсіндірмелер енгізу қажеттілігі туындаса, білім алушылардың фильм кадрларын тоқтату мүмкіндігі пайда болады [5].

«Мультимедия» ұғымын да анықтайтын әр түрлі бірнеше мағыналы мынадай объектілерден тұрады. Мультимедия – бұл:

- Типі әр түрлі ақпаратты өңдеу мен ұсыну технологиялары негізінде әзірленген ақпараттық ресурстар;
- Ақпаратты өңдеу мен ұсынуға байланысты жұмыс істеу типі әр түрлі компьютерлік бағдарламалық жасақтамалар;
- Көмегімен типі әр түрлі ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкін болатын компьютерлік аппараттық жасақтамалар;
- Типі әр түрлі ақпаратты өңдеу құралдарын дайындау, жұмыс істеу және қолдану ретін сипаттайтын технологиялар;
- Типі әр түрлі дәстүрлі статикалық көрінерлік ақпаратты да (сөз, әуен, бейне үзінділер, анимация және т.б.) өзіне қамтитын ақпараттың ерекше қорытынды түрі.

Графикалық, дыбыстық, фото және бейне ақпараттың бір мезгілде әсер ету есебінен ақпараттандыру құралдарында мультимедияны қолданудың арқасында мұндай құралдар үлкен сезімдік ықпалға және оқу әлеуетіне ие болады, өйткені ақпарат әр түрлі қабылдау арнасына келеді. Әркімнің ақпаратты қабылдауы әр түрлі: кейбіреулер тікелей оқығанды, енді бірі тікелей тыңдағанды, ал үшіншісі бейнені қарағанды қалайды[6].

Мультимедия технологиялары ақпараттың көптеген түрін мағыналы және үйлесімді түрде кіріктіруге мүмкіндік туғызады. Бұл компьютер көмегімен ақпаратты мынадай әр түрлі формада ұсынуға мүмкіндік туғызады:

- Сканерленген фотографияны, сызбаларды, карталар мен слайдтарды қамтитын кескіндер;
- Дауыстың дыбыстық жазбалары, дыбыстық әсерлер мен әуен;
- Бейне, күрделі әсерлі бейне;
- Анимация мен анимациялық имитация.

Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жақтары өте көп (оның қатарына, әрине, мультимедия да жатады). Негізгі аспектілеріне мыналар жатады:

- Білім мазмұнын таңдау мен қалыптастырудың әдістері мен технологияларын жетілдіру;
- Информатика және ақпараттық технологиялармен байланысты жаңа мамандандырылған оқу пәндері мен оқыту бағыттарын енгізу;

- Қосымша құлшыныс механизмдерін пайдалана отырып, оқытуды даярлау мен саралау есебінен оқытудың тиімділігін арттыру;
- Оқыту үдерісінде өзара әрекеттің жаңа формасын ұйымдастыру;
- Білім алушылар мен оқытушы іс-әрекеттерінің мазмұны мен сипатын өзгерту[7].

Жоғары білім беруде бұдан басқа мультимедия құралдарын пайдаланудың артықшылықтары қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Оқыту үдерісінде білім алушылардың қабылдауына бірнеше арнаны бір мезгілде пайдалану, осының есебінен бірнеше әр түрлі сезім мүшелеріне жеткізудің ақпараттың бірігуіне қол жетімділігі;
- Күрделі, қымбат немесе қауіпті шынайы тәжірибелерді моделдеу мүмкіндігі;
- Үрдістерді динамикалық көрсету есебінен ақпарат көзін көрінерлік ету;
- Микро және макроәлемінің нысандары мен үрдістерінің көрінерлік ету;
- Оқытылатын материалды кеңінен оқулық, қоғамдық, тарихи мәтін мәнге көмкере отырып және когнитивтік құрылымды дамыту мен түсініктеме беру мүмкіндігі.

Жеке тұлғаландыру оқытушы мен білім алушының, білім алушылардың бір-бірімен бетпе-бет қарым-қатынас жасауын шектейді де, оларға «компьютермен сұхбаттасу» түріндегі қарым-қатынасты ұсынады. Білім алушы кәсіби тілде сұхбаттық қарым-қатынастың, ойын қалыптастыру мен тұжырымдаудың жеткілікті практикасын ала алмайды.

Ақырында, компьютерлік техниканы шамадан тыс және қажетсіз пайдалану білім беру үдерісі қатысушыларының денсаулықтарына теріс әсер етеді [8].

Аталған мәселелер мен қарама-қайшылықтар оқытуда мультимедия құралдарын пайдалану «неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы» қағидасы бойынша жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін нақты арттыруға жеткізе алмайтындығының дәлелі болып табылады.

Сонымен, кең мағынада «мультимедия» термині (бір мезгілде оқырман да, тыңдаушы да, көрермен де бола алатын) пайдаланушыға аса тиімді ықпал ету мақсатымен әр түрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді. Мультимедия технологиясы білім беру іс-әрекетінің әртүрлі салаларына күн сайын барынша еніп жатыр. Бұған қоғамда жаппай ақпараттандыруға байланысты сыртқы факторлар да, білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік және мемлекет аралық бағдарламалардың қабылданумен, білім беру мекемелеріндегі қазіргі заманғы компьютерлік техникамен бағдарламалық жасақтаманың таралуымен, ақпараттандырудың қажетті тәжірибелердің пайда болуымен байланысты ішкі факторлар да мүмкіндік туғызады. Көптеген жағдайда мультимедия құралдарын пайдалану педагогтардың еңбегін қарқынды етуге, сондай-ақ білім алушыларды оқытудың тиімділігіне оң ықпал етеді.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Төртінші өнеркәсіпті революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Егорова Ю.Н. Теоретические и практические аспекты мультимедиа-технологии: монография.- Ч.: НАНИ ЧР.-2000.-189 с.
3. Косенко И.И. Изучение мультимедии в процессе подготовки учителя информатики: дисс.канд.пед.-Москва, 1999.-119 с.
4. Вернер И. Все о мультимедии. Уч.пособие.-Киев: ВНУ,1996.-157 с.
5. Досжанов Б.А. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы дамыту. Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы.-Түркістан, 2007.-№3.-176-180 б.
6. Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы.- Қызылорда: ҚМУ, 2004.- 81 б.
7. Аяжанов С.С., Сатымбекова С.Б. Компьютерлік желілер. Оқулық / Оқулық / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 239б.
8. Бастауыш сыныпта оқыту тиімділігін арттырудағы мультимедиялық технология құралдарының маңызы //«Білім беру жүйесін трансформациялау тұрғысындағы әлемдік білім саясаты» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы-Москва, 2006. –Т.2. 135-140 б.

ӘОЖ 001.76

## **БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ МҰҒАЛІМНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ**

**Айтжанова Акзада Жанабайқызы**

*Шалқар ауданы, Байқадам селосы «Қорғантұз ЖОББ» КММ,  
Өзін-өзі тану пәні мұғалімі*

Аннотация. На сегодняшний день концептуально ведется система образования по трем основным направлениям: цифровизация образовательного процесса, цифровой образовательный контент, цифровизация управления образованием. Цифровизация школьного образования в Казахстане является одной из главных тенденций в процессе его реформирования. Видение будущих школ во многом связано с постепенным переходом всех дисциплин к системе облачного образования. Мы говорим о онлайн учебниках и виртуальных лабораториях, о содержании открытого образования, гибком и индивидуальном подходе к каждому участнику. Домашнее задание учащиеся могут работать вместе в режиме онлайн.

Ключевые слова: информационный, компьютерный, педагогический, творческий, учитель.

Summary. Today, the education system is conceptually conducted in three main areas: digitalization of the educational process, digital educational content, and digitalization of education management.

Digitalization of school education in Kazakhstan is one of the main trends in the process of its reform. The vision of future schools is largely related to the gradual transition of all disciplines to the cloud education system. We are talking about online textbooks and virtual laboratories, the content of open education, flexible and individual approach to each participant. Homework students can work together online.

Keywords: informational, computer, pedagogical, creative, teacher.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Сондықтан әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға асуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», - деген болатын. Дүниежүзілік экономикалық форум ХХІ ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің он алты түрін – командадағы жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиет, бастамашылық, ІТ құзыреттілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б. – атап өткен.

Кемел ел келешегі - жас ұрпаққа сапалы, бәсекеге қабілетті, өнегелі тәрбие мен білім беру, оқушылардың мектепте алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы. Әр оқушыны оқыту, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін жан ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Мектептерді цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық ойыншыларға: оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының

оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі - мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық әлеуеті, кәсіби құндылықтары да жатады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек.

Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты -білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. ХХІ ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, ХХІ ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі «шиыршық» қағидатымен беріледі, бағалау жүйесі де өзгереді.

Жаңартылған білім беру бойынша критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы - баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық» әдісі бойынша жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Заманауи талап бойынша дарынды балаларға білім беретін мамандандырылған мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жөнінде кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға ұмтылдыру мақсатында мектептерде жүйелі жұмыс жүргізіледі. Ақтөбе қаласы, №30 орта мектеп мұғалімдері, іс-тәжірибеде ақпараттық-коммуникациялық технологияны, атап айтқанда Google формаларын, Kahoot, Plickers бағдарламаларын тиімді қолдануда.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытуда пайдаланудың көрсетілім, модельдеу, бағалау мен талдау, ұсыну, қайталай ұсыну және қарым-қатынас, тестілеу және растау сияқты үлгілерімен танысады; өз іс-тәжірибесімен байланыстырып, өзін-өзі реттеу үдерісі жүзеге асады; өз бойларында технологиялық, педагогикалық және пәндік білімдерді ұштастыруға ұмтылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі базалық АКТ дағдылар негізінде құрылады және жұмысқа, қарым-қатынасқа, бос уақытқа арналған технологияларды дұрыс шығармашылықпен қолданудан тұрады. Білім алушылар өздерінің АКТ бойынша дағдыларын білім алу процесіндегі барлық оқу пәндері арқылы дамытады, яғни ақпаратты табу, құру, мәліметтермен, идеялармен алмаса отырып, кең спектрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы бірлесіп қызмет жасау барысында өзінің жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Мектепте АКТ-ні мультимедиялық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар: дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу; сандық,

интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу; сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа да қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу; заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиалық таныстырылымдар құру үшін біріктіру, басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану; электронды байланыс арқылы басқа білім алушылармен және оқытушылармен ынтымақтаса онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысып, қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу; интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану; аяқталған жұмыс бойынша мектептің шеңберінде немесе одан тыс жерде мультимедиялық таныстырылым жасау болып табылады.

Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні - баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Жаңартылған білім беру мазмұнын тиімді жүзеге асыруда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызы зор болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы, 2017.
- 2.Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар: монография / Под.редакциясымен: Бадарча Дендева - М.: ИИТО ЮНЕСКО, 2013. - 320 бет.
- 3.2017-2018оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат.
- 4.Байкенова Б.А., Ислямова С.А. Оқыту үшін бағалауды жүзеге асыру. Оқыту үшін бағалау жолын жүзеге асыруды оқыту платформасы қалай жеңілдетеді

алады? - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.

ӘОЖ 021.81

## **ҮШТІЛДЕ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА САНДЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Мамирова Анаргүл Байсултановна**

*Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбаршии жалпы орта білім беретін мектебі,  
география пәні мұғалімі*

Аннотация: В статье раскрывается проблема перехода к системе трехязычного образования, которая в настоящее время является одной из самых актуальных проблем в сфере образования, связанных с развитием общества. За основу будет заложена государственная программа развития образования на 2011-2020 годы. На основе трехязычного обучения развиваются коммуникативные навыки учащихся, расширяются возможности вхождения в информационное пространство, повышается конкурентоспособность. Одной из актуальных в настоящее время проблем является разработка и внедрение в учебный процесс лучших образовательных ресурсов и технологий для вхождения в мировое образовательное пространство и подготовка новых специалистов, свободно владеющих тремя языками. Цифровые образовательные ресурсы являются одним из комплексов системы электронного обучения, определяющих содержание образования. Обучение через цифровые образовательные ресурсы позволяет учащимся быстро и легко понять тему, самостоятельно повторять пройденные темы и свободно владеть языками.

Ключевые слова: общество, мир, цифровой, образовательный, ресурс, качество.

Annotation. The article reveals the problem of transition to the system of trilingual education, which is currently one of the most pressing problems in the field of education related to the development of society. It will be based on the state program for the development of education for 2011-2020. On the basis of trilingual education, students' communication skills develop, opportunities to enter the information space expand, and their competitiveness increases. One of the current problems is the development and implementation of the best educational resources and technologies in the educational process for entering the world educational space and training new specialists who are fluent in three languages. Digital educational resources are one of the complexes of the e-learning system that determine the content of education. Learning through digital educational resources allows students to quickly and easily understand the topic, repeat the topics themselves, and be fluent in languages.

Keywords: society, world, digital, educational, resource, quality.

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын үш тілде білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты [1:14]. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалай да мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері қақ. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді болу әр адамды кең өріске, тың өмірге бастайтын жол болып есептелмек. Көптілді білім

- мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

«Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі-халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі- әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс»- деді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев [2]. Қазіргі білім беру жүйесінде көп тілділікті оқыту мен дамытуда Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы, «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасы, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы №1118 Жарлығымен бекітілген білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» басшылыққа алынуда. Үш тілде оқыту негізінде оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамып, ақпараттық кеңістігіне ену мүмкіндіктері кеңейіп, бәсекеге қабілеттілігі артады.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын үш кезеңде жүзеге асырылу жоспарланған: 2011-2013 жылдарға белгіленген бірінші кезеңінде тілдерді қолдану мен одан әрі дамытудың нормативтік құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жиынтығын өткізу белгіленген; 2014-2016 жылдарға арналған екінші кезең аясында мемлекеттік тілді меңгеру мен қолдану саласында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, сондай-ақ тілдік көп түрлілікті сақтау жоспарланған; 2017-2020 жылдары, яғни үшінші кезеңінде қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейі, оның тиісті қолданылу сапасы мен басқа тілдердің ұстанымын одан әрі сақтай отырып, оны меңгеру деңгейіне жүйелі мониторинг жүргізу арқылы нәтижені бекіту жүзеге асырылады[3]. Бүгінде аталған бағдарламаның екі кезеңі жүзеге асырылып, түпкі нәтижені көрсететін үшінші, негізгі кезеңі басталды. Алдағы екі жылда үш тілді білім беру жүйесін енгізу үшін ұстаздарды қажетті біліммен даярлау, оқу орындарын оқыту құралдарымен қамтамасыз ету сияқты барлық қажетті жағдайлар жасалынып жатыр. Сандық білім беру ресурстары осы мәселелерді шешуде маңызды құралдардың бірі. Сандық білім беру ресурстары әсіресе география пәнін оқытуда аса қажет. Себебі жердің көлемі мен пішіні, оның географиялық маңызы, жер шарының халқы, адамзаттың негізгі нәсілдері, Қазақстанның географиялық жағдайының алуан түрлілігі мен жер аумағының біртұтастығы және әлемдегі орны туралы білімді меңгеру, саусақ қимылымен түсіндіру мүмкін емес.

Қазіргі таңда сандық білім беру ресурстары пәндер бойынша құрастырылып, оқу жүйесіне енгізіліп жатыр. Алайда құрастырылған сандық білім беру ресурстары мектепте оқытылатын пәндер бойынша тақырыптарды қамтығанымен әлі де толықтырулар мен түзетулерді қажет етеді. Осыған орай география пәні бойынша сандық білім беру ресурстарын жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына сай әзірлеп, қолданысқа енгізу өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, енді осы мақсатта жұмыстар атқарылуда. Сандық білім беру

ресурстары арқылы оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен қатар үш тілді еркін меңгеруіне, өтілген материалдарды толық игеруіне жағдай жасайды. Сандық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі кешендерінің бірі [5:34].

Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың сандық білім беру ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда педагогикалық қоғамдастықтың алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сандық білім беру ресурстары - мультимедиалық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен білгілі бір тапқырып бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешен.

Сандық білім беру ресурстары арқылы оқыту оқушылардың тақырыпты тез, әрі оңай түсінуіне, өткен тақырыптарды өз бетінше қайталап отыруына жағдай жасайтындықтан оны құрастыруда мыналарды ескерген жөн:

- ✓ Оқу материалы жоспарға сай болып, мазмұны ғылыми тұрғыда оқушының жас ерекшелігіне сай берілуі керек;
- ✓ Берілген ақпараттар оқушының өзіндік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған болуы керек;
- ✓ Мәліметтер қысқа да, нақты түрде берілгені жөн;
- ✓ Ақпараттар жылдам табылуы керек;
- ✓ Оқушылардың логикалық ойлауын, интеллектуалдық потенциалын және шығармашылық белсенділігін дамытуды жетілдіретін материалдармен қамтамасыз етілген болуы керек;
- ✓ Тақырыпқа сәйкес өзін-өзі тексеру, қорытынды бақылау сұрақтары болғаны жөн.

Сонымен қатар сандық білім беру ресурстарында (СБР)иллюстрациялар, бейнематериалдар мен анимациялар, тест тапсырмалары, жаттығулар қолданылады. Сандық білім беру ресурстарын сабақтың барлық кезеңдерінде және сабақтан тыс уақыттарда қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Солташұлы Ы. Заман Талабы – көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012. № 11. 14-15 б.
- 2.Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты.[http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya\\_narody](http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody).
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы №1118 Жарлығы. 7желтоқсан, 2010.
4. Сағадиев Е. Үш тілді оқыту – жаңа министрдің жаңалығы емес, елбасының тапсырмасы. /<http://qamshy.kz/home/show/6240> 22-сәуір 2016.
5. Образовательные ресурсы сети Интернет: Каталог / Под ред. А.Н. Тихонова. – М., 2006. -58 с.



**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ІТ ДАҒДЫЛАРЫН STEAM ОҚЫТУ  
ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ**

**Өтебай Н.Р.**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
nur\_rzagaliyevna@mail.ru*

**Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
bulshekbaeva@mail.ru*

**Аннотация:** Бұл мақалада STEAM жүйесі туралы, анықтамасы, осы жүйенің артықшылықтары жайлы жазылған. Сонымен қатар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ІТ дағдыларын STEAM оқыту тәсілі арқылы дамытудың артықшылықтары мен тиімді тұстары сараланып талданған және құрастырудың түрлері мен формалары робототехника мен Лего конструкторлары туралы ақпарат берілген, балалардың құрастыру біліктері мен дағдыларын дамыту жағдайлары ашып көрсетілген.

**Кілт сөздер:** STEAM оқыту тәсілі, ІТ дағдылар, мектепке дейінгі білім, білім беру, робототехника, ғылыми-техникалық білім, технологиялық шығармашылық.

**Abstract:** the article discusses the STEAM system, about, help, about, and the advantages of THIS system. We also analyzed the advantages and effective aspects of developing IT skills of children of senior preschool age by teaching STEAM and provided information about the types and forms of construction of robotics and LEGO constructors, disclosed the conditions for the development of children's constructive skills.

**Keywords:** STEAM training method, IT skills, preschool education, education, robotics, scientific and technical education, technological creativity.

Елімізде білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын қазіргі заман талабына сай жаңарту және оны әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру мақсатында жұмыстар жасалуда. Осы мақсатқа орай Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-әуқатын өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек» деп атап өткен. Соның ішінде білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тағы да 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу үшін Қазақ елі атқаруға тиісті 10 міндетті нақтылап беріп, оқытудың заманауи әдістемелер мен технологияларды қолдану керектігін баса айтты. Сол себепті, бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін STEAM – білім беру мен оқуды бірдей бағытта ілгерілетуіміз қажет. Әлемде бүгінгі нарық заңы бойынша жақсы маманға жақсы төлем жасайтын жұмыс берушілер санының жоғары

екендігін ескерсек, нақты ғылымдарға деген бүлдіршіндер, оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыра білу қажеттілігі тәрбиешілерден, ұстаздардан, жоғарғы оқу орнының оқытушыларынан үлкен жауапкершілікті, жоғары біліктілікті талап етуде. Жастарды ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу үрдісі жоғары технологиялы өндірісі дамыған мемлекеттерде приоритетті іске айналған. Технологиялық прогресті алға мақсат еткен мемлекеттерде ғылыми-инженерлік мамандарға сұраныс күн санап артуда, ал инновациялық экономиканың өсуі де IT-компаниялардың «маман тапшылығын» сезінуіне алып келуде. Экономикадағы бұл үрдіс көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің STEAM-білім беру жүйесіне баса көңіл бөлуге мәжбүрлеп отыр. Күні бүгін болашағы ерен, экономикасы күннен-күнге дамып, спорт, өнер, ғылым саласында әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарынан үзеңгі қағыстырып, алға ұмтылған мемлекетіміздегі жастарды жан-жақты білімді, шығармашыл, іздене білетін, нанотехнологияларды да, өнер әлемін де меңгерген тұлға ретінде дайындау ісінде STEAM – оқытудың өзекті екендігіне көз жеткізуге болады.

STEAM білім беру дегеніміз не? Бір сөзбен жеткізе алсақ, дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға заман ағымымен келген және келе беретін жаңалықтарды кіріктіріп оқыту.

S – science,

T – technology,

E – engineering,

A – art,

M – mathematics

STEAM білім берудің кілттік мақсаты – балалардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету. Сондықтан да, америка мектептерінде «Ел экономикасына АҚШ өнертапқыштарының үлесі» пәнін оқытады. Күтілетін нәтиже – балалардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділік. STEAM білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, балалардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді. Егер «қатты» (конгнитивті) дағдыларын пәнаралық байланыстарды жүзеге асырумен байланыстырса, ал «жұмсақ» дағдылар – командада жұмыс жасау қабілеті, өнертапқыштық шешімдер қабылдау, өзіне сенімділік және т.б.

Әлемнің көптеген білім беру жүйесінде тәжірибесінің көрсеткіштері бойынша, робототехника тек қана қосымша оқыту мазмұнында ғана емес, сонымен қатар балабақшалар, орта білім беру мен кәсіби білім беруде орын алып, балалардың интеллектуалды дамуы үшін ең қуатты құрал ретінде қарастырылады. Робототехника, құрастыру, бағдарламалау, үлгілеу, 3D-жобалау және тағы басқа – бұның бәрі енді дүниежүзінің қазіргі балаларын

қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер керек. Технологиялардың қарқынды дамуының арқасында жаңа мамандықтар пайда болып жатыр, STEM мамандарға, ертеңгі күннің мамандықтарына сұраныс жаппай өсіп жатыр. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек. Ғылым, математика, технологиялар, инженерия және өнер сияқты басты академиялық салаларды оқытудың біріктірілген тәсілі STEAM (science, technology, engineering, mathematics and art) зор сұранысқа ие болып отыр. Өйткені оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеліп, қолдануға мүмкіндік алады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Лего-құрастыру мен білім берудегі робототехника мектепке дейінгі ұйымда техникалық тұрғыдан сауатты тұлғаны дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметін білім беру процесінің міндетті компоненті ретінде айқындайды және тәрбиелеу, білім беру мен дамытудың маңызды міндеттерін шешуге бағытталады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын енгізу жағдайында STEAM оқыту тәсілі білім беру салаларын («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет») кіріктіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру тиісті заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру жағдайында, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануда, сонымен қатар өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруде қамтамасыз етіледі. Мектепке дейінгі ересек жаста бейнелік-сызбалық ойлау қалыптасатынын ескеретін болсақ, 5-6 жастағы бала суреттер, фотосуреттер және сызбалар бойынша құрылыстар мен қолдан бұйымдар жасай алуы мүмкін. Олар балалардың құрылыстарды салуға деген қызығушылықтарын ояту үшін қажет. Балалар қолда бар жиынтықтарды пайдалана білу керек, бөлшектердің неге арналғанын білу және оларды дұрыс атау (ұзын, қысқа, кең, тар, төртбұрышты, үшбұрышты пластина, үлкен (кіші) текше, кесек, цилиндр). Құрылыс материалының жиынтықтары мен конструкторлар балаларға бірден берілмейді, олармен жұмыс істеуді игеруіне қарай біртіндеп беріледі. Балалар педагогтың басшылығымен конструктормен танысқаннан кейін оны дербес әрекетте өздері пайдалануы үшін «Шығармашылық» бұрышына орналастыруға болады. Құрастыруда қолданылатын материалдардың әртүрлі болуы ескеріліп, оларды сақтайтын орын ойластырылуы тиіс. Материалдардың түріне байланысты оларды қораптарға бөліп салу ыңғайлы, сондай-ақ олар балаларға қол жетімді болуы керек. Материалды топтастыру процесін балалармен бірге жүзеге асыру

орынды. Бұл оның тұрған орнын есте сақтауға, балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа баулуға және әртүрлі материалдардың қасиеттері туралы білімдерін бекітуге мүмкіндік береді. Осылайша, мектепке дейінгі ересек жас балаларында робототехниканы іске асыру барысында:

- құрастыру мен бағдарлама жасаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруды;

- қолдың ұсақ моторикасын дамытуды;

- өз өнімдерін әзірлеуге ынталандыруды;

- танымдық процестерді дамытуды;

- жеке тұлғалық қасиеттер: еңбек сүйгіштікке талпыну, қоршаған ортаға қамқорлықты, ұқыптылықты, шыдамдылықты, жинақтылықты және т.б. тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

Құрастыру және робототехника – балалар мен ата-аналардың назарын аударатын ғылым мен техниканың ең озық бағыттарының бірі. Ең кішкентай «робототехниктер» үшін үлкен бөлшектермен құрастырудың ерекше түрін пайдалану көптеген балабақшалар мен дамыту орталықтарында кең қолданыс табуда. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үшін LEGO Education, Huna, Makeblock т.б. конструкторлары қолдануға тиімді әрі қолайлы. Аталған конструкторлар ең танымал және әмбебап болып саналады, көбінесе ол мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылады. Бұл құрастырулар қарапайым LEGO модельдерін компьютерде қолданбалар арқылы жинауға мүмкіндік береді. 158 элемент жиынтығында, оның ішінде қозғалтқыш, қозғалыс және орнығу датчиктері, сондай-ақ LEGO USB Hub (коммутатор) бар. Бағдарламалық қамтамасыз ету мен оқу құралдарын біріктіре отырып, 12 тақырыптық тапсырмаларды орындауға болады («Би құстары», «Маймылдар-барабаншылар», «Аш аллигатор», «Жыртқыш құс», «Ырылдаған арыстан» т.б.).

Қорытындылай келе, балаларды құрастыруға үйрету барысында дербестік, белсенділік, шығармашылық, көркемдік талғам, сондай-ақ мақсатқа жетудегі ұқыптылық, табандылық және т.б. дамиды. Балалар жұмысты жоспарлауға, өз әрекеттерін бақылауға, қателерді өз бетінше түзетуге үйренеді. Осылайша, білім беру процесіне STEAM оқыту тәсілін пайдалана отырып заманауи білім беру технологияларын енгізу болашақ IT мамандар мен инженерлер ұрпағын балабақшадан тәрбиелеуге, ғылыми-техникалық шығармашылық саласында қабілеті бар балаларды анықтауға және олардың одан әрі дамуына жағдай жасауға ықпал етеді. Science is fun! Ғылым мереке болуы керек, ол балалар үшін қызықты әрі қуанышқа толы болуы шарт.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане, «Білімді ел-образованная страна» №20(57) от 25 октября 2016 г.

2. Қазақстан Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12.04.2017 ж.
3. Мектепке дейінгі ересек жаста құрастыру дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана, 2019. 30 б.
4. И.Т.Юсупова. «STEM» білім беруді жаңғырту, әлеуметтік көзқарас, стратегиялық бастамалар, технологиялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференция материалдары. - Атырау, 2019. 221 б
5. Broadening STEM to STEAM (arts) and how it can engage the business - 27 October 2017.

ӘОЖ 378.14

## **АБАЙДЫ ТАҢУ ӨЗІҢДІ ТАҢУ**

**Халмахан А.С.,**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
ainxxx@mail.ru*

**Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
bulshekbaeva@mail.ru*

Аннотация: В статье на наглядных примерах анализируется влияние Абая и его творчества на самопознание и самореализацию личности.

Ключевые слова: самопознание, нация, личность

Abstract: Abay's Article on self-government of recognition analyzes the impact and provides examples.

Keywords: self-knowledge, nationality, identity, personality

Биыл есімі алты алашқа белгілі болған әйгілі тұлға, ғұлама ойшыл, абзал ақын, халқымыздың бетке ұстар тұлғасы, ұлтымыздың бас ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының дүние есігін ашқанына 175жыл толады. Осынау айтулы мерекеде Абай есімі әлем деңгейінде қайта жаңғырмаса елдігімізге сын болар.

Ұлы тұлғаларын ұлықтаған, бабаларымыздың өсиет мұрасын ұмытпаған халықпыз ғой. Осы мерейтой қарсаңында президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында тиек еткен бастамаларды толықтай қолдаймыз. Президент өз сөзінде: «Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хәкім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі» [1],-деп, ұлттық болмыстың үлгісінде көрсетеді. Абайдың шығармашылығына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, өз маңызын,салмағын

жоймай келеді. Адам өзін-өзі тәрбиелеймін десе, бір Абайдың мұрасы жетерлік. Тұтас бір елді тәрбиелеуге де жетеді деп айтар едік.

Мен өзім ес білгелі Абай өнегесімен сусындап келемін. Дайындық сыныбынан бастап Абай атындағы орта мектепте білім алдым. Енді міне, қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде білімімді жалғастырудамын. Осы уақытқа дейін бүкіл өмірім Абаймен байланысты бола тұра, бір мақала жазу қолымнан келмейді ме деген ойға келдім. Менің болашақ ісім шәкірт тәрбиелеу болғандықтан, Абайдың өсиет-өнегесін келер ұрпаққа жеткізуді парызым деп білемін.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады, одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық» [3], - демей ме, хәкім Абай?! Сол секілді қазір біліммен жарысатын заман туды. Абайдың әрбір сөзінің мағынасын түсініп, миға тоқып, өз өмірлік пайдамызға жаратар болсақ, әсте кенде қалмаймыз. Абайдың айтқан әрбір өсиетімен кез келгеніміздің бойымыздан табылатын қасиеттерді тәрбиелеуге болады.

Абай «Қара сөздерінің» ішінде отыз жетінші қара сөзінде былай деген: «Мен егер закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [3]. Расында, Абайды қай жас шамасында оқысаң да, тіпті кеш емес. Себебі, бұл қара сөздерді ұлы ақын жасы ұлғайған шағында, көпті көріп, бәрін саралап, ой елегінен өткізіп барып жазған. Абайдың қара сөздері қазақ халқына қалған, қала берді бүткіл адамзат баласына қалған өшпес мұра. Негізінен, қара сөздерді 7-сынып оқып жүргенімде анамның әкеп берген «Абайдың қара сөздер жинағы» кітабынан білемін. Қанша қайталап оқысаң да жалықпайсың. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» [3], - деп Абай атамыз айтпақшы замандастарымзбен Абай туралы сөз қозғайық, Абайдан үлгі алуға шақыра жүрейік. Бүкіл қазақ елінде тараған «Абай өлеңдерін оқу эстафетасын» қабыл алып, университетімізде бүкіл топпен Абай өлеңдерін оқыдық. Енді Абайдың тек өлеңдерін ғана емес, қара сөздерінің де мән-мағынасын айшықтайтын эстафета көтергім келеді. Себебі, қара сөздердің ішінде күнделікті өмірде де, болашағымыз үшін де, өз-өзімізді тәрбиелеу үшін де көптеген кеңестерді, тәлім-тәрбиені алуға болады.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар, қалан! [2]

Бұл өлең жолдары еш бірімізге таңсық емес, бала кезімізден оқып, миымызда жаттанды болып қалған. Оның мән-мағынасын енді ғана түсініп келемін. Сөйтсек, ол «қайран елі қазағының» жағдайын ойлап бас қатырған

екен ғой. Өз халқының басқалардан кем болмай білімді, парасатты болсын деген екен ғой. Надандықтан құтқарғысы келіп шырылдаған екен ғой...

Абайды тану-өзінді тану деп бекер айтпадық. Өзім болашақ өзін-өзі тану маманы ретінде, Абайдың шығармашылығын өзін-өзі танумен байланыстырғанды жөн көрдім. Абай шығармашылығы кез келген салада өзіндік орны бар екенін, кез келген адамға өзін тәрбиелеуі үшін де таптырмайтын дүние екенін дәлелдегім келді. Сонымен, өзін-өзі тану бағдарламасында жалпыадамзаттық құндылықтарды Абаймен байланыстырайын. Абай оны да айтып, талдап кеткен. Мысалы, «ақиқат» құндылығын алсақ: «Растың бір аты-хақ, хақтың бір аты-Алла»[4], -деген, хәкім Абай. Яғни, адамның өмірге келуі, бұл жалған дүниенің бәрі де Алланың бұйрығымен болатыны ақиқат нәрсе екенін айтқысы келді. Ал «сүйіспеншілік» құндылығын Абайша айтқанда «жүрек» дер едім. Себебі, бәріміз білетін Абайдың он жетінші қара сөзіне зер салсақ, «ыстық қайрат», жылы жүрек», «нұрлы ақылдың» дауына айтқан жауабында: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім. Бірақ сонда билеуші әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым»[3], -деген екен. Әрбір істі сүйіспеншілікпен бастасаң, жүрек қалауымен жасасаң істің бәрі бітеді.

Ал, «дұрыс әрекет» туралы Абайдың кез келген сөзінен көруге болады деп ойлаймын. Ол кімнің болса да дұрыс емес әрекетке барғанын қаламас еді. Абайдың «ішкі тыныштығын» оның мына бір сөзінен аңғарамын: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде онан басқа?!»[4] Яғни, Алланы сүйіп, оған сенуден тыныштық табамыз және ең бастысы, «қиянат жасамауды» дәл Абайдан үйрену керек. Абай қазақ халқының надан болмай, ел болып қалыптасуы жолында аянбай күш жұмсады. Халқының көзі ашық, көкірегі ояу бір-бір тұлға болсын деді. Қиянат жасамау өзіңе қиянат қылмаудан басталады. Әрбіріміз жалқаулыққа салынып жүрер болсақ, өнер-білім қумасақ, алдымен өзімізге қиянат, сонан соң ұлтымызға қиянат, Абайдың қаншама дабыл қағып айтқан сөздеріне, қалдырған асыл мұраларына қиянат. «Бес нәрсеге асық бол»[4], -демекші, осы аталған бес құндылықты жадымызда ұстасақ, Абай аңсаған «толық адам» болуға жасалған бір қадам болар еді.

Міне, Абайдың кемеңгерлігі. Міне, Абайдың ұлылығы. Міне, Абайдың даналығы. Абайды оқысаң, кез келген мәселенің жолын табуға болады. «Ендеше Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай! Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне бергей!»[2], -деген Елбасының керемет сөздерімен қорытындылағым келеді. Ұлы мұраларымыз күн сайын жаңғыра бергей! Абайға қанша жыл толса да, оны насихаттаудан жалықпайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы, 2020
2. Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қоры «Абай туралы естеліктер», Қаламгер, Алматы 2018
3. Абай Құнанбаев «Қара сөздер»
4. Мұхтар Әуезов «Абайды білмек парыз ойлы жасқа», Алматы «Санат» 1997

ӘОЖ 371.02

**Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ОРТА  
МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Алмауытова Ә.Б.**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*  
[almauytova73@mail.ru](mailto:almauytova73@mail.ru)

Резюме: В данной статье рассматривается актуальность обучения произведений Абиша Кекилбаева в средней школе

Ключевые слова: этнокультура, художественный текст, топоним, лексика, роман «Үркер»

Abstract: This article examines the work of Abish Kekilbayev, their relevance and methods of teaching in secondary schools

Keywords: Language culture, ethnoculture, artistic text, toponym, lexis, «Urker» novel

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі. Себебі, бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде бір бүтін етіп тұтастырушы. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып келе жатыр [1, 55].

Осымен байланысты қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени болмысын бейнелейтін тілдік көркемдеу құралдарының бірі болып табылатын антропонимдер мен топонимдердің этномәдени, тарихи т.б. сипаттары Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында елеулі рөл атқарады. Ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер арқылы қазақ жері мен елінің тарихи-мәдени колориті бейнеленеді, халқымыздың басынан өткерген дәурені мен дәуірлердің шынайы көріністері айшықталады. Осы тұрғыдан келгенде Әбіш Кекілбаев шығармаларын орта мектепте оқыту өзекті, тың тақырыптардың бірі.



Оқыту білім берудің негізгі жолы болып табылады. Оқыту оқытушы мен оқушының біріккен іс-әрекеттері, сондықтан да ол екі жақты бір текті процесс. Оқытушы оқушыларға білім беріп іскерлікке, дағдыға үйретеді, ал оқушы таным міндеттерін түсініп, дағдыны игереді. Оқыту барысында оқушыларға теориялық білім мен тәрбие беру бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі.

Әдебиет - өнер, сөз өнері пәні. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында көптеген интербелсенді әдістерге ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жоқ, икем – дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілетті, дарынына әсер ету, оны ары қарай мәпелеу істері білім берумен қоса жүреді. Ол жұмыстардың қандай түрі болмасын, оның негізгі мақсаты – оқушылардың түсінігін арттыру, халықтың салтын, мәдениетін, өнерін бойына сіңіре отыру рухани ұлтжандылық тәрбие беру. Сөйтіп, бұл – қазақ тілі пәнінен оқушылардың алған білімдерін одан әрі тиянақты ету, дамыту, жинақтау, оларды өмір тәжірибелерінде дұрыс пайдаланып, сөз мағынасын терең ұғынып, сауатты жазуға баулитын жұмыстардың бірі.

Оқыту барысында оқушылардың сыныпта алған білімін дамытып, оны ары қарай жетілдіруде, оқушылардың белсенділігін арттыруда, өзіндік көзқарасының қалыптасуында, білімін жетілдіруде бірден – бір маңызды тәрбие құралы әдебиет пәнін оқыту кезеңінде көреміз. Әдістемелік жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бойында ұйымдастырушылық, белсенділік дамиды. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Белсенді өмір сүру негізі салынады. Қазақ тілі сабағында көркем шығарманы талдау оқушылардың шығармашылық ойын дамытып, өзіндік іздену жұмыстарына баулиды. Осыған орай оқушы бағдарламада белгіленген білімді игеріп қана қоймай, жан – жақты ізденіп, ой - өрісін дамытады. Әдебиет сабағында көркем шығарманы жан-жақты талдап оқыту тәрбие саласындағы барлық жұмыстарды әрі дамытып, жалғастыру мақсатын көздейді. Оны жүзеге асыру жолында мұғалім ең озық әдістерді тандап алып, оны іс жүзінде пайдалана білуі қажет. Бұл шаралардың бәрі мұғалімнен көп ізденісті күтеді.

«Көркем мәтінде, шығармада ұлттық колорит жасау болып табылады. Қазақ топонимдерінің, әдетте, семантикасы айқын, жеңіл танылады және ұлттық-мәдени ерекшелікке ие. Осындай өзіндік ерекшелігі бар қазақ топонимдерін ұлттық таңбаланған сөздерге жатқызуға болады, мұндай сөздер көркем мәтінде шығарманы ұлттық-тарихи стильдеу (үлгілеу) мақсатында өзге де міндеттермен қатар қолданылады» [2, 19].

Қазақ тіл білімінің лексикология саласын оқыту аса маңызды қызмет атқарады. Лексиканы оқытудағы мақсат-оқушыларға тіліміздің сан қырлы сөз байлығын меңгерту, сөз сырына үнілту және сөздік қорымыздың небір өнегелі нақыл, мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері арқылы оқушыларды адамгершілік, ізгілік, имандылық қасиеттерге баулу болып табылады.

Оқушының сөздік қорының дамуы, сөздерді дұрыс және мағыналық тұрғыдан дәл қолдана білуге жаттығуы, бейнелі әрі әсерлі сөйлеу дағдысы, жазба жұмыстарында өз ойын анық та айқын жеткізе алуы, стильдік қателерді

көп жібермеуі лексиканы жетік меңгеруден қалыптасса керек. Оқушыға тілдегі сөздердің мағынасы мен мәнін меңгерудің маңызы зор. Себебі өзі өмір сүріп отырған қоғам мен ана тілінің, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуде оның ықпалы мол. Халықтың рухани мәдениеті мен салтын, халықтық педагогиканы сана-сезімдеріне сіңіре отырып, оқушы барлық адами жақсы қасиеттерге тәрбиеленеді. Қазақ лексикологиясын меңгерту арқылы оқушы тілдің небір терең қабаттарындағы тылсым қырларын меңгеруге мүмкіндік алады. Сөз мағынасындағы түрлі мағыналық реңктерді меңгерген оқушының сөйлеу мәдениеті де, ақыл ойы да, сана-сезімі де, адамгершілігі де жоғары болмақ.

Әдіскер А.Айғабылов лексиканы оқытудың маңызын былайша дәйектейді: «Ана тілінде сөйлей білген адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды. Сондықтан лексиканы оқытудың прафилактикалық маңызы зор. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы оның орфоэпиялық, орфографиялық нормасын саналы түсінуге, әр сөздің орынды қолданысын білуге, мәнерлі сөйлеуге, көркем әдеби тілдің бейнелі әуезділігін, әсерлігін түсінуге дағды алады. Лексиканы оқытудағы мұндай талаптар жастарды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу мақсатын қояды, өйткені тіл заңдылықтарын, ережелер мен анықтамаларды үйрете отырып тілдік фактіні меңгеру бар. Сондай-ақ оның күнделікті қатынас құралы ретінде қажет болатын қыр-сырын түсіндіру керек».

Лексиканы оқытқанда әрбір лексикалық категорияларды түсіндіру лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны қатар қойып салыстыру арқылы жүрсе ғана ұтымды. Былайша түсіндіру лексикалық мағынаны ашуға көмектесумен бірге, оқушылардың грамматикалық ұғымдарды дұрыс ажыратып, сөздердің қолданылу аясын терең түсінуге мүмкіндік жасайды. Лексиканы оқыту кезінде мұғалім оқушыларды сөздікпен жұмыс істей білуге үйретуі тиіс. Сөздердің шығу тарихын, сөз мағыналарын сөздіктерді қолдана отырып меңгерту оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сабақта өткен тақырыптардың ішінен түсініксіз сөздерді тапқызып, сол сөздердің мағынасын сөздіктен таптырып отырса, пәнаралық байланыс жүзеге асып, оқушылардың белсенділігі артады.

Өздігінен ой толғай білу, күрделі даму жағдайында дәстүрлі емес шешім қабылдай білу – қазіргі заман мұғалімінің кәсіби келбетіне тән қасиет. Бүгінгі мұғалім балаларға тек білім беріп қана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой-санасын жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушы тәрбиелей білуге міндетті. Бұл – өмір талабы.

Әрине, сабақтың нәтижелі өтіп, алға қойған міндеттің орындалуы үшін мұғалім мен оқушы арасындағы әрекеттің келісімділігі, сондай-ақ оқушылардың сабаққа дайындығы анықтаушы рөл атқарады. Мұндай жағдайда оқушылардың ойын сергітіп, миын шынықтыруға негізделген әдіс-тәсілдерді пайдаланудың тиімді болатыны белгілі.

Білім мен тәрбиені қазіргі талапқа сай жаңа технологиялар арқылы сабақта ұштастыра білу мұғалімнің асқан шеберлігіне байланысты. Қазіргі кезде

сабақтарда көп қолданылып жүрген «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технолоиясының әдістерін пайдалансақ, сабақтың тақырыбын меңгерту неғұрлым тиімдірек болар еді. СТО технологиясының тиімділігі сонша, қазіргі қазақ тілі сабақтарында тәжірибелі мұғалімдердің көпшілігі дерлік осы технологияны қолданып жүр. Технологияның мақсаты - барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұндағы тақырыпқа, бағдарламаға сыни тұрғыдан қарауға үйретуді мақсат етеді. Лексиканы оқытуда сөзге үлкен мән беріледі. Тілдің ең кіші бөлшегі сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын жете түсіндіру қажет. Оқушы сөз жүйесін түсіну арқылы тілдің орфоэпиялық және орфографиялық нормаларын саналы түсінуге, әр сөзді орынды қолдану арқылы өз ойын жүйелі, түсінікті жеткізуге үйренеді. Тілдегі сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдануға тырысады. Көркем әдеби тілдің әуезділігін, әсерлігін түсінуге дағдыланады. Лексиканы өткен кезде сөздің тура және ауыспалы мағынасына ерекше мән беріледі.

Қазақ тілін мәдениеттаным тұрғысынан оқыту арқылы балалардың адамдық, азаматтық қасиеттерді бойына сіңірген жеке тұлға болып қалыптасу мәдениетіне үлкен ықпал жасалады.

Ұлттың болмыс-мазмұнын тұтас мәдени жүйе ретінде өз бойында сақтаған құнды этномәдени дерек ретіндегі тілдік бірліктерді «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес жинақтап, жүйелеу, талдау игілікті де өзекті іс болмақ [3,5]. Осы тұрғыда төл мәдениетіміздің өткен дәуірлерінен елес беретін ұлттық бояуы қанық алуан түрлі этномәдени атаулардың тілдік табиғатын тіліміздегі төл шығармалардан тауып, олардың ұлттық мазмұнын оқушыға түсіндіру негізгі міндет болып табылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасында 11 сыныптың 4-тоқсанында Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарын оқытуға 2 сағат бөлінген. Тақырыпты меңгертуде төменде берілген тақырыптар қарастырылады: Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы, «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары. Тақырыбы, идеясы. Композициясы. Тарихи негізі. Романдағы халықтық бейнелер. Әбілқайыр тұлғасы, тарихи шындық және көркемдік шешім. Жазушының тіліндегі тың теңеулер, метафоралық қолданыстар, айшықты бояулар мен соны тіркестер.

Орта мектептің 11-сыныбында қазақ тілі пәнінің факультатив сабақтарында «Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы топонимдерді меңгертудің тиімді жолдары», «Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы» т.б. тақырыбындағы сабақтарды өткізу Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығын оқушылардың кеңінен талдап, түсінуіне мүмкіндік туғызары даусыз.

## 1-САБАҚ ҮЛГІСІ.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: «Үркер» романындағы жалқы есімдермен (топонимдермен) таныстыру, аталмыш тақырыпты түрлі жаттығулар арқылы меңгерту.

Сабақтың түрі: ізденіс, шығармашылық сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы, слайд, үлестірме қағаздар.

Сабақтың әдіс-тәсілі: талдау, СТО, шығармашылық әдістері

Сабақ барысы: Интербелсенді тақтаға: көркем мәтіннен (Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы) үзінді беріледі.

Оқушылар осы мәтіннен бүгінгі тақырыпты анықтайды. Сабақ тақырыбы анықталған соң, сабақ барысы интербелсенді тақтадан көрсетіледі.

Үй жұмысы

1-тапсырма. Мәтіннен жер-су атауларын табыңыз, түсіндірме сөздік арқылы мағыналық қолданысын анықтаңыз.

2-тапсырма. Мәтінді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

1.Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе, мамыр өте ... кел дейтін сөз де содан қалған-ды. 2.«Қыста сонау ..., ..., ... бойларын қыстаған жалпақ елден талай естиді; жұрт арасында иіні жылтыраған біреу көрінсе: немене ... барып келіп пе ең?»дейтін мәтел тарапты.3. Қыста қар басып, жазда шөп өсіп, біресе ақ, біресе көк, біресе сарғыш тартыпқырық құбылып тұратын осы бір он екіде бір гүлі ашылмаған бала қыздың енді-енді қылтиіп келе жатқан ұялишақ көкірегідей бұлтың төмпекті жұрт ... деп атайды.

Қажетті сөздер: Мәртөбе, Жаңадария, Қуаңдария, Петербор, Қызыл үйік.

3-тапсырма. Төменде берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыз.

Дәурен биік, Мәртөбе, Шыршалы ауылы, Қызылқұм, Қамысты өзені.

4-тапсырма.

Міндетті деңгей: «Әбіш Кекілбаев. Өмірі мен шығармашылығы туралы» тақырыбында эссе жазу.

5-тапсырма.Мүмкіндік деңгей:

«Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында кездесетін жер-су атауларының ұлттық-мәдени сипаты» тақырыбында реферат жазу.

## 2-САБАҚ ҮЛГІСІ

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды өзіндік ізденіске бағыттау барысында Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары туралы білім-біліктерін арттыру.

*Романның тақырыбы, идеясы, композициясы туралы, романның жазылу тарихы туралы мәліметтерді жинақтап, меңгерту.*

*Жазушы тіліндегі тың теңеулер, метафоралық қолданыстар, айшықты бояулар мен соны тіркестер, адам мінезін сомдаудағы суреткерлік шеберлігін анықтау.*

*Сабақтың түрі: ізденіс сабағы*

*Сабақтың әдіс-тәсілі: СТО стратегиясының элементтері, талдау, салыстыру, нысықтау.*

*Сабақтың көрнекілігі: Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-танымдық әдебиеттер, слайд, үлестірме материалдар.*

*Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.*

*Сынып оқушыларын екі топқа бөлемін. I топ «Әдебиет»,*

*II топ «Әдебиетші».*

*«Ой қозғау» сатысы. Интербелсенді тақтаға төмендегідей мәтін жазамын.*

*«Әдебиет –сөз өнері, халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін байытатын рухани дүние, халықтың айшықты сөзбен кестелеп, асыл ойлармен зерлеген баға жетпес бай қазынасы, тарихы.*

*Оқушылар әдебиет туралы алған әсерлерін ортаға салады. «Әдебиет» және «Тарихи роман» деген сөздерге тірек ойларын жазады.*

*Мысалы, Әдебиет – тарих, сөз өнері, халық қазынасы т.б.*

*«Ой жалғау» сатысы. Оқушыларға Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы туралы, көркем мәтіндегі антропонимдер мен топонимдер туралы мәлімет таратылады.*

*Олар өздеріне берілген тақырып тәңірегінде негізгі мағлұматтарды жинақтап, өзіндік ойларын ортаға салады.*

*I топ. «Әдебиет».*

*Зерттейтін мәселелері: Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романының тілі, композициясы*

*II топ. «Әдебиетші».*

*Зерттейтін мәселелері: Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романының жазылу тарихы*

*Осы мәселелерді оқушылар зерттеп, ойларын ортаға салады.*

*«Ойтолғау» сатысы.*

*Сабақ қорытындысын шығару үшін пікір-талас ұйымдастырылады.*

*Өзекті тақырыбы: «Сөз өнері дертпен тең».*

*Бағалау кезеңі:*

<i>p/c</i>	<i>Оқушының аты-жөні</i>	<i>«Ой қозғау» сатысы</i>	<i>«Ой жалғау» сатысы</i>	<i>«Ойтолғау» сатысы</i>	<i>«Пікір-талас»</i>	<i>Қорытынды баға</i>

Үй жұмысы:

Міндетті деңгей: Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романын пысықтау. Жазушы тіліндегі тың теңеулер, метафоралық қолданыстарды табу және шығармадан алған әсерлері жайлы эссе жазу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика. //Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. –А., 1998.
- 2.Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі. Филол. ғылым. канд.дисс. автореф:10.02.02. –А., 2005.
- 3.Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. –М., 1990.

УДК 373

## ПОДГОТОВКА УЧАЩИХСЯ К ИТОГОВОЙ АТТЕСТАЦИИ ПО МАТЕМАТИКЕ ЧЕРЕЗ ИННОВАЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ

**Платова Т.Ю.**

*Государственное учреждение «Школа-лицей №8 для одаренных детей»,  
г.Павлодар, Республика Казахстан  
[t-piatova@inbox.ru](mailto:t-piatova@inbox.ru)*

Аңдатпа: бұл мақалада қорытынды аттестацияға дайындалу кезінде оқушыларға пайдалы болатын практикалық кеңестер берілген. Сондай - ақ, бұл кеңестер математика мұғалімдеріне тиімді, себебі бұнда тест тапсырмалардың шешу тәсілдері мен алгоритмдері бар. Оқушылармен жүргізілетін барлық жұмыс формалары олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, шешудің бірегей және стандарттан тыс әдістерін қолдануға ықпал етеді.

Abstract: This article comprises useful practical tips for the students who prepare for the final examination. These tips are furthermore effective for teachers of Mathematics as moves and algorithms of test questions can be found here. All described types of work assist students in increasing their creative possibilities and teach them to find original and non-standard ways of mathematical solutions.

Важнейшим показателем качества образования является объективная оценка учебных достижений учащихся. Этот показатель важен как для всей системы образования, так и для отдельных её компонентов.

Хочу поделиться советами для учащихся, которые могут помочь при подготовке к итоговой аттестации.

**Совет первый.** Внимательно прочитайте не только тестовое задание, но и ответы. Постарайтесь отбросить невозможные ответы. Обратите внимание на свойства искомого ответа. Проверьте, обладают ли этими свойствами оставшиеся для анализа ответы.

**Пример 1.** Найдите самое наименьшее решение неравенства

$$\frac{x^3 - 3x^2 - x + 3}{x^2 + 3x + 2} > 0. \quad \text{A) } 0 \quad \text{B) } 1 \quad \text{C) } -1 \quad \text{D) } -2 \quad \text{E) } 2$$

Если не читать ответы совсем, то нужно решить данное неравенство, например, методом интервалов, найти правильный ответ. При этом потребуются примерно около десяти минут времени. Выпишем сначала номера всех ответов на черновике: А, В, С, D, E.

Обратите внимание, что нужно найти самое наименьшее решение неравенства. А что, если взять самое наименьшее число из предложенных ответов и подставить его в неравенство. Вычислите сначала знаменатель. Если он будет равен нулю, тогда и числитель не нужно вычислять. Значит  $-2$  – не искомое решение. Это мы отразим в черновике зачеркиванием ответа D: А, В, С, D, E.

Попробуем теперь по аналогии проверить в качестве наименьшего решения предложенный ответ С. Здесь также начнем вычисления со знаменателя и т.д. Методом последовательной подстановки ответов приходим к выводу, что верным будет ответ А.

Предлагаю после изучения первого и каждого из следующих советов прервать чтение и взять имеющиеся у них сборники с тестовыми заданиями и попытаться найти в них упражнения, которые легко и быстро решались бы с опорой на данные советы.

**Совет второй.** Вместо упрощения сложных алгебраических выражений подставляйте в это выражение и возможно в предложенные для выбора ответы значения переменных этого выражения. Данный совет очень полезен при упрощении стандартных тригонометрических выражений.

**Пример 1.** Упростить выражение:

$$1 - \frac{\sin 2\alpha \cdot \sin \alpha}{2 \cos \alpha}.$$

A)  $2\cos 3\alpha$  B)  $\sin 2\alpha$  C)  $\cos \alpha$  D)  $\cos 2\alpha$ .

Хотелось бы применить подстановку  $\alpha = 0$ . Но этого делать нельзя (ответы С и D совпадут). Тогда будем считать, что  $\alpha = 180^\circ$ . Тогда значение данного выражения равно 0 и совпадает только со значением выражения из варианта D.

**Совет третий.** Пытайся всегда оценить значение арифметического выражения.

**Пример 1.** Вычислите:  $5084 \cdot 23 + 5084 + 976 \cdot 5084$ .

A) 508400 B) 58400 C) 5084 D) 585000 E) 5084000

Нам надо срочно получить правильный ответ. Оценим последнее слагаемое  $976 \cdot 5084 \approx 1000 \cdot 5000 = 5\,000\,000$ . Значит, правильным ответом может быть только вариант E.


Отметим, что метод оценки значений числовых выражений следует применять тогда, когда предложенные ответы в тесте не близки друг другу. Как, например, в следующем задании.

**Пример 2.** Найдите объем тела, полученного при вращении вокруг оси абсцисс криволинейной трапеции, ограниченной линиями  $y = \sqrt{x}$ ,  $x = 1$ ,  $x = 3$ ,  $y = 0$ .

- А)  $4\pi$       В)  $\pi$       С)  $2\pi$       D)  $5\pi$       E)  $3\pi$

Построим, указанные в условии задания линии в прямоугольной системе координат.

Заменим дугу АВ на отрезок АВ. Тогда вместо того, чтобы вычислять объем искомого тела будем вычислять объем усеченного конуса, полученного при вращении трапеции ABCD вокруг оси ОХ. При этом искомый объем будет незначительно отличаться от найденного объема.



Объем усеченного конуса вычисляется по формуле  $V = \frac{1}{3}H(S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2})$ , где  $H = DC = 2$ ,  $S_1$  – площадь круга с радиусом  $AD = 1$ ,  $S_2$  – площадь круга с радиусом  $BC = \sqrt{3}$ . Поэтому  $V = \frac{1}{3} \cdot 2 \cdot (\pi + 3\pi + \pi\sqrt{3}) \approx 3,8\pi$ . Так как искомый ответ должен быть чуть больше  $3,8\pi$ . Он должен совпадать с ответом А.



**Совет четвертый.** Активнее используйте графики, геометрические чертежи.

**Пример 1.** Вершина конуса и окружность, ограничивающая его основание, находятся на сфере. Длина образующей конуса равна 4 см, а его высота равна 2 см. Найдите (в куб. см) объем шара, ограниченного сферой.

- А)  $216\pi/3$       В)  $80\pi$       С)  $90\pi$       D)  $256\pi/3$       E)  $286\pi/3$

Рассмотрим осевое сечение данного конуса.

Очевидно, что центр шара расположен на прямой SH. Так как центр шара еще и равноудален от точек В и S, то он расположен на серединном перпендикуляре к отрезку SB. Поэтому имеет смысл построить треугольник SHB (по гипотенузе  $SB = 4$  см и катету  $SH = 2$  см). Через середину М отрезка SB провести перпендикуляр к SB и найти точку пересечения этого перпендикуляра с SH – точку О.



Однако на практике нас ждет сюрприз. Мы ожидаем, что точка О будет лежать на отрезке SH, но на самом деле точка О окажется на продолжении



отрезка SH за точку H. Это расположение точки O обусловлено числовыми данными задачи. К таким сюрпризам лучше быть готовым заранее. При других условиях точка O может оказаться и на отрезке SH.

Выполняя измерение обычной школьной линейкой, получим, что  $SO \approx 4$  см. Поэтому искомый объем будет близок к числу  $4\pi \cdot 4^3 \approx 267,79$ . Найденное нами значение объема шара практически совпадает со значением выражения, приведенного в варианте D.

Предложенный нами метод решения этого тестового задания по времени почти не отличается от времени, затрачиваемого учащимися при математическом решении.

Тестовые задания, в которых предлагаются выбрать правильный ответ, содержат, как правило, подсказку для тестируемого. Иногда, даже не решая само задание, можно указать либо однозначно правильный ответ, либо отбросить все заранее неправильные ответы, оставив только один ответ, который следует признать правильным, так как все остальные ответы ложные.

Рассмотренные приемы решения тестовых заданий невольно подталкивают учащихся к мысли, что всегда можно ограничиваться только угадыванием ответа, а не решением соответствующих математических задач. Однако это не всегда приемлемо, так как встречаются тестовые задания, в которых простое сопоставление условия с предложенными ответами не приводит к правильному ответу.

Поэтому дадим еще один полезный совет. Не только решайте тестовые задания, но и ищите различные алгоритмы решения тестовых заданий. Даже если ваши поиски приведут вас к неэффективным алгоритмам в данном задании, при решении других заданий эти алгоритмы могут оказаться весьма полезными.

В заключение хочется сказать, что все вышеперечисленные формы работы способствуют повышению творческого потенциала учащегося, который учится анализировать собственную деятельность, предвидит способы ее реализации, учится принимать оригинальные и высокоэффективные способы решения.

#### Литература

1. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. Презентация и обсуждение первых результатов международной программы PISA . Российская Академия Образования. М: 2010.
2. Послание Президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира». Март, 2006.
3. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2016-2020 гг. Режим доступа: [nfourok.ru/material.html?mid=40028](http://nfourok.ru/material.html?mid=40028)
4. Рыбников К.А. Возникновение и развитие математической науки. М: «Просвещение», 1987.

5. Рустюмова И.П. Пособие по подготовке к единому национальному тестированию по математике. Алматы. 2005.
6. Гусев В.А. Практикум по решению математических задач. М: «Просвещение», 1985.
7. Алексеев Н.И. Личностно-ориентированное обучение: вопросы теории и практики. Тюмень, 1997.
8. Букатов В.М. Педагогические тайнства дидактических игр. Учебное пособие. М., 1997.

УДК 159.99

## **СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОСМЫСЛЕНИЮ ПОНЯТИЯ ЛИДЕРСКОГО ПОТЕНЦИАЛА**

**Рахимова А.М.**

*Государственный университет имени Шакарима, город Семей,  
Республика Казахстан  
[aisha\\_rakhimova@mail.ru](mailto:aisha_rakhimova@mail.ru)*

Аңдатпа: Бұл мақалада көшбасшылық әлеует тұжырымдамасын түсінудің заманауи тәсілдері талданады. Әлеуметтік психологиядағы көшбасшылық туралы әртүрлі зерттеушілердің көзқарастары қарастырылады.

Түйін сөздер: көшбасшылық, көшбасшы, көшбасшылық қабілет, көшбасшылық қасиеттер.

Abstract: This article analyzes modern approaches to understanding the concept of leadership potential. The views of various researchers on leadership in social psychology are examined.

Key words: leadership, leader, leadership potential, leadership qualities.

Прежде чем перейти к рассмотрению структуры и компонентов лидерского потенциала организационного лидера, необходимо внести ясность в понятийный аппарат, уточнить понятия «потенциал» и «лидерский потенциал».

Слово «потенциал» является производным слова «потенция» (лат. *potentia*), которое трактуется в толковом словаре русского языка С.И. Ожегова и Н.Ю. Шведовой как возможность, то есть то, что существует в скрытом виде и может проявиться в соответствующих условиях [1]. Иными словами, потенциал есть некая возможность, сила, включающая в себя источники и средства, которые могут быть использованы для решения какой-либо задачи, достижения определенной цели. Соответственно, и применительно к лидерству потенциал (лидерский потенциал) в обобщенном виде обычно рассматривается как возможность и готовность индивида к эффективному лидерскому поведению.

М.В. Кирсанов лидерский потенциал представляет как социально-психологическую характеристику личности, отражающую как ситуационно обусловленную, так и не зависящую от ситуации способность индивида к успешному осуществлению лидерства [2].

И.В. Дрыгина под лидерским потенциалом представляет качественную характеристику личности, отражающую совокупность внутренних

потребностей, возможностей, ценностного отношения, средств, способствующих достижению такого уровня интеграции компетентности, ответственности, активности и коммуникативности, который обеспечивает ее ведущее влияние на членов группы при совместном решении задач в различных областях жизнедеятельности [3].

В процессе лидерства, как и в любом процессе взаимоотношения, участвуют как минимум две стороны: «лидер» и «последователи». Каждая из которых, так или иначе воспринимает ситуацию лидерского взаимодействия и совершает определенные действия и поступки в определенных социально-психологических условиях, то и в определении лидерского потенциала руководителя как организационного лидера полезно отразить следующие содержательные «маркеры»:

– лидерские качества (компетенции) лидера обеспечивают эффективность лидерства;

– особенности восприятия лидера последователями обеспечивают принятие последователями руководителя в качестве лидера;

– условия осуществления лидерства определяют возможности проявления лидерства.

Учитывая результаты семантического анализа понятия «потенциал» и описанные выше маркеры, можно дать следующее определение лидерскому потенциалу руководителя: лидерский потенциал руководителя в социальной группе включает в себя совокупность его лидерских качеств, условий проявления лидерства, а также особенности его восприятия данной группой, которые определяют возможности руководителя занять лидерское положение и успешно использовать лидерский ресурс в практике управления.

Евтихов О.В., столкнувшись с проблемой о не изученности организаторского лидерского потенциала и об отсутствии четко выработанной модели, поставил перед собой задачу о определении социально-психологической модели, позволяющей повышать лидерский потенциал определенных руководителей в конкретных социальных группах. Соответственно каждый структурный компонент модели лидерского потенциала организационного лидера должен обеспечивать возможность руководителя занять лидерское положение в группе и успешно использовать лидерский ресурс в практике управления [4].

Исходя из описанных ранее существенных характеристик лидерства и определений «организационного лидерства» и «лидерского потенциала» в структуре лидерского потенциала организационного лидера необходимо выделить следующие базовые компоненты:

– лидер и последователи. Лидерство как социально-когнитивный феномен может существовать тогда, когда есть не только лидер, но и готовые следовать за ним последователи, то есть люди, приверженные его целям и решаемым задачам;

– когнитивные компоненты лидера и последователей. Лидер и последователи так или иначе воспринимают себя и идентифицируют друг друга;

– компетентностно-поведенческие компоненты лидера и последователей. Лидер и последователи определенным образом взаимодействуют друг с другом;

– ситуацию (условия) осуществления лидерского взаимодействия. Взаимодействие лидера и последователей осуществляется в определенных условиях, которые могут способствовать или препятствовать проявлению организационного лидерства.

Важным условием формирования и реализации лидерского потенциала руководителя как организационного лидера является формирование в организации соответствующих организационно-управленческих и социально-психологических условий, обеспечивающих возможность проявления руководителем организационного лидерства и запечатления его лидерского образа в восприятии сотрудников. Несомненно, что условия и возможности для проявления организационного лидерства различаются у руководителей разных управленческих уровней, а также зависят от специфики решаемых организацией профессиональных задач. Так, Л. Джуэлл прямо указывает, что бывают ситуации, которые препятствуют появлению предпосылок социального лидерства в контексте конкретной организации. Например, в случае выполнения подразделением постоянных, рутинных заданий руководителям нет необходимости брать на себя роль лидеров. Не отличающиеся гибкостью организации, которые ограничивают возможности руководителей влиять на распределение вознаграждений, также не создают предпосылок для лидерского поведения [5].

Таким образом, О.В. Евтиховым, в структуре лидерского потенциала организационного лидера были выделены пять основных составляющих компонентов:

1) когнитивный компонент лидера – включает в себя Я–концепцию и профессионально-управленческое мировоззрение лидера;

2) компетентностно-поведенческий компонент лидера – включает в себя комплекс индивидуально-личностных, социальных и организационно-управленческих качеств, обеспечивающих эффективность осуществления руководителем лидерских функций и формирования его лидерского образа;

3) когнитивный компонент последователей – включает в себя образ, имидж руководителя как организационного лидера в восприятии последователей;

4) поведенческий компонент последователей – включает их психологическую готовность и способность быть последователями;

5) организационно-управленческие и социально-психологические условия проявления лидерства – включают в себя комплекс организационных и социальных условий, в той или иной степени способствующих проявлению организационного лидерства в организации.

В предлагаемой структурной социально-когнитивной модели лидерского потенциала отражены наиболее значимые его компоненты, каждый из которых необходимо учитывать при решении задачи развития лидерского потенциала руководителя как организационного лидера.

Прежде всего, уточним содержание понятия «лидерские качества». В зарубежной литературе, как правило, используется термин «черта». В современной российской литературе применительно к лидерству понятия «качества» и «черты» часто не различаются, а объединяются под термином «лидерские качества». В «Толковом словаре русского языка» С.И. Ожегова эти понятия выступают как синонимы и одно определяется через другое [6]. Согласно Г.Олпорту, черты – это психологические особенности, преобразующие множество стимулов и обуславливающие множество эквивалентных ответных реакций [7]. Л.Хьюэлл и Д.Зиглер применительно к поведению личности уточняют определение термина «черта» как предрасположенность вести себя определенным сходным образом в широком диапазоне ситуаций [8]. Таким образом, под термином «черты» обычно представляются личностные особенности человека, во многом проявленные в его поведении.

Термин «качество» в «Философском словаре» [9] определяется как философская категория, выражающая существенную определенность объекта, благодаря которой он является именно тем, а не иным. Схожего мнения придерживается К.Т. Базарова, которая различает качества и черты следующим образом: термин «черта» – это интраидальная характеристика человека, которая присуща конкретной личности и трактуется как общепсихологическая характеристика. Качества же личности проявляются во взаимодействии с другими людьми, то есть в них проявляется межличностный, социально-психологический аспект [10]. К указанному К.Т. Базарова добавляет предположение, что к лидерским качествам человека можно относить и такие черты личности, как ее способность инициировать активность других участников.

Для определения лидерских качеств организационного лидера первоначально был проведен анализ различных перечней лидерских качеств, описанных в научной литературе. Изучением и описанием лидерских качеств занимались S.Covey, В. Bass, W. Bennis, В. Nanus, М. DePree, F. Heider, J.O'Toole, J.Gardner, R. Stogdill, А. Лоутон и Э. Роуз, М.И. Рожков, Л.И.Уманский и др.

М.И. Рожков определяет следующие основные качества лидера-организатора: а) способность управлять собой, в полной мере использовать свое время, энергию, умение преодолевать трудности, выходить из стрессовых ситуаций и т.п.; б) наличие четких целей, понимание реальности поставленных целей и оценка продвижения к ним; в) умение решать проблемы, вычленять главное и второстепенное, оценивать варианты, прогнозировать последствия, оценивать и распределять ресурсы; г) творческий подход к решению управленческих задач, умение генерировать идеи, готовность к нововведениям;

е) знание особенностей организаторской и организационной деятельности, умение управлять людьми, мотивировать и стимулировать их на работу, умение работать с группой; ж) наличие специфических организаторских качеств личности и др. [11].

В трудах Л.И. Уманского приводятся общие и специфические качества лидера. Под общими понимаются качества, которыми могут обладать и не лидеры, но которые повышают эффективность лидера. В число специфических качеств лидера входят: организаторская проницательность – тонкая психическая избирательность, способность понять другого человека, проникнуть в его внутренний мир, найти для каждого человека его место в зависимости от индивидуальных особенностей; способность к активному психологическому воздействию – разнообразие средств воздействия на людей в зависимости от индивидуальных качеств, от сложившейся ситуации; склонность к организаторской работе, лидерской позиции, потребность брать на себя ответственность [12].

#### Литература

1. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. М.: Азбуковник, 1999. С. 571
2. Кирсанов М.В. Лидерский потенциал антикризисных управляющих :дис. канд. психол. наук. М., 2003.
3. Дрыгина И.В. Указ.раб. С. 37.
4. Евтихов, О.В. Лидерский потенциал руководителя: специфика, содержание и возможности развития: монография / О.В. Евтихов. – Красноярск :СибЮИ МВД России, 2011. – 288 с
5. Джуэлл Л. Индустриально-организационная психология. СПб.: Питер, 2001
6. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. М.: Азбуковник, 1999. С. 146.
7. Allport G. Pattern and growth in personality. New York: Holt, Rinehart and Winston, 1961. P. 347
8. Хьелл Л., Зиглер Д. Указ.раб. С. 274.
9. Философский словарь / под. ред. И.Т. Фролова. 6-е изд.:М., 1991
10. Базарова К.Т. Социально-психологические факторы развития лидерских качеств :дис. канд. психол. наук. М., 2008. С. 12–13.
11. Рожков М.И. Теория и практика развития самоуправления в ученических коллективах. М., 1990
12. Уманский А.Л. Педагогические условия и средства стимулирования лидерства в детских и юношеских коллективах. Кострома, 1994.

ӘОЖ 37.02

**Бастауыш сынып оқушыларының оқу ікемділігін дамытуды  
компьютерлік технология арқылы жүзеге асырудың педагогикалық  
шарттары мен құрылымдық моделі**

**М.Н.Қойшыбаев, Р.А.Бекмұрзаева**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қызылорда қаласы, Қазақстан республикасы*

[Mahat75.62@mail.ru](mailto:Mahat75.62@mail.ru)

Аннотация: Бастауыш сынып оқушыларында оқу икемділіктерімен қатар, компьютерлік жұмыс икемділігі де қалыптаса бастайды. Ол “компьютерлік сауаттылық” ұғымымен тығыз байланысты. Компьютерлік технологияны бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту үшін қолданудың педагогикалық қағидаларына сәйкес “оқушы-компьютер, технология-мұғалім” өзара қарым-қатынасы мүмкіндіктерінің білім беру үрдісін ұйымдастырудағы тиімділігі оған қажетті төмендегі шарттарды орындағанда ғана мүмкін болатындығы көрсетілді. Олар:

-пәннің мазмұны мен логикалық құрылымына сай келетін электрондық оқу-әдістемелік кешен материалдарының ғылымилық, проблемалық, түсініктілік, көрнекілік, жүйелілік, тізбектілік қағидаларын қанағаттандыру шарты;

-оқушылардың ақпарат іздеу, алгоритмді орындау, бақылау объектісін сипаттау, іс-әрекет нәтижесін үлгімен сәйкестендіру, ынтымақтастықта жұмыс жасау іс-әрекеттерін жүзеге асыру шарты;

-қолданылатын компьютерлік технология бастауыш сынып оқушыларын оқуға ынталандыратындай және өзіндік білім алуды іске асыратындай ахуал туғызу шарты.

Кілт сөздер: оқушы-компьютер, технология-мұғалім, компьютерлік технология, модель, Мотивация

Abstract: In addition to learning skills, primary school students begin to develop computer skills. It is closely related to the concept of "computer literacy". In accordance with the pedagogical principles of using computer technology for the development of learning flexibility of primary school students, it was shown that the effectiveness of "student-computer, technology-teacher" interaction in the organization of the educational process is possible only if the following conditions are met.

They:

- The condition of satisfaction of the principles of scientific, problem, comprehensibility, visibility, consistency, sequence of materials of the electronic educational-methodical complex corresponding to the content and logical structure of discipline;

- conditions for students to search for information, perform algorithms, describe

the object of control, identify the results of activities with the model, work in collaboration;

- creating the conditions for the use of computer technology to stimulate primary school students to study and implement independent learning.

Keywords: student-computer, technology-teacher, computer technology, model, Motivation

Бастауыш сынып оқушыларында оқу икемділіктерімен қатар, компьютерлік жұмыс икемділігі де қалыптаса бастайды. Ол “компьютерлік сауаттылық” ұғымымен тығыз байланысты.

Компьютерлік технологияны бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту үшін қолданудың педагогикалық қағидаларына сәйкес “оқушы-компьютер, технология-мұғалім” өзара қарым-қатынасы мүмкіндіктерінің білім беру үрдісін ұйымдастырудағы тиімділігі оған қажетті төмендегі **шарттарды** орындағанда ғана мүмкін болатындығы көрсетілді. Олар:

- пәннің мазмұны мен логикалық құрылымына сай келетін электрондық оқу-әдістемелік кешен материалдарының ғылымилық, проблемалық, түсініктілік, көрнекілік, жүйелілік, тізбектілік қағидаларын қанағаттандыру шарты;

- оқушылардың ақпарат іздеу, алгоритмді орындау, бақылау объектісін сипаттау, іс-әрекет нәтижесін үлгімен сәйкестендіру, ынтымақтастықта жұмыс жасау іс-әрекеттерін жүзеге асыру шарты;

- қолданылатын компьютерлік технология бастауыш сынып оқушыларын оқуға ынталандыратындай және өзіндік білім алуды іске асыратындай ахуал туғызу шарты.

Бірінші мазмұндық-жобалау шарты бойынша ақпараттық технологияны білім мазмұны ретінде қолдану қызметі жүзеге асырылады. Мультимедиалық мүмкіндіктері бар электрондық оқу-әдістемелік кешен материалдары оқушылардың оқу іс-әрекетінің қайнар көзі болып табылады. Егер материал иллюстрация, анимациялық объекті, дыбысы бар объекті түрінде берілгенімен, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық, физиологиялық дамуына сәйкес келмесе, онда ол дүниенің қажеттілігі шамалы. Сол себепті электрондық оқу-әдістемелік кешендегі оқу материалдары жүйелілік пен бірізділік, ғылымилық, түсініктілік қағидаларын есепке алу арқылы жобаланады.

Ұсынылып отырған екінші іс-әрекеттік шарт бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендегі оқу материалдары тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан бастауыш сынып оқушыларының өзіндік білім алу икемділігін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Үшінші технологиялық шартқа сәйкес электрондық оқу-әдістемелік кешендерді сабақта қолдану демонстрациялық, жинақтаушы, басқарушы, бақылаушы (Гершунский жіктемесі бойынша) құрал қызметін атқарып, мұғалімнің қызметіне жеңілдіктер туғызады. Мұғалімнің компьютерлік мәдениетті болуы бастауыш сыныпта информатиканы оқыту және компьютерлі технологияны қолдану мақсаттарына жету жолында оқушылардың алгоритмдік мәдениеттілік, компьютерлік сауаттылық элементтерін қарапайымнан күрделіге ауысу тәсілімен дамытуға әсер етеді, өйткені оқушының құзыреттілігі жалпы жағдайда алгоритмдік мәдениет → компьютерлік сауаттылықты → компьютерлік мәдениет → ақпараттық құзырет тізбегі түрінде қалыптасады.

Анықталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыруда олардың әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады. Біз мұны сызба түрінде былайша көрсетеміз (сурет 6):






Сурет 1 – Педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесі

Компьютерлік технологияны қолданудың педагогикалық шарттарын жүйелей келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту ұғымын анықтадық. **Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін компьютерлік технология арқылы дамыту** дегеніміз - оқушының өзіндік білім алу іс-әрекетін компьютерлік бағдарламалық және техникалық жабдықтардың көмегімен іске асыру.

Компьютерлік технологияны қолдану негізінде бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамытуды ғылыми-практикалық тұрғыдан зерттеу логикалық құрылымдық модель құруды қажет етеді.

Модельдеу мәселелері жөніндегі маман В.А.Штофф : "модель деп зерттеу объектісін бейнелей немесе шығара отырып, оны оқып-үйрену бізге ол объекті жөнінде жаңа ақпарат беретіндей етіп алмастыруға қабілетті, ойша ұсынылатын немесе материалдық тұрғыдан іске асатын жүйе түсініледі",- деп анықтама береді[1]. Модель көбінесе өзін-өзі басқаратын, ұйымдастыратын және реттейтін ең тиімді техникалық жүйелер жасауда қолданылады. Бұл проблеманы жүзеге асыруға белгілі В.М.Глушков, А.И.Берг, Н.М.Амосов, А.Дородницы[2]. н, т.б. өз үлестерін қосты.

“Компьютерлік технология”, “оқу икемділігін дамыту” ұғымдарының теориялық негізіне сүйеніп, компьютерлік технология арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамытуды зерттеудің моделін құруды жөн санадық (Сурет 2).



Сурет 2 –Компьютерлік технология арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту моделі

Модельде бастауыш мектепте оқытудың дәстүрлі жақтары мен бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділіктерін дамыту жолдары мен ұйымдастыру формалары компьютерлік технология арқылы үйлесімді көрсетілген.

Бірінші блок зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындайды. Мұндағы бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамытудың мақсаты компьютерлік технология арқылы мұғалім мен оқушының өзара интерактивті әсеріне сүйену, оқушы іс-әрекетін басқару арқылы жүзеге асады.

Мотивациялық мақсат - оқу икемділігін дамытуға себеп болатын оқуға қызығуды тудыру. Қызықпаған баланың оқу іс-әрекеті мардымсыз жүреді, сондықтан бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін пәндік мазмұнды қызыға қабылдап, түсініп, оны өз бетімен жетілдіруге негіз болатындай түрткіні айқындау жатады.

Мазмұндық мақсат - бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік құзырлығын дамыту білімді меңгерумен байланысты. Меңгерілетін білім мазмұны электрондық оқу-әдістемелік кешенде оқу материалдарынан құрылған модульдер түрінде беріледі. Білімді меңгеру электрондық оқу-әдістемелік кешен арқылы жүреді, сондықтан ондағы оқу материалдарын жинақтау, сұрыптау, жобалау технологиясы мен мазмұнын айқындау мақсаты алға қойылады

Қызметтік мақсат -

мұғалім мен оқушының өзара әсері арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық, ақыл-ой, компьютерлік жұмыс икемділігін дамытуды қамтиды.

Блоктың әдістемелік-технологиялық жағы оқушылардың оқу икемділігін дамыту үшін сабақта компьютерлік технологияны қолдану, оңтайлы жұмыс формаларын ұйымдастырумен түсіндіріледі. Компьютерлік технологияны бастауыш мектепте қолдану арқылы білім беру әдістері, мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынас тәсілдері, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару формалары қарастырылады.

Модельдің мұндай блогын дәстүрлі білім беру әдістері арқылы жүргізу мүмкін емес. Себебі, мұнда мұғалімнің білім беру, оқушының оқу іс-әрекеттері айқын көрсетілген. Бұл білім беру үрдісіне қатысушылар (мұғалім, компьютерлік технология, оқушы) арасында қызметтерді бөлу қажеттігіне әкеліп тірейді. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде мұғалім мен оқушылардың өзара әсерлесу кезеңдері (кесте 4) анықталды: мақсатты қалыптастырушы, ұйымдастырушы, бағалау-талдамалық.

Оқу икемділігін дамыту үшін компьютерлік технологияны қолданудың педагогикалық жолдары арқылы мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін анықтау - білім беру үрдісін жетілдіру мақсатындағы басты міндеттердің бірі. Мұнда басты назар компьютерлік технология мүмкіндіктеріне ауады:

- “мұғалім-компьютерлік технология-оқушы” арасындағы интерактивті байланыс,
- объекті мен субъектілер арасындағы кері байланыс,
- оқу ақпаратын компьютердің мүмкіндіктерін пайдаланып көрнекі түрде беру,
- есте сақтау, оқу, ойлау, салыстыру, пайдалану іс-әрекеттерін компьютердің көмегімен ұйымдастыру,
- ақпараттың үлкен көлемін кішірейтіп сақтау
- оқу экспериментінің нәтижелерін автоматты түрде өңдеу,

Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігі деңгейін анықтау мұғалімге өзінің білім беру іс-әрекетінің тиімділігін білуге мүмкіндік береді. Оқу икемділігі деңгейін анықтау кейбір қажетті және жеткілікті өлшемдер жиынтығымен байланысты беріледі. Оқу икемділігінің әрбір деңгейінің эталонын анықтау, сәйкестендіру, білім беру субъектілерінің өзара әсер нәтижелерін талдауға өлшемдер негіз болады. Объективті өлшемдер жүйесі оқушының өзіндік бағалауы үшін маңызды. Компьютерлік өлшемдерге компьютерлік сауаттылық деңгейі; мотивациялы-мазмұндық өлшемге қызығу, құштарлық, құндылық бағдарлау, сенім, әлеуметтік қатынастар, қызығу, есте сақтау, қисынды ойлау; операциялық өлшемге өзіндік жоспарлау, өзіндік басқаруға бейімділік, шығармашылық жұмыс деңгейі жатады. Бұл мәселе негізінен американдық ғалым Б.С.Блумның таксономиясына сүйенеді. Ал, бұл мәселе Абыканова Б.Т, Г.Жадрина, М.Жанпейісова, В.В.Краевский, Ж.А.Қараев, С.Нашарипова, А.В.Усова[3], т.б. еңбектерінде түрліше сипатталады.

Компьютерлік технология арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін былай қорытындылаймыз:

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенді іс-әрекетінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсті. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының білімін, оқу икемділігін дамыту, оны тиімді басқаруды ұйымдастыру, психологиялық және физиологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып отыр, өйткені, “балалар-біздің болашағымыз”. Бұл міндеттің шешуін табу еліміздің даму стратегиясына сәйкес барлық салада жүріп жатқан компьютерлендіру үрдісі арқылы жүзеге аспақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Компьютерные технологии обучения: Определение терминов Киев, 2013. – 246.
2. В.М.Глушков Современные информационные технологии в образовании: / В.М.Глушков. – М., 2004 - 102с.
3. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары /Пед. ғыл. канд. дәреж. алу үшін дайынд. диссерт Б.Т.Абыканова. – А. – 2005. - 36.
4. Медешова А. Оқу ақпаратын компьютерлік технология жағдайында меңгеру. /А.Медешова //Бастауыш мектеп. – 2005. -№3 - 23б.

УДК 28:347.167.1-057.875

## **ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ОҚУҒА ҮЙРЕТУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ**

**Шынахан А. - ФИ-17-3к4 тобының студенті**

**Халмирзаев Э.Э.–ғылыми жетекші**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы*

Резюме. В этой статье рассматриваются цели и задачи обучения иностранному языку. Обучение чтению на иностранном языке должно осуществляться на хорошо известном лексическом материале, уже усвоенном в устной речи. А это достигается в результате проведения устного вводного курса, устного опережения. Устное опережение помогает в содержательном плане, то есть обучающиеся должны понимать то, что они читают, но практически не помогает в процессуальном плане. Обучение чтению должно строиться как познавательный процесс. Спецификой чтения как речевой деятельности является то, что оно используется при решении задач познавательного плана. Будучи всегда направленным на получение информации, оно само может быть охарактеризовано как познавательная деятельность. В связи с этим важное значение приобретает содержание текстов для чтения.

Оно фактически предопределяет, будут ли обучающиеся относиться к чтению на иностранном языке как к способу получения информации. Поэтому все тексты должны представлять для них определенный интерес, быть для них значимыми.

Ключевые слова: устное опорежение, задача, речевая деятельность, текст, общение.

Abstract: This article discusses the goals and objectives of teaching a foreign language. Learning to read in a foreign language should be carried out on well-known lexical material already learned in oral speech. And this is achieved as a result of an oral introductory course, an oral lead. Oral advancing helps in a meaningful way, that is, students should understand what they read, but practically does not help in the procedural plan. Learning to read should be built as an educational process. The specificity of reading as a speech activity is that it is used in solving problems of the cognitive plan. Being always aimed at obtaining information, it can itself be characterized as cognitive activity. In this regard, the content of reading texts is of great importance. It actually determines whether students will relate to reading in a foreign language as a way of obtaining information. Therefore, all texts should be of certain interest to them, be meaningful to them.

Keywords: oral retraction, task, speech activity, text, communication.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде, осыған орай бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда. Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде білім алушылардың шетел тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. Білім алушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына, өмірде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде шетел тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен. Осыған орай қазіргі заманға сай шетел тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс.

Бастапқы деңгейде студенттердің шет тілін үйренуге ынтасы өте зор болады. Олар шет тілінде сөйлегісі және түсінгісі келеді. Олар көптеген жаттығуларды орындайды және олармен сабақ үстінде көп жұмыс жасауға мүмкіндік бар. Бастапқы деңгейде ауызша оқуға көп көңіл бөлінеді. Әрине, оқу процессінің тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу түрлері де беріледі.

1. Шет тілін үйрету ауызша үйретуден басталады. Әуелі шет тілінің фонетикасының тек өзіне тән дыбыстарымен танысады, оның дауыс ырғағы, екіпіні, ритмі үйретіледі. Жаңа әліпби, әріп ерекшеліктері ескерілді.

Тілдің әріптер мен дыбыстарын үйренгеннен кейін сөздердің жазылу-оқытылуын үйрене отырып, сөйлем құрастырып, сөйлеуге қолдана бастайды. Яғни, сараптамалық ойлаудан синтетикалық ойлауға ауысады.

Ауызша сөйлеуде шет тілінде өз ойын айта алу және ауызша хабарлама жасауға (монолог) және шет тілінде әңгіме жүргізе білуге (диалог) мән беріледі. Оқуға қойылатын талап та өзгерді. Тәжірибелік мақсатқа жету үшін магнитофон таспасын, күйтабақты, интернет желісін қолдану және үйге оқуға берілетін мәтіндер пайдаланыла бастады.

Шетел тілін үйренуде мынадай талаптар қойылды:

— Шет тілінде әңгімелесе білу.  
— Сөздіксіз күрделі емес мәтінді оқып-түсіну.  
— Оқи білу.

Оқытудың нәтижесі әдістерге тәуелді болады. Оқыту әдісі білім алушыға білім, тәрбие беру және оның қоғамдық мәнісін дамыту міндеттерінен шығатын оқу материалын, теориялық және тәжірибелік меңгеру түрлері. Оқыту әдісіне қойылатын талаптар: Оқыту әдісінің нақтылығы,ғылымилығы, жүйелігі, қол жетімділігі, айқындылығы,нәтижелілігі.[1]

Қазіргі кезде педогогикада оқыту әдістерін үш топқа бөліп қарастырып жүр:

- 1) сөздік
- 2) көрнекілік
- 3) тәрбиелік-тәжірибелік әдістер

Оқытудың сөздік әдістерінің тобы мұғалімнің сөзіне сүйенеді. Сөздік әдістердің тобына баяндау,әңгіме,түсіндіру,арнайы мәтінмен кітап оқу және магнитофондық жазбамен,интернет желісімен, өз бетімен жұмыс істеу жатады.Көрнекілік әдістер сөздік әңгімемен тығыз байланысты.Себебі кез елген көрнекі құрал түсіндіріледі,талданады.Оқытудың тәжірибелік әдістеріне білім алушының білімі мен дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру процестеріне байланысты әдістер жатады. Шетел тіліне оқытудың басты әдістері: — әңгіме әдісі шетел тілі сабағында кеңінен қолданылуы тиіс. Оны кез келген сабақта қолдануға болады. Сондықтан ол мазмұны жағынан сан алуан болады. Әңгіме әдісі оқыту материалын білім алушының жеке өмір тәжірибесімен байланыстыруға үлкен мүмкіндік береді.Оқытуда әңгіме екі түрлі пайданылады;

— сұрақ –жауап негізіндегі әңгіме және қандай да жаңалық ойлап табу жолындағы әңгіме.Ойлап табылған әңгіме білім алушының білімін тексеру, бекіту, оқылған мәтіндерді талдау жұмыстары үшін қолданылады. Ал, жаңалық ойлап табылған әңгіме жаңа қағидалар мен қорытындыларға әкелу бағытында қолданылады.

*Мәтіндерге тілдік талдау әдісі.* Мәтіндерге тілдік талдау әдісі көркем шығарма тілін талдағанда, сөздік жұмыс,мәтінмен жұмыс істегенде қолданылады.Ол мәтіннің сөздік құрамын анықтауда сөз мағыналарын,сөздердің қолдану мақсатын ашу, талдаудан тұрады. Талдаулардың білім алушының логикалық ойлауын,талдау қабілетін дамытуға жетелейді.

*Грамматикалық талдау әдістрі.* Грамматиканы оқығанда білім алушылар біріншіден грамматикалық құбылыстарды табады. Сөйлем мүшелері, жеке морфемалар, олардың нақты белгілеріне қарай түр-түрге, мақсатына сәйкес бөліп, толық грамматикалық сипаттама береді. Жұмыстың бұл түрінде білім алушының өздігінен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Шетел тілін оқытудың тиімді әдістерінің бірі, сипаты, түрі, мақсаты жағынан алуан түрлі жаттығулар жүйесі болады. Білім алушылар жаттығулар

орындағанда тілге белсенді байқау жүргізеді, тілдік фактілерге талдау жасайды, қорытындылайды, жинақтайды.

*Тест әдісі.* Қазіргі кезде шетел тілі сабағында негізінен қолданылатын әдістердің бірі-тест әдісі. Тест білім алушылардың оқыған тақырыбын, игерген білімдері мен білім дағдаларын тексеру, бағалау, өткенді бекіту, қайталау сабағында пайданылады. Тест білім алушылардың ойлау белсенділігін, қабылдау, ой қорыту мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.[2.]

*Оқуға қойылатын негізгі талаптары.* Шетел тілінде тән дыбыстарды дұрыс оқуға байланысты мәтіндегі сөз, сөйлемдерді орфоэпиялық нормада айтуға жаттықтыру үшін арнайы жаттығу жұмыстры жүргізіледі. Мәтінді оқытудан бұрын оның құрамында кездесетін жаңа сөздер түсіндіріледі.

Білім алушылар мәтінді рөлге бөліп, оқумен, аударумен ғана шектелмей, оның мазмұнын шете тілінде айтуға жаттығады. Мәтін бойынша қойылатын сұрақтар осы талапқа сай ойластырылып, білім алушылар мәтін мазмұнын түсініп оқуға, жүйелі түрде айтуға талаптанады. Бұл мақсатқа жету үшін білім алушының сөздік қоры мол, грамматикалық тұлғаларды менгеру дәрежесі ойдағыдай болумен қатар, оны байланыстырып, сөйлей білуі қажет.

Білім алушылар мәтінді оқып, оның мазмұнын айтып беру үшін әр мәтінді дұрыс мәнерлеп түсініп оқуы, сұрақтарға дұрыс жауап беруі, жетекші сұрақтарға жауап беріп, тыныс белгісіне дауыс ырғағын келтіріп оқуы, мәтінді әр сөзге, сөйлемдерге дауыс екпінін дұрыс түсіруі керек. Мәтінді екі тілге аудару білуі маңызды. Әр мәтін сайын жаңа сөздердің, сөз тіркестерінің, мақалдардың, нақыл сөздердің сөздігін жасап отыруы керек. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқу сөйлемдердің логикалық екпінге ие сөзді, логикалық паузаны, дауыс ырғағын білуге үйретеді. Білім алушы мәтінді оқыған кезде алдына мақсат қоюы керек. Оларды шығарма кейіпкерлерін өз атынан әңгімелеуге үйретудің де маңызы зор. Шығарманың рухани кейіпкерлерінің сезім сырларына баға бере отырып, оған тыңдаушы назарын аударта білуі қажет. Автор сөзінің, төл сөздің дауыс ырғағын сақтай отырып, төл сөздерді жалғас әуенмен оқуы тиіс.

Диалогтарды рөлге бөліп оқып, диалогты, мәтінді авторлық баяндау, суреттеулерге оқуға жетілдіру, жаттықтыру да оқуға қойылатын негізгі талаптарға жатады.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі.

Қорыта айтқанда, шетел тілін үйретуде түрлі әдістерді сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым - қатынастарға себепкер болады. Оқыту барысында жаңашыл

көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

- 1.Рогова Г.В., Верещагина М. «Методика обучения английскому языку» М., «Просвещение» 2000
- 2.Қазақстан мемлекеті, №3 2007ж.
- 3.Мектептегі шет тілі, №3 2006ж.

ӘОЖ 37.02

**Білім беру үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік оқу икемділігін дамытудың педагогикалық негіздері және ерекшеліктері**

**М.Н.Қойшыбаев**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

**Н.Б. Зейнегабинова**

*№11 мектеп –лицейдің Бастауыш сынып мұғалімі,*

*Қызылорда қаласы, Қазақстан республикасы*

*[Mahat75.62@mail.ru](mailto:Mahat75.62@mail.ru)*

Аннотация: Бастауыш сынып оқушылары үшін мынадай оқу икемділіктерін меңгеру маңызды:

-жасына сәйкес келетін көркем әдеби, ғылыми-көпшілік мәтіндерді түсініп оқу, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтінді өз сөзімен баяндау,

-оқу әдебиеттерінен, сөздіктер мен анықтамалықтардан, компьютердің деректер қорынан ақпарат іздеу,

-жұмысты компьютерде орындау, жаңа есептің мазмұнын оқу, есептің шартына сәйкес әрекеттер тізбегін анықтау, оны аяғына дейін жеткізу,

-өзіндік іс-әрекет нәтижесін үлгімен сәйкестендіру, өзінің және басқаның оқу жұмысындағы қатені табу мен жою, өзіндік және басқаның әрекетін ұсынылған өлшемдер бойынша бағалау, есеп шығарудағы қиындықтан құтылу мақсатында үлкендерден кеңес сұрау, жетіспейтін тәсілдерді іздеу,

-ынтымақтастықта жұмыс жасау, пікірталастарға қатысу, сыныптастарының көзқарасын түсіну, кикілжіңді тудырмауға тырысу, ұжымдық оқу іс-әрекеттерінің жетістігі мен кемшілігін мазмұнды бағалау, жалпы нәтижеге жету жолын табу .

Кілт сөздер: Информатика, компьютер, оқу икемділігі, бағалау көрсеткіштері,

Annotation: learn the following important skills and skills for Primary school students:

- understanding and understanding of artistic, popular science texts that correspond to the age, determining the main thoughts in the text, presenting the text in your own words,

- search for information in educational literature, dictionaries and reference books, computer databases,

- performing work on the computer, reading the contents of a new report, determining the sequence of actions in accordance with the report conditions, and completing it,



- to identify the results of the self-activity of the template, to identify and correct mistakes in own and other academic work, assess their own and others actions on the proposed criteria, interview advice from adults to overcome difficulties in solving problems, search missing methods.,
- cooperation, participation in discussion

Keyword: Computer science, computer, educational flexibility, evaluation indicators

Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігіне оқулықтағы мәтінді оқу, түсіну, есте сақтау, оқыған мәтінді қысқаша жазу; қандай да бір жетекші оқу әрекетін табу; білімді таныс жағдайларда қолдану; қажетті ақпаратты, объектіні табу және онымен өзара әсер тәсілдерін дұрыс бағалау; іс-әрекетті жоспарлау; орындалатын әрекеттің нәтижесін алдын-ала болжау; жоспарды іске асыру; жоспар бойынша алынған аралық, соңғы нәтижелерді салыстыру; күтілетін нәтиженің дұрыстығын дәлелдеу; жіберілген қатені анықтау; орындалған әрекеттің нәтижесін бағалау мен технологиялық жағынан алғанда, ақпаратты файл аты, адресі бойынша іздеу, мәтіндік редакторда мәтін енгізу, оны өңдеу, сақтау; графикалық редакторда сурет салу, сақтау, оған өзгерістер енгізу; мультимедиалық бағдарламаларды пайдалану жатады. Бастауыш сынып оқушылары үшін мынадай оқу икемділіктерін меңгеру маңызды:

- жасына сәйкес келетін көркем әдеби, ғылыми-көпшілік мәтіндерді түсініп оқу, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтінді өз сөзімен баяндау,
- оқу әдебиеттерінен, сөздіктер мен анықтамалықтардан, компьютердің деректер қорынан ақпарат іздеу,
- жұмысты компьютерде орындау, жаңа есептің мазмұнын оқу, есептің шартына сәйкес әрекеттер тізбегін анықтау, оны аяғына дейін жеткізу,
- өзіндік іс-әрекет нәтижесін үлгімен сәйкестендіру, өзінің және басқаның оқу жұмысындағы қатені табу мен жою, өзіндік және басқаның әрекетін ұсынылған өлшемдер бойынша бағалау, есеп шығарудағы қиындықтан құтылу мақсатында үлкендерден кеңес сұрау, жетіспейтін тәсілдерді іздеу,
- ынтымақтастықта жұмыс жасау, пікірталастарға қатысу, сыныптастарының көзқарасын түсіну, кикілжіңді тудырмауға тырысу, ұжымдық оқу іс-әрекеттерінің жетістігі мен кемшілігін мазмұнды бағалау, жалпы нәтижеге жету жолын табу .

Информатикада компьютерді іске қосу мен өшіру, сурет салу, объектіні көшіру, өңдеу, сақтау, мәтін жазу, қаріп пен мәтінді форматтау, алгоритм құру және оны орындау, адресі бойынша іздеу, табылған файлды іске қосу, гипермәтінді пайдалану, т.с.с. икемділіктерді қалыптастыруға көңіл бөлінеді.

Оқу икемділігін қалыптастыруды К.К.Платонов 1) бастапқы, 2) толық емес, 3) жекелеген, 4) дамыған, 5) шеберлік деп бес сатыға бөледі . Оқу икемділігінің қалыптасу кезеңдеріне байланысты қарапайым икемділіктің қалыптасуы, қарапайым икемділік көлемінің ұлғаюы(күрделі икемділік) деп анықталады (Н.А.Лошкарева). Ал, Л.А.Лебедева оқу икемділігі мен дағдыны қалыптастыру үрдісін дайындық, таныстыру, икемділік қалыптастыру, дағды қалыптастыру, қолдану кезеңдеріне бөледі .

Егер оқушы өздігінен әрекеттенуге үйренбесе, оның оқуы жемісті болмайды, оқушының оқуға ынтымағы төмендейді .

Білімді меңгеру - оқу іс-әрекетінің негізгі мазмұны, икемділік - білім беру үрдісінің нәтижесі болып табылады. Икемділікті бұлай қарастыру білім беру нәтижелерін нақты болжау мен білім мазмұнында жоспарланған жетістіктерді алдын-ала көре білуге мүмкіндік туғызады. Білімді меңгеру икемділікпен өте тығыз байланысты, өйткені ол өмірде нақты қолдану үшін қажет. Меңгерілген білімді әрбір оқушы түрліше қолданады, соған сәйкес олардың өзіндік білім алу икемділігі қалыптасады. Пәрменді ойлау арқылы баланың өзіндік білім алу икемділігінің шығармашылық-оқу икемділікке айналуы мүмкін. Шығармашылық-оқу икемділікті дамыту оқушының жеке тұлғалық ерекшелігін бағалай білуге мүмкіндік береді. Сонымен, біз жоғарыда берілген ғылыми еңбектерді талдай отырып, мынадай тұжырым жасаймыз: бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігі дегеніміз - білім мазмұнын меңгеру үрдісінде қалыптасатын тұлғалық-бағдарлы оқу іс-әрекеті. Тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық іс-әрекетіне баса назар аударылып, бастауыш білім мазмұнында берілген икемділіктерді қалыптастырып қоймай, әрбір баланың мынадай оқу икемділіктерін дамытуға мүмкіндік береді:

- білімді өз бетімен таба білу, алынған білімді шығармашылықпен қолдану;
- өз бетімен жауапты шешім қабылдау;
- өз әрекетін жоспарлау, болжау және нәтижесін бағалау;
- өзі және өзін қоршаған ортасы үшін жауапкершілікті сезіну;

Басқа адамдармен ынтымақтастық және көмек беру қарым-қатынастарын құру. **Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін дамыту** дегеніміз оқушының оқуға қызығушылығы мен тұлғалық, физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік білім алуын жүзеге асыру.

Білімдік құзыреттілік нақты шындық объектілеріне қатысты тұлғалық және әлеуметтік мәні бар өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті өзара байланысты мағыналық бағдар, білім, икемділік, дағды мен іс-әрекет тәжірибелерінің жиынтығын қарастырады. Жалпы құзыреттілік мынадай икемділіктерді қамтиды:

- 1) өз елінің азаматы және патриоты болу;
- 2) өмірді түсіну, өзінің интеллектуалды, шығармашылық, дене мәдениет ресурстарын тиімді пайдалану;
- 3) өзінің мүмкіндіктерін жетілдіре білу,
- 4) компьютермен жұмыс жасай білу, жинау, өңдеу және талдау жасау дағдыларына ие болу;
- 5) өзінің іс-әрекетін ұйымдастыру және ұжымда жұмыс жасай білу;
- 6) әр түрлі тілде ауызша және жазбаша идеяларды негіздеп айта білу;
- 7) базалық білімді пайдалана білу.

Ал, оқу икемділігін дамытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері көп түрлі, біз соның ішінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін қолдану мәселесіне тереңірек тоқталамыз. Ол үшін алдымен компьютерлік технологияның мәні мен оның бастауыш сыныптардағы орнын анықтап алған

жөн. Бұл туралы келесі параграфта қарастырамыз. Білім беру жүйесінде компьютерлік технология құралдарын пайдалана отырып, қоғам мүшелерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және көтеру деңгейін қамтамасыз ету үрдісі. Педагогтардың компьютерлік мәдениеттілігін қалыптастыру (пән мұғалімдерінің компьютерлік жұмыс икемділігін арттыру, кез келген бағдарламалық жабдықты сабақта және сабақтан тыс шараларда пайдалана білуге даярлау) жатады [89]. Білім беруді дамытудың жана бағыттарының бірі – білім мазмұнын оқушының толық меңгеруін іске асыратын оқыту технологиясын жетілдіру.

Оқыту технологиясы - дидактикалық және әдістемелік жүйенің құрамды бөлігі болып табылады. Оқыту технологиясын зерттеуге белгілі педагогтардан В.П.Беспалько, О.П.Околелов, Ж.А.Қараев, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.М.Мұханбетжанова және т.б. зор үлес қосты. Оқыту технологиясы – дидактикалық жүйенің құрамдас, процессуалдық бөлігі [1].

«Оқытудың компьютерлік технологиясы» термині ғылымда ХХғ.-дың 40-50 жылдары пайда болған, оны Америкада ХХғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен атаған. Сол кезде «оқуға арналған медиа» ұғымы «қандай да болмасын хабарды демонстрациялау немесе тасымалдау, сақтауға арналған техникалық құралдар, технологиялар, т.б. жиынтығы» ретінде анықталған (В.М.Степанов, Г.Г.Мангазеева) [2]. Басқаша айтсақ, оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз - оқушылар мен мұғалімдердің педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттерінің өзара әсерлері мен білім берудің мақсаттарына сәйкес меңгерілуге тиіс оқу материалының мазмұны берілген жүйені құрайтын ресурстар. Оқытудың технологиясының ерекше белгілері - оны жүзеге асыратын орта және ол ортамен байланысты техникалық (пайдаланылатын техника түрі), бағдарламалы-технологиялық (бағдарламалық жабдық), ұйымдастыру-әдістемелік (оқу үрдісін ұйымдастыру), білімнің пәндік аймағы сияқты құраушылар болып табылады.

Қандай да болмасын оқу материалы бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік оқу икемділігін дамытуда маңызды элемент болып табылады, өйткені, оқу материалынан негізгіні ажырату, қажетті объектіні табу, оқыған, көрген, естіген ақпаратты бір түрден екінші түрге аудару, мәтін бойынша жоспар құру, қысқаша бейнелеу сияқты икемділіктердің дамуы оқулықтағы оқу материалының мазмұны мен құрылымынан тәуелді.

Басты дидактикалық бірліктерді бөліп көрсету әдісі оқушыға берілетін ақпарат ағынынан негізгі және қосымша сұрақтарды ажырата білуді игеру мақсатында ұсынылады. Бұл дағды логикалық-құрылымдық сызбаларды талдау үрдісінде жүзеге асады. Өзіндік оқу іс-әрекетін компьютерлік технология арқылы бағалау үш түрлі қызмет атқарады: бақылаушылық (ікемділіктің дәрежесін сараптау), білімдік (қайталау, жаттығу), тәрбиелік (жауапкершілік, реттілік, жинақылық). Жеке тұлғаның білім алудағы жетістіктері мен табыстарын талдап, айтып берудің және оны бағалаудың маңызы зор. Мұғалім

мен оқушы үшін мұндай жұмыс, кибернетикалық терминмен айтқанда, “кері байланыс”, кеңейтілген түрде, қазіргі педагогикалық терминмен «интерактивтік» болып табылады.

Компьютерлік технологияны бастауыш сыныпта қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады; оқушылардың компьютерде бірлесіп жұмыс істеулері оларды өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірімен ақылдасып барып әрекет жасауға үйретеді; компьютерде оқушылардың өзіндік жұмыс жасауы олардың шығармашылық, зерттеушілік сияқты ең қажетті қабілеттерінің көрініп, шындала түсуіне көмектеседі. Сондай-ақ, электрондық оқу тапсырмалары оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытады; компьютерлік ойындар мен жаттықтырғыштар оқушылардың компьютермен қарым-қатынас жасауға қажетті дағдыларын, икемділіктерін қалыптастыруға көмектеседі; электрондық оқу материалдары (теориялық) оқушылардың ақыл-ойын дамытып, көрнекі-бейнелік, өзіндік ойлауының дамуына әсер етеді (Ж.С.Сардарова). Басқа да ғылыми еңбектерді зерделей келе, бастауыш сыныптың оқу үрдісінде пайдаланылатын компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін былай көрсетуге болады:

- оқушының қарекетін жеңілдетіп, уақыт көп кететін амалдарды орындаудан босатады, қажет ақпаратты өзі іздеп табуға мүмкіндік алады;
- оқушы қатесіне оперативті реакция көрсете отырып, қате жіберіп алу қорқынышынан құтқарады, оның білімін бағалау функциясының көп бөлігін өзіне алады;
- оқушыға өз ырғағында жұмыстануға мүмкіндік береді;
- бағалау көрсеткіштері нақты, дәл болады;
- мұғалімнің бос уақыты көбейеді;
- мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыстануына мүмкіндік ашылады;
- көрнекі-бейнелі ойлауды, қозғалыстық және ауызша қарым-қатынас машықтарын, мақсатты әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызады;
- педагогикалық қарым-қатынасты, интерактивті байланысты күшейтеді. Сонымен қорыта келе, компьютерлік технологияның қазіргі шарттарына сәйкес оқушыны тұлғалық дамыту міндетіне үйлесетін оқыту әдістерін, мазмұнды сұрыптау әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру; оқушының өзіндік білім алу, компьютерлік жұмыс икемділігін дамыту үшін маңызды рөл атқарады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Околелов О.П.Современные информационные технологии в образовании:— М., 2004 - 102с.
2. Степанов В.М. Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары

/Пед. ғыл. канд. дәреж. алу үшін дайынд. диссерт В.М.Степанов. – А. – 2005. - 3б.

3. Медешова А. Оқу ақпаратын компьютерлік технология жағдайында меңгеру. /А.Медешова //Бастауыш мектеп. – 2005. -№3 - 23б.

МРНТИ 14.25.07

## **ЦИФРЛАНДЫРУ БҮГІНГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА НЕГІЗГІ БАҒЫТ**

***А.Қазбайқызы***

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан*

***Қ.Ө. Ахметова***

*С.Лапин атындағы № 261 орта мектебі  
Қызылорда қ., Қазақстан*

[\*karla.a92@bk.ru\*](mailto:karla.a92@bk.ru)

Аннотация. В статье раскрывается значение цифровизации Казахстанского среднего образования, особенно в сложных условиях пандемии. *Рассматриваются государственные программы в направлении цифровизации образования.* Подчеркивается, что дистанционное образование или массовые открытые онлайн-курсы не могут служить альтернативой традиционной системе образования. Поднимаются проблемы процесса внедрения цифровых технологий в учебный процесс средней школы. Говорится о необходимости овладения навыками и компетенциями в использовании ИКТ не только педагогами, но и всеми гражданами.

Ключевые слова: онлайн-обучение, цифровизация образования, учебный процесс.

Abstract. The article reveals the importance of digitalization of Kazakhstani secondary education, especially in difficult pandemic conditions. State programs in the direction of digitalization of education are considered. It is emphasized that distance education or mass open online courses cannot serve as an alternative to the traditional education system. The problems of the process of implementing digital technologies in the educational process of high school are being raised. The necessity of mastering the skills and competencies in the use of ICT not only by teachers, but also by all citizens, is discussed.

Key words: online education, digitalization of education, educational process.

Төтенше жағдайда біздің мемлекет студенттер мен оқытушылардың қауіпсіздігін, білім беру жүйесінің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық жағдайларды жасайды. Тәрбие жұмыстарын тиімді жүргізу үшін мұғалімдерге толық қолдау көрсетіледі. Ол үшін мемлекет барлық ресурстарды, ең алдымен елдің ақпараттық және телекоммуникациялық желілерін жұмылдырды. Бұл қызметтерді мемлекет барлығына бірдей деңгейде ұсынады.

Оқшаулану және білім беру жүйесінің қашықтықтан оқыту технологиялары мен интернет-білім жүйесіне көшу жағдайында біздің көптеген азаматтар терең түсінді:

- мұғалімдер мен тәрбиешілердің еңбек және әлеуметтік-мәдени миссиясы, мектептер мен университеттердің білім беру миссиясы деген не?

- мұғалімнің мәртебесін одан әрі нығайту қажеттілігі;

- АКТ қолдану дағдылары мен құзыреттіліктерін тек мұғалімдер ғана емес, барлық азаматтар да игеру қажеттілігі.

2018 - 2022 бесжылдығына арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы халықтың сандық сауаттылық деңгейін көтеру және барлық мектептерді компьютерлермен, мультимедиялық жабдықтармен және желіге кең жолақты қол жетімділікпен қамтамасыз ету үшін қажет. 2018 жылы Қазақстандағы негізгі цифрлық сауаттылық деңгейі 77% құрады.

Жоспар төмендегідей:

- 2019 - 78,5%;
- 2020 - 80%;
- 2021 - 81,5%;
- 2022 - 83%. [1]

Сандық технологиялар білім берудің кең мүмкіндіктерін ұсынады, білім көкжиегін кеңейтеді және оқуға деген көзқарастарды әртараптандырады, бірақ білім берудің іргелі құндылығы - адам тұлғасының жан-жақты дамуын алмастыра алмайды.

Қашықтан оқыту немесе жаппай ашық онлайн курстар дәстүрлі білім беру жүйесіне балама деп айту дұрыс емес. Бұл технологиялар адамның қосымша білім алуының өздігінен білім алуына жағдай жасауға бағытталған. Олар тек жеке құзіреттілікті қалыптастыруға арналған. Сонымен қатар, олар негізділік пен педагогикалық қарым-қатынастан айырылған. Педагогиканың негізгі принципі - оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидасы - талап етілмеген, жұмыссыз қалады.

Онлайн курстар тек біреуін ғана алмастыра алады, оқу процесінің маңызды бөлігі - білім беру. Алайда сапалы оқулықтар мен оқу құралдары білім беруде және жаңа білімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Білім берудегі сандық технологиялар, қашықтықтан оқыту білім берудің маңызды қағидатын - тең мүмкіндіктер қағидатын іске асыруда қайшылықтар тудырады.

Біздің елімізде цифрландыру саласындағы кейбір жетістіктерге қарамастан, мүмкіндіктер теңсіздігі, атап айтқанда білім беру жүйесінде әлі де бар. Интернетке және цифрлық технологияларға қол жетімділіктің теңсіздігі, әсіресе ауылдық жерлерде айқын көрінеді. Дамыған инфрақұрылымы және жетілдірілмеген коммуникациялары бар елді мекендерде тұратындар теңсіз және қолайсыз жағдайға тап болады, бұл олардың сапалы білім алу құқығының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Соңғы уақытқа дейін біз білім беруді ақпараттандыру туралы сөз қозғадық. Бұл термин оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық өнімдерді, құралдарды, технологияларды енгізуге негізделген педагогикалық процестерді түрлендіруге арналған шаралар жиынтығы ретінде түсінілді [2, с. 136].

Педагогикалық энциклопедия кең мағынада білім беруді ақпараттандыруды білім беру жүйесін ақпараттық өнімдермен, құралдармен және технологиялармен қанықтырумен байланысты әлеуметтік-педагогикалық қайта құрулар кешені ретінде қарастырады; тар мағынада микропроцессорлық технологияларға негізделген білім беру ұйымдарын, сондай-ақ осы құралдарға негізделген ақпараттық өнімдер мен педагогикалық технологияларды енгізу [3]. Осы идеялардың негізінде ақпараттандыру кезеңінің аяқталуы туралы айтуға болады. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелері компьютерлік техникамен жабдықталған, мұғалімдер оқу процесінде ақпараттық технологияны (IT) қолдану бойынша біліктілігін арттырып, қайта даярлықтан өтті.

Білім беруде ақпараттық технологияны қолданудың негізгі бағыттары:

әр түрлі мақсаттағы педагогикалық бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу;

• білім беру сайттарын дамыту;

оқу-дидактикалық материалдарды әзірлеу;

• нақты объектілерді басқару;

• виртуалды модельдермен компьютерлік тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізу;

• ақпаратты іздеуді жүзеге асыру.

Қазақстанда мектеп білімін цифрландыру - реформалаудың жетекші бағыттарының бірі. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтқа негізделген оқыту жүйесіне біртіндеп ауысуымен байланысты. Интернеттегі оқулықтар мен виртуалды зертханалар, ашық, әр оқушыға икемді және дара тіл табу туралы айтып жатырмыз. Оқушылар онлайн режимінде үй тапсырмаларын бірге орындай алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналады. Барлық оқу процесі әр оқушының жеке куәлігімен байланысты болады деп жоспарлануда, ол сізге бағалар қоюға және рейтингтер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «Сандық білім беру ресурстары» жобасы жүзеге асырылуда. Мектептердегі оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында цифрлық білім беру ресурстары үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолданылады. Бұл сандық ресурстарға барлық мектептер қол жеткізді. Бұл сандық ресурстар онлайн және офлайн режимінде қол жетімді, яғни пән мұғалімі дайын бейне материалды алып, оны оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін сабаққа енгізеді. Платформа үнемі жетілдіріліп, жаңартылып отыратындығын ескеріңіз. Қазақ тілінде ең көп оқылатын пәндер: 1-4 сыныпқа дейінгі математика, қазба-сілтеме, химия, орыс тілінде - аудиожазғыш, орыс әдебиеті, тренажерлер, ағылшын тілінде - математика, физика, химия. Бүгінгі таңда 2000 жаңа сабақ және 50 000 жаңа тест өткізілді. Республика бойынша 697 тренингтер мен 126 вебинарлар өткізіліп, 15 050 мұғалімдер оқытылды. Сондай-ақ, мұғалімдерге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сапасын арттыру мақсатында Астана, Алматы, Шымкент, Талдықорған және Оралда бес ресурстық орталық ашылды. [4]

«Цифрландыру» термині ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. 1960-1980 жылдардағы алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атаған Давоссе Клаус Шваб оның катализаторы жартылай өткізгіш компьютерлердің дамуы деп санайды, 60-70 жж. - дербес компьютерлер, 90-шы жылдары - Интернет [5, с. 84]. 1982 жылы Интернеттің пайда болуымен виртуалды әлем құрылып, оны онлайн ойындар, оны нақты әлемге қосатын әлеуметтік желілер сияқты жаңа қосылыстар толтырады.

Әлемдік экономиканы дүр сілкіндірген сандық революция қарқын мен ауқымды әсер қалдырады. Электрондық компьютерлерден дербес компьютерлерге көшу ондаған жылдар бойы жалғасып келеді және қазір бірнеше айдың ішінде осындай жаһандық технологиялық өзгерістер орын алууда. Бастапқыда цифрландыру технологияны автоматтандыру, Интернет, мобильді байланыс, әлеуметтік желілердің таралуы, смартфондардың пайда болуы және жаңа технологияларды қолданатын тұтынушылар санының өсуі байқалмады. Алайда, өте тез цифрлық технологиялар адамның экономикалық, саяси және мәдени өмірінің бір бөлігіне айналады.

Цифрландыру білім беру жүйесіне еніп кетті. Википедия сөздігінде «цифрландыру» ұғымының мазмұны «цифрлық құрылғыларды қолдану арқылы байланыс, жазу, мәліметтерді берудің цифрлық әдісі» ретінде көрсетілген [6]. Э. Л. Вартанова, М. И. Максеев, С. Смирнов бұл тұжырымдаманың мазмұнын нақтылайды - бұл ақпаратты цифрландыру ғана емес, инфрақұрылымды, басқарушылық, мінез-құлық, мәдени табиғатты кешенді шешу [7, с. 17]. Яғни, Интернет пен ұялы байланыстың дамуы цифрландырудың негізгі технологиялары болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Білім беруді цифрландыру еңбек нарығындағы, білім беру стандарттарындағы өзгерістерге, халықтың жаңа құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттіліктерін анықтауға алып келеді және мұғалімнің рөлін қайта қарастыру арқылы оқу процесін қайта ұйымдастыруға бағытталған. Бір жағынан, цифрландыру мектептің өткеннен мұра еткен әдіснамалық негізіне нұқсан келтірсе, екінші жағынан, оның мәтіндік ғана емес, сонымен қатар дыбыстық және көрнекілік түрінде де әртүрлі нысандардағы ақпараттың қол жетімділігін тудырады. Демек, білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына алып келеді.

Мұғалім жаңа технологиялық құралдарды және шексіз ақпараттық ресурстарды қолдануды үйренуі керек. Мобильді оқыту технологиялары сізге кез-келген уақытта, кез-келген жерде білім алуға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі таңда ақпарат пен білім экономикалық дамудың негізі болып табылады, оған дәстүрлі ұғымдар мен модельдер қолданылмайды.

Әр түрлі жастағы балалар цифрлық ортаға тез бейімделеді, олардың кейінгі дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырады. Нақты құзыреттіліктердің қалыптасуы білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жүреді, алайда цифрлық құзыреттілік өмір бойы қалыптасады. Демек, білім беруді цифрландыру



мұғалімнің цифрлық технологияларын білім беру қызметінде тиімді пайдалану мақсатымен олардың білім деңгейіне тікелей байланысты.

Заманауи мұғалім сандық ақпараттың ағымын бағдарлай білуге, онымен жұмыс істеуге, оны өңдеуге қажет. Ақпараттық формат ақпараттың сандық көрінісіне негізделген. Электрондық форматтан айырмашылығы, сандық формат ақпараттарды дәл көрсетеді, оның еркін қозғалуын, орналастырылуын, өңделуін және компьютерлік желілерде қолданылуын қамтамасыз етеді. Сандық білім беру жүйесіне ақпараттық ресурстар, телекоммуникациялар және басқару жүйесі кіреді. Ақпараттық ресурстар: медиа, видео, аудио, фото, графика, анимациялар, білім беру порталдары, интернет-сайттар. Телекоммуникациялар: желілік және мобильді орта, БАҚ, теледидар, телефония, телеконференция, почта байланысы. Басқару жүйесі: пайдаланушыларды авторизациялау, тестілеу, мазмұн, рейтингтер, сайттар, блогтар, чаттар және т.б.

Сонымен, білім беруді цифрландыру студенттердің мобильді және интернет технологияларын қолдануын, олардың білім көкжиегін кеңейтіп, шексіз етуді көздейді. Сандық технологияларды тиімді пайдалану, студенттерді өз бетінше іздеуге тарту, ақпарат таңдау және жобалық іс-шараларға қатысу олардың ХХІ ғасыр құзыреттілігін құрайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://informburo.kz/stati/cifrovizaciya-obrazovaniya>
2. Никулина Т.В. Білім беруді ақпараттандыру және цифрландыру: ұғымдар, технологиялар, басқару // Ресейдегі педагогикалық білім.- 2018.- № 8.- Б.107-111.
3. Білім беруді ақпараттандыру [Электрондық ресурс] // Орыс педагогикалық энциклопедиясы. - Кіру режимі: <https://pedagogicheskaya.academic.ru>
4. <https://www.inform.kz/kz/cifrovizaciya-v-obrazovanii-novye-tehnologii>
5. Лаптев В.В. Бейнелеу әдістемесі. - М.: Мир, 2011. - 304 б.
6. Цифрландыру [Электронды ресурс] // Уикисөздік. - Кіру режимі: <https://ru.wiktionary.org/wiki/цифрландыру>.
7. Вартанова Е. Л. Ресейлік медиа индустриясы: сандық болашақ: академиялық монография / Е. Л. Вартанова, А. В. Вырковский, М. И. Максеенко, С.Смирнов. - М.: MediaMir, 2017. -- 160 б.

ӘОЖ 37.013

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ КӘСІБИ  
ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

**Сейітқазы П.Б.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ,  
Қазақстан Республикасы*

[Perizatbs@mail.ru](mailto:Perizatbs@mail.ru)

Аннотация. Статя посвящена вопросам формирования цифровых компетенций у будущих специалистов в условиях информатизации образования

Abstract: The article is dedicated to the formation of digital competencies among future specialists in the context of education informatization.

Ключевые слова: цифровизация образования, медикомпетенция, медиаобразование, цифровые образовательные ресурсы.

Keywords: digitalization of education, media competence, media education, digital educational resources.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарында студенттердің цифрлық технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар құжаттарды кездестіруге болады. Білім саласындағы цифрландыру мәселесі ең алдымен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының «Адам капиталын дамыту» [1] атты төртінші бағытымен сабақтасады және ҚР «Білім туралы» заңында [2] ақпараттық технологияларға, білім беру жүйесін ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты мәселелер ескерілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының білім беру саласында стратегиялық маңызы бар құжаттардың бірі, «ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» да [3] аталған мәселелерге кеңінен мән берілген. Бағдарламаның басты мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздіксіз білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Аталған құжатта 2020 жылдың өзінде білім алушылардың - 90% - ы электрондық оқыту жүйесін мергеріп, жүзеге асыратын болады делінген еді. Демек, алдағы жылдарға арналған электрондық оқыту жүйесінің тұжырымдамасында білім беру ұйымдарының технологиялық инфрақұрылымын дамыту; оқу үдерісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануды дамыту; цифрлық білім беру ресурстарын жүзеге асыру; электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды қамтамасыз ету және даярлау көзделеді.

Замануи болашақ мамандарға күрделі өндірісті түсінуге көмектесетін іргелі базалық дайындық қана қажет емес, сонымен қатар ақпараттық және технологиялық дайындық керек, атап айтқанда: ақпараттық және цифрлық технологиялар құралдары мен оларды басқару қабілеттерін білу; ақпаратты жинау, бағалау және пайдалану мүмкіндігі; жаңа еңбек жағдайларына бейімделу қабілетінің жоғары болуы; коммуникативтілік және топта жұмыс істей білу; өздігінен білім алу мүмкіндігі және үнемі кәсіби дамуға қажеттілік және т.б. Демек, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен цифрлық технологияларды қолдануға байланысты қазіргі уақытта жоғары білім алып жатқан түлектерге қойылатын талаптар өзгерді. Аталған талаптарды және қоғамның сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында әрбір білім беру ұйымдары, оның ішінде жоғары оқу орындары да білім бағдарламаларында болашақ мамандарды дайындауда цифрлық заманның ерекшеліктерін ескеріп, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндерді ұсынатындығын көруге болады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының мамандықтарының барлық

деңгейінде медиақұзіреттілік, цифрлық құзіреттілікпен байланысты бірнеше пәндер енгізілген. Мысалы, «Педагогика және психология» мамандығының білім алушыларына «Цифрлық білім беру медиатехнологиялары» атты элективті курс оқылады. Бұл курста ақпараттандыру заманындағы цифрлық технологиялардың маңызы, көкейкестілігі, тиімді қолдану жолдары қарастырылады. Цифрлық технологиялардың дамуы жағдайындағы медиа және ақпараттық мәдениет, медиақұзіреттілік мәселелері талданады. Цифрлық құзіреттілік негізіндегі білім берудің ерекшеліктері, бүгінгі күні цифрлық құзіреттіліктің өмірлік дағдылардың бір компоненті ретіндегі ролі талқыланады. Білім алушылар пәннің мазмұнын игеру барысында цифрлық сауаттылық және базалық құзіреттіліктер, білім берудегі цифрлық құзіреттілікке стратегиялық тұғырлар, білім беруді басқару және цифрлық құзіреттілік және тағы да басқа мәселелер бойынша білімдерін дамытады. Білім саласында цифрлық технологияларды пайдаланудың психологиялық-педагогикалық аспектілері және оқу-тәрбие үдерісінде медианы тиімді пайдалану жолдары көрсетіледі. Пәннің негізгі мақсат, міндеттері болашақ мамандардың цифрлық педагогика, цифрлық технологиялар туралы білімдерін жетілдіру және цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдерін үйрету болып табылады. Сонымен қатар, цифрлық қоғам жағдайындағы білім жүйесінің оған бейімделуіне байланысты тәсілдеріне үйрету. Элективті курстың «Білім саласында цифрлық медиатехнологиялардың дамуы» атты бірінші модульде «Цифрлық педагогика – білім беру жүйесіндегі жаңа бағыт», "Медиатехнология", "Цифрлық білім беру" ұғымдары, олардың мазмұндық сипаттамасы», «Цифрлық технологиялар дәуіріндегі медиасауаттылық пен медиақұзіреттілік», «Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері», «Қазіргі білім беру үдерісіндегі цифрлық медиатехнологиялар ақпараттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде» және тағы басқа да мәселелер қарастырылады. Ал екінші модуль «Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық медиатехнологияларды тиімді пайдаланудың әдістемесі» деп аталады. Бұл модульде «Цифрлық білім беру ресурстары, олардың жіктелуі мен типологиясы», «Цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР): анықтамасы, дидактикалық мүмкіндіктері мен әдістері», «Электрондық кітапхана цифрлық қоғамның жетістігі ретінде», «Электрондық оқулықтарды пайдалану ерекшеліктері», «Электрондық портфолио мен жеке кабинетті құруға қойылатын талаптар», «Қашықтықтан оқыту технологиялары: бейне-дәрістер, онлайн-семинарлар, вебинарлар» және тағы басқа цифрлық технологиялардың маңыздылығы мен оларды пайдалану ерекшеліктерін негіздейтін тақырыптар талқыланады. Дәріс, тәжірибелік сабақтарда алған білімдерімен қатар білім алушылар өзіндік жұмыстарды орындау барысында «Оқу үдерісінде бейнекоммуникацияны қолдану дидактикалық принциптерді жүзеге асырудың шарты ретінде», «Электрондық кітапханалармен жұмыс жасаудағы мұғалімнің ақпараттық құзіреттілігі», «Электрондық портфолио және жеке кабинет құру: мұғалімнің кәсіби жетістіктерінің электрондық базасы»,

«Цифрлық жүйе жағдайындағы білім беру ұйымдарындағы менеджмент» және тағы басқа да тақырыптар бойынша баяндама, конспект, реферат, эссе, презентациялар дайындайды, жоба орындап, қорғайды.

Жоғарыда айтқанымыздай цифрлық қоғамда болашақ педагогтардың медиақұзіреттілігі көкейкесті мәселелердің қатарында. Болашақ педагогтар медиақұзіретті маман болып шығуы үшін оқытудың қажетті формаларын, әдіс-тәсілдері мен құралдарын таңдауды да қажет етеді.

Цифрлық құзіреттіліктің негізі болып табылатын медиақұзіреттілікті қалыптастыру технологиясы тұрғысынан студенттерге жаңа ақпарат беру, арнайы тәжірибелік тапсырмалар әзірлеу, олармен үнемі диалогтық қарым – қатынас жасау және проблемалық жағдайлар құру маңызды. ЖОО-да медиақұзіреттілікті қалыптастырудың келесі формаларын атап өтуге болады: дәріс, семинар, мәселелік оқыту, интернет – форумдар, пікірталас және портфолио. Бұл аталғандарды ресейлік ғалым И.В. Челышева ғылыми зерттеу жұмысында медиақұзіреттілікті қалыптастырудың негізгі формалары ретінде қарастырған [4].

ЖОО – да болашақ мамандарды оқытудың жетекші формаларының бірі бұл дәріс және семинар сабақтары екені айқын. Дәріс – студенттердің танымдық қызығушылығын жандандырудың тиімді формасы және медиа құралдарымен тығыз байланыста болуды қажет етеді. Бұл жұмыс формасы академиялық пәндер бойынша қосымша білімді дамытуға ғана емес, сонымен қатар әр қатысушыға өздерінің қабілеттеріне деген сенімін арттыруға көмектеседі. Семинар – оқу-тәжірибелік сабақтарының нысаны, онда студенттер оқытушының басшылығымен оқу немесе ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша орындаған хабарламаларды, баяндамалар мен рефераттарды талқылайды. Бұл жағдайда оқытушы семинар тақырыбын талқылаудың үйлестірушісі болып табылады. Талқылаудың мақсаты кәсіби дағдыларын қалыптастыруға және талқыланатын материалды бекітуге бағытталған. Семинар сабақтары студенттердің танымдық және эмоциялық қызметін жандандыруға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Семинар ЖОО-да педагогикалық кадрларды даярлаудың тиімді түрі болып табылады.

Студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыруда тиімді формалардың бірі – мәселелік оқыту. Мәселелік оқытудың табыстылығы оқытушы мен студенттердің бірлескен күші негізінде жүзеге асады. Оқытушының негізгі міндеті – ақпаратты берумен ғана шектелмей, тыңдаушылардың ғылыми білімдерінің дамуындағы объективті қарама-қайшылықтарды шешу тәсілдеріне бағыттау. Оқытушы мен білім алушы жаңа білім алу үшін ақпарат алмасу арқылы ынтымақтастықта жұмыс жүргізе отырып, ғылымның теориялық ерекшеліктерін меңгереді.

Ақпараттық технологиялар заманында медиашығармашылықтың мүмкіндігін де ескеру маңызды. Медиашығармашылық – болашақ педагогтардың көркемдік тұрғыдан дамуына және өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді. Мәселен, медиашығармашылықпен айналыса отырып, болашақ

мамандар өздерінің жеке фильмін немесе виртуалды мұражайын жасауға мүмкіндік алады, онда фотосуреттер немесе бейнежазбалар экспонаттар ретінде орналастырылады. Тәжірибе көрсеткендей, студенттер түсірілім процесіне қатысып, өздерінің шығармашылық ізденістерінің нәтижелерін көрсетіп отырады. Дайындалған бейнематериалдарды көргеннен кейін олар медиамәтінінің негізгі құрылымдық компоненттерін, дайындалған жұмыстың жарияланған жанрға сәйкестігін, дайын бейнематериалдардың сапасын және т.б. талқылайды. Шығармашылық топтардың қатысушылары түсіру процесін жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар «жарнамалық кампанияны» ұйымдастырып, өз қолдарымен кино афишаларын жасауға, жарнамаларды дайындауға, медиа құралдарына ұжымдық сызбаларды құруға, өздерінің медиа өнімінің компьютерлік тұсаукесерін жасауға бейімделеді. Осы мақсатта сурет техникасы, коллаж, экрандық медиамәдениеттің, компьютерлік бағдарламалардың және т.б. танымал туындылар негізінде комикстерді құру кеңінен қолданылады [5].

Оқу-тәрбие үдерісінде медиа құралдарының элементтері жиі қолданылады. Мысалы, оқытушылардың жиі қолданатын жұмыс формасы ауызша журнал болып табылады, яғни студенттердің әртүрлі білім саласына енгізетін медиа құралдары арқылы арнайы дайындалған ақпарат. Журналдың сұрақтары әр түрлі тақырыптарға арналған: «Ақпараттық қоғам», «Компьютерлік анимация», «Адам – қоғам – ақпарат» және т.б.

Соңғы жылдары интернет – форумдар университеттік медиабілім беру тәжірибесінде белсенділікке ие болды. Бұл жұмыс формасы – белгілі бір тақырыптағы электронды хабарламалар арқылы пікір алмасу. Интернет – форумдар мобильділік, кері байланыс мүмкіндігі, қосымша ақпараттық ресурстардың (фотосуреттер, бейнелер және т.б.) пайдаланылуымен сипатталады.

Цифрлық құзіреттілікті қалыптастыруда оқытудың келесі әдістеріне басымдық беріледі: түсіндірмелі – иллюстративті, медиамәтіндерді сыни талдаудың әдістері мен тәсілдері, оқытудың белсенді және мәселелік әдістері және т.б. Оқыту барысында және дәрістерді жүргізуде түсіндірмелі – иллюстративті әдістер мен оқытудың белсенді әдістері (оның ішінде іскерлік ойындар, топтық пікірталастар) кеңінен қолданылады. Медиамәтіндерді талдаудың нақты мақсатқа бағытталған әдістері мен техникалары семинар мен практикалық сабақтарда қолданылады.

Аталған әдістердің ішінде іскерлік ойындарға тоқталғымыз келеді. Ойын студенттердің ішкі күшін оятуға, оның дербестігін дамытуға, оның алдында тұрған проблемалар мен міндеттерді шеше білуге бағыттайды. Ойын білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, соның ішінде жаңа қызмет түрлерін жүзеге асыру қабілетін дамытады. Ойын мазмұнын басқара отырып, оның сюжетінде белгілі бір рөлдерді қоса, педагог жеке тұлғаның оң қасиеттерін ынталандыруға, тәжірибе мен сезімдерінен хабардар етуге мүмкіндік береді.

Медиабілім беру қызметінде ойын-импровизация, театрландырылған, рөлдік, сюжеттік-рөлдік, бейнелі-рөлдік, имитациялық, режиссерлік ойындар кеңінен таралды. Медиа материалындағы рөлдік ойындарға студенттер қай уақытта да қызығушылық танытады. Мысалы, медиамәтіндердің көркем компонентіндегі дизайнерлер конкурсын өткізу барысында студенттер берілген нақты немесе еркін тақырыптарға өз медиамәтіндерін жасау бойынша белсенді жұмыс істейді, әртүрлі техникалық құралдардың, яғни цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін (қарапайым суреттер мен коллаждардан компьютерлік монтажға және дизайнға дейін) қолдана отырып, түрлі жанрлардың мақалаларын суреттейді.

Қорыта айтқанда, қазіргі өркениет, адам, мәдениет, цифрлық қоғам – бұл ұғымдардың барлығы медиамәдениетпен тығыз байланысты. Жаңа цифрлық телеарналар, интернет-сайттардың саны күн сайын артуда және олардың білім саласындағы мүмкіндіктерін пайдалану тиісті түрде жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда медиабілім, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылық, медиамәдениет, медиақүзіреттілік сияқты ұғымдар күнделікті өмірдің мәніне айналды, демек осы ұғымдарды терең зерделеудің және меңгерудің нәтижесінде болашақ мұғалімдерде цифрлық технологияларды тиімді пайдалана білу іскерлігінің болуы маңызды. Олай болса, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзіреттілігін қалыптастыру, жетілдіру мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://egemen.kz/article/162100-tsfirlandyru-turaly-ne-bilemiz>
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (21.07.2015ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.
4. Чельшева И.В. Развитие критического мышления и медиакомпетентности студентов в процессе анализа аудиовизуальных медиатекстов. Учебное пособие для вузов. - Таганрог, 2008. - 300 с.
5. Сейітқазы П.Б., Ғабитова А.З. Медиақүзіреттілік: мәні, негізгі ұғымдары // «ҮІІ Боранбаев оқулары: көркемдік білім берудегі ғылыми тәжірбие: проблемалары, тәжірбиесі, келешегі»: Халықаралық ғыл.-тәжірбиелік конференцияның материалдары. – Астана, ҚазҰӨУ, 2018. Б – 35 – 39.

УДК 378.091

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Бероева Е.А., Каргапольцева Н.А.**

*Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение  
высшего образования «Оренбургский государственный университет»*

*E-mail: [borscheva.e@yandex.ru](mailto:borscheva.e@yandex.ru); [karna1@yandex.ru](mailto:karna1@yandex.ru)*

**Аннотация:** В статье рассматриваются пути развития у преподавателей профессиональных качеств, составляющих профессиональную компетентность. Новой задачей для системы дополнительного профессионального образования является построение эффективной системы обучения преподавателей, базирующейся на современных формах обучения и образовательных технологиях, позволяющей выстраивать индивидуальные траектории освоения новых компетенций. Оценивается влияние процесса цифровизации на дополнительное профессиональное образование преподавателей. В статье представлено обобщение организационно-методического опыта Оренбургского государственного университета по созданию системы дополнительного профессионального образования.

**Ключевые слова:** процессы цифровизации, инновационные технологии, профессиональная компетентность, индивидуальная образовательная траектория, система дополнительного профессионального образования.

**Abstract:** The article discusses ways to develop professional qualities of teachers that make up professional competence. A new task for the system of additional professional education is to build an effective system of teacher training based on modern forms of training and educational technologies, which allows you to build individual trajectories for the development of new competencies. The impact of the digitalization process on additional professional education of teachers is evaluated. The article summarizes the organizational and methodological experience of Orenburg state University in creating a system of additional professional education.

**Keywords:** digitalization processes, innovative technologies, professional competence, individual educational trajectory, system of additional professional education.

Современная образовательная парадигма предполагает мобильную реакцию преподавателя на изменения, происходящие в сегодняшнем обществе, объективную самооценку уровня своего профессионализма для успешной реализации образовательных инноваций. Развертывание этих идей на практике определяет необходимость модернизации системы образования, направленной на развитие профессиональной компетентности преподавателя, способного обеспечить вариативность, личностную и профессионально-ориентированную направленность образовательного процесса. В этих условиях дополнительное профессиональное образование приобретает новые целевые ориентиры, оно должно обеспечить: целостный, интегративный процесс развития личности и ее качеств; управление индивидуальной познавательной деятельностью; механизмы профессионально-личностного роста слушателей, формирование «способности встать в практическое отношение к миру, сделать свою деятельность и самого себя предметом анализа и изменений» [1].

Толковый словарь по информационному обществу и новой экономике определяет цифровизацию, как «преобразование информации в цифровую форму» [2]. Система образования должна обеспечивать обществу переход в цифровую эпоху, ориентированную на потребности обучающегося, что возможно посредством выстраивания индивидуальных маршрутов обучения, управления собственными результатами обучения.

В Государственной программе «Развитие системы образования Оренбургской области» на 2014–2020 годы отмечено, что система образования призвана обеспечить непрерывность образования в течение всей жизни человека, подготовку высокообразованных и высококвалифицированных специалистов, способных к профессиональному росту и профессиональной

мобильности в условиях информатизации общества и развития новых наукоемких технологий [3]. Изменение приоритетов, целей и содержания образования требуют от преподавателя переориентации на инновационный характер его педагогической деятельности.

Современная система дополнительного профессионального образования должна быть нацелена на развитие профессиональной компетентности преподавателя, которая предполагает способность реализовывать в профессиональной деятельности нормативно-правовые требования в сфере образования, владение теоретическими знаниями и практическими навыками для педагогической работы в вузе; готовность применять современные технические средства обучения и образовательные технологии, в том числе при необходимости осуществлять электронное обучение, использовать дистанционные образовательные технологии, информационно-коммуникационные технологии, электронные образовательные и информационные ресурсы [4].

Профессиональная компетентность преподавателя длительное время остается предметом педагогических исследований. В.А. Сластенин под профессионально-педагогической компетентностью понимает «совокупность профессиональных компетенций, включающих наличие знаний, профессионального и жизненного опыта, способностей преподавателя действовать в конкретной ситуации, решать профессиональные задачи разного уровня сложности и неопределенности, его готовности к достижению высокого качества результатов» [5].

Н.В. Кузьмина рассматривает профессиональную компетентность как способность преподавателя превращать специальность, носителем которой он является, в средство формирования личности обучающегося с учетом ограничений и предписаний, накладываемых на учебно-воспитательный процесс требованиями педагогической нормы, в которой он осуществляется» [6].

О.И. Мезенцева определяет профессиональную компетентность, как «характеристику, синтезирующую профессиональные и личностные качества преподавателя, отражающие опыт, уровень профессиональных умений, необходимых для реализации профессиональных задач, выполнения должностных обязанностей в соответствии с принятыми на данный момент в социуме стандартами и нормами» [7].

Исходя из вышеизложенного, профессиональная компетентность преподавателя, понимается как интегративное, непрерывно совершенствующееся профессионально-личностное качество, обеспечивающее продуктивное осуществление трудовой активности, проявляется в осознанной готовности преподавателя осуществлять педагогическую деятельность, выражается в постоянном стремлении к овладению личностно-значимыми профессиональными знаниями и умениями, качественном освоении нового в профессиональной сфере образовательного труда.



Роль системы дополнительного профессионального образования преподавателей охарактеризовал Ю.Н. Кулюткин, который констатировал, что данная система «имеет своей целью не только вооружить слушателей новыми подходами к содержанию образования и его технологиями, но и выработать у педагога систему ценностных ориентации и установок по отношению к тем коренным переменам, которые происходят в обществе» [8].

Педагогическими условиями эффективности совершенствования процесса развития профессиональной компетентности преподавателей в системе дополнительного профессионального образования являются: проектирование содержания дополнительной профессиональной программы на основе практикоориентированной направленности, модульного построения; дифференциация образовательного процесса; активизация профессионального самообразования.

Представим опыт Оренбургского государственного университета по созданию системы непрерывного педагогического образования преподавателей. Факультет повышения квалификации преподавателей создан с целью реализации системы непрерывной профессиональной подготовки специалистов в области образования.

Основными направлениями работы факультета являются:

- непрерывное повышение педагогической квалификации преподавателей высших и средних профессиональных учебных организаций;
- разработка и внедрение профильных образовательных курсов для преподавателей университета различных специальностей и направлений подготовки;
- модернизация системы повышения квалификации слушателей в сфере современных информационных технологий образования;
- профессиональная переподготовка по различным направлениям.

Преподаватели в условиях постоянной модернизации высшей школы, появления новых образовательных технологий могут испытывать затруднения и в процессе профессионального развития нуждаться в педагогической поддержке. В Оренбургском государственном университете разработана и апробирована система непрерывного педагогического образования преподавателей, которая реализуется дополнительными профессиональными программами. По утверждённым дополнительным профессиональным программам осуществляется профессиональная переподготовка и повышение квалификации преподавателя, разнообразные как по тематике, так и по содержанию и продолжительности. В настоящее время на факультете повышения квалификации преподавателей Оренбургского государственного университета реализуются такие программы повышения квалификации как «Современные образовательные технологии в учебном процессе в условиях реализации ФГОС 3++», «Технология разработки электронного контента для онлайн - образования», «Массовые открытые онлайн - курсы: проектирование и создание», «Использование ресурсов электронной информационно - образовательной среды ОГУ при реализации образовательных программ ФГОС

ВО». Реализация дополнительных профессиональных программ направлена на изучение возможностей электронной информационно-образовательной среды ОГУ для организации доступа к учебным планам, рабочим программам дисциплин (модулей), практик; рассмотрение способов проведения занятий и процедур оценки результатов обучения, реализация которых предусмотрена с применением электронного обучения, дистанционных образовательных технологий; формирование готовности разрабатывать массовые открытые онлайн-курсы в соответствии с требованиями ФГОС ВО, способности использовать массовые открытые онлайн-курсы в образовательном процессе вуза.

Очно - заочная форма обучения с применением дистанционных образовательных технологий и использованием электронной образовательной платформы Moodle, консультации ведущих специалистов на межпредметном уровне, индивидуальное курирование слушателей курсов переподготовки – всё это направлено на повышение уровня готовности слушателей к реализации целей и задач образования в изменяющихся условиях социума.

Результаты анкетирования 46 слушателей дополнительных профессиональных программ свидетельствуют, что разработанный вариант методической поддержки развития профессиональной компетентности оценивается позитивно (97 % респондентов). Преимуществами такого подхода преподаватели считают сочетание свободы выбора программы обучения, освоение педагогической рефлексии и участие в обобщении и распространении инновационного опыта. Анализ результатов позволил определить, что дистанционный формат обучения предпочитают 47 % слушателей и 53 % - аудиторный. Достоинствами сочетания дистанционного и аудиторной форм обучения в профессиональном педагогическом развитии преподаватели считают, как осознание значимости своего педагогического опыта и создаваемых инноваций, так и возможность самосовершенствования в своем ритме и направлении, возможность реализовать свою профессионально-субъектную позицию и педагогическое мастерство в большей мере, чем при традиционной организации обучения по дополнительной профессиональной программе. Среди форм обучения большое количество респондентов предпочитают тренинги (62 %), меньше всего – лекции (16 %), семинары же выбрали 22 %. Среди ожиданий от обучения выделилось «Овладение профессиональными навыками» - 76 %, «Развитие общепрофессиональных качеств» - 19 % и 5 % ожидают «Получение новых теоретических знаний», 42,4% слушателей мотивировали свое обучение возросшими требованиями к уровню профессиональной компетентности преподавателя, и потребностью к саморазвитию и самосовершенствованию, что демонстрирует личностную осознанность потребности слушателей к получению дополнительного профессионального образования.

Опрос слушателей дополнительной профессиональной программы показывают, что главным критерием эффективности обучения является повышение уровня развития профессиональной компетентности, содержание

нового знания и развитие общепрофессиональных качеств. В ответах на вопросы преподаватели отмечали гибкость, открытость, адаптивность предлагаемой системы.

Таким образом, дополнительное профессиональное образование обеспечивает развитие профессиональной компетентности преподавателя в условиях меняющихся стандартов, образовательных программ, учебно-методической и научно-исследовательской работы и обеспечивает подготовку педагогов к работе в инновационной образовательной среде. Тем самым создаются условия, способствующие обеспечению доступа преподавателей к системе дополнительного образования в соответствии с их индивидуально-профессиональными потребностями на протяжении педагогической деятельности.

#### Литература

1. Зотова, Н.К. Формирование команды в условиях апробации персонифицированной модели повышения квалификации / Н.К. Зотова// Современные проблемы науки и образования. 2014. № 3. С. 298.

2. Толковый словарь по информационному обществу и новой экономике [Электронный ресурс].- Режим доступа: <https://investfuture.ru/dictionary/word/cifrovizaciyaadigitization>

3. Распоряжение Правительства РФ от 22.11.2012 № 2148-р «Об утверждении государственной программы Российской Федерации «Развитие образования» на 2013-2020 годы» [Электронный ресурс].- Режим доступа: <http://минобрнауки.рф/документы/4106>

4. Приказ Министерства труда и социальной защиты РФ от 8.09.2015 № 608н «Об утверждении профессионального стандарта «Педагог профессионального обучения, профессионального образования и дополнительного профессионального образования» [Электронный ресурс]. URL: <https://base.garant.ru/71202838>.

5. Сластенин, В.А. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.

6. Кузьмина, Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения / Н.В. Кузьмина. – М.: Высш. школа, 1990. – 119 с.

7. Мезенцева, О. И. Проектирование и реализация дополнительных профессиональных образовательных программ повышения квалификации для педагогических работников / О. И. Мезенцева // Философия образования. - 2013. - № 4 [49]. - С. 123-128.

8. Кулюткин, Ю.Н. Ценностные ориентиры и когнитивные структуры в деятельности учителя / Ю.Н. Кулюткин, В.П. Бездухов – Самара: СамГПУ, 2002. – 400 с.

УДК 37.013

**ЦИФРОВОЙ ПРОФИЛЬ ОРГАНИЗАЦИИ В СЕТИ ИНТЕРНЕТ  
КАК ИДЕНТИФИКАТОР ЭФФЕКТИВНОСТИ И КАЧЕСТВА  
ПРЕДОСТАВЛЯЕМЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ  
УСЛУГ**

**Павлова С. Г.**

*Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение  
высшего образования*

*«Оренбургский государственный университет», Россия*

*[335736s@mail.ru](mailto:335736s@mail.ru)*

**Аннотация:** Стремительное развитие информационных технологий и интернет - коммуникаций связано с повышением эффективности деятельности образовательных и воспитательных услуг образовательных организаций. В фокусе данного вопроса анализируется уникальная возможность рассмотрения сайта школы (детского сада, Вуза) как идентификатора качества работы и реализацией национальных проектов.

**Ключевые слова:** цифровой профиль, национальные проекты, качество образования, сайт образовательной организации

**Abstract:** The rapid development of information technology and Internet communications is associated with increasing the effectiveness of the educational and educational services of educational organizations. This issue focuses on the unique opportunity to consider the school website (kindergarten, university) as an identifier of the quality of work and the implementation of national projects.

**Keywords:** digital profile, national projects, quality of education, website of an educational organization

Федеральный национальный проект «Цифровая образовательная среда», являющийся одним из десяти направлений национального проекта «Образование», в век глобализации и инновационных преобразований с учётом развития информационных технологий в различных сферах человеческой деятельности является одним из самых актуальных и востребованных современной действительностью, как в общем образовании, так и высшем. Основная цель связана с повышением качества образования и его доступностью, с возможностями IT-технологий, призванных на развитие как обучающихся, так и педагогов и преподавателей детского сада, школы, ВУЗа. Безусловно, данный проект невозможно считать обособленным, а скорее включающим в себя границы и других направлений, в частности: успех каждого ребёнка, учитель будущего, новые возможности для каждого, молодые профессионалы, социальная активность, современная школа. Данные конгломераты могут быть основополагающими при открытом отчёте для общественности (в том числе родительской как заказчика образовательных и воспитательных услуг) на официальном информационном сайте.

В рамках исследуемой темы по стратегическому менеджменту образовательной организации в аспектах внедрения национального проекта по организации цифровой образовательной среды предполагается рассматривать интернет ресурс учреждения как цифровой профиль, идентифицирующий

эффективность и качество предоставляемых образовательных и воспитательных услуг. Критерии предоставляемой информации определяются полнотой, открытостью, доступностью и мобильностью. Кроме основных сведений, связанных с деятельностью, структурой и органами управления, документах и о финансово-хозяйственных отчётах организации, материально-техническом оснащении, сведений о порядке приёма и обучения, предполагается наличие сведений о руководителе, его заместителях.

Таблица 1 Национальные проекты на сайте образовательной организации

Проект	Мероприятия	Цифровая среда, ссылка на сайте
Современная школа	Оснащение передовым оборудованием, участие в грантовых программах, создание IT-площадки, внедрение новых методов обучения	Публикации о жизни школы в социальных сетях, СМИ, обмен опытом
Учитель будущего	Сведения об уровне образования педагогических работников организации, квалификации, учёном звании, профессиональной деятельности и участием в конкурсном движении. Методология наставничества	Ссылка на личный сайт или интернет - ресурс с авторскими работами и методическими материалами
Успех каждого ребёнка	Использование дистанционных образовательных технологий, Наличие и полнота информации о конкурсах и олимпиадах в отчетном году (в том числе во всероссийских и международных), проводимых при участии организации.	Публикация результатов конкурсов, олимпиад, соревнований
Социальная активность	Взаимодействие с общественными организациями, учреждениями дополнительного и профильного образования Реализация программ школы с привлечением частных инвестиций	Публикации на сайте школы и в СМИ
Дополнительное образование	Наличие дополнительных (авторских) образовательных программ: туризм и краеведение, социально-педагогическое, техническое, физкультурно-	Ссылка на сайте организаций

	спортивное, художественное, естественно-научное направления	
--	---	--

Один из примеров реализации выше обозначенного. В МОАУ СОШ№6 г. Орска» в рамках дополнительной парциальной программы для обучающихся специальных коррекционных классов для детей с ОВЗ было создано детское объединение «Медиа центр «ФОКУС: ДЕТИ», где ребята проходят обучение по специализации «журналистика» и пробуют себя в роли корреспондента школьных новостей: освещают массовые мероприятия, берут интервью у одноклассников, гостей (респонденты - от первоклассника до начальника управления образованием г. Орска), делают фото и видеорепортажи. Все данные новости транслируются на специально созданном интернет-портале (режим доступа <https://vk.com/public187053722>), а читателями являются ученики школы, родители, гости мероприятий, педагоги других образовательных учреждений. Занятия в кружке журналистов помогают обучающимся справиться с большинством нарушений в общем недоразвитии речи различной степени, гиперактивностью, эмоциональной закрытостью и замкнутостью, обеспечивают социальную реализацию, тест в профессии и формируют потребность в успешности, которая так легко приходит в процессе творческой деятельности, в создании выпуска школьной новости. Кроме того, дети с удовольствием больше познают предметы русского языка, культуры речи, литературы, психологии, эстетики, поскольку всё это и есть необходимые составляющие профессионального журналиста. Данный пример демонстрирует на практике реализацию задач сразу нескольких национальных проектов: успех каждого ребёнка (обучающийся готовит и размещает новость на школьном канале и получает широкое признание не только одноклассников, но и широкой общественности), социальная активность (юный журналист общается с людьми разного возраста, образования, статуса, самостоятельно преодолевает коммуникативные барьеры, вызывая собеседника на диалог), современная школа (для фото и видео сюжетов новостей обучающийся использует новейшие гаджет-системы, телефоны, компьютеры и размещает в сети интернет в цифровом пространстве), социальные лифты для каждого (для обучающихся в детском объединении нет дифференциации по уровням восприятия, развития, понимания, обученности, в режиме подготовки школьных новостей работает единая команда разновозрастных учащихся, в том числе из специальных коррекционных классов с ОВЗ), новые возможности для каждого (ранняя профориентация по специальности журналистика), цифровая образовательная среда (подготовленная юным журналистом работа размещается на новостном сайте «Медиа центр «ФОКУС: ДЕТИ» и является одновременно и результатом обучения по дополнительной программе внеурочной деятельности, и стимулом к дальнейшей реализации данного направления).

В настоящее время сайт образовательной организации является стратегически значимой характеристикой и брендом, характеризующим успешность учеников (в детском саду-воспитанников, в ВУЗе-студентов),

профессионализм и высокий уровень подготовки педагогического персонала, востребованность выпускников в обществе. Интернет-ресурс позволяет образовательной организации быть открытой, быть готовой к диалогу для любого представителя общества через электронную почту, систему google, социальные сети. Таким образом, школа может принимать участие в межрегиональном сетевом сообществе, участвовать в Международных конференциях.

#### Список литературы

1. Государственная программа Российской Федерации «Информационное общество 2011-2020 гг» [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.rg.ru/2010/11/16/infobschestvo-site-dok.html>. Дата обращения 09.05.2020

2. Бренд школы как фактор её конкурентоспособности в образовательном пространстве города. Киберленинка [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/brend-shkoly-kak-faktor-ee-konkurentosposobnosti-v-obrazovatelnom-prostranstve-goroda> Дата обращения 09.05.2020

3. Павлова, С. Г. Феномен речевых коммуникаций как способ акмеологического развития детей с ОВЗ в условиях социальной инклюзии. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [https://conference.osu.ru/registration/about\\_members/extra\\_info.html?id=1562](https://conference.osu.ru/registration/about_members/extra_info.html?id=1562) Дата обращения 09.05.2020.

Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры [Электронный ресурс] : материалы Всероссийской научно-методической конференции ; Оренбург. гос. ун-т. — Электрон. дан. — Оренбург : ОГУ, 2020. — 1 электрон. опт. диск (CD-ROM) : зв., цв. ; 12 см. — Систем. требования : IBM PC 686 (Pentium II, K6-2) ; MS Windows 9.x/NT 5.x ; процессор 233 МГц ; оперативная память 128 Мб ; доп. программные средства : веб-браузер ; Adobe AcrobatReader XI — Загл. с этикетки диска.

Материалы конференции зарегистрированы в ФГУП ИТЦ «Информрегистр», изданию присвоен номер государственной регистрации 0322000439 (<http://catalog.inforeg.ru/Inet/GetEzineByID/326625>)

ӘОЖ 37.05

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

**Кожамжарова Гульсим Джумагалиевна**  
*№212 мектеп-гимназиясының педагог-психологы*  
*Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*  
[kozhamzharova.gulsim@mail.ru](mailto:kozhamzharova.gulsim@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақстанда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру жүйесінің құрылуының алғышарттары өткен ғасырдың 20-жылдардан бастау алған. Дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту және тәрбиелеу қызметі туралы Елбасымыз халыққа Жолдауында, ҚР Білім туралы заңында айрықша мән беріп көрсеткен. Аталған мемлекеттік қызмет бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жүйесінің бағдарламаларын, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынысы бойынша даму мүмкіндігі шектеулі балаларға логопед, дефектолог, психолог пен әлеуметтік педагогтың түзете қолдауымен бірге ұсынылған арнайы бағдарламаларды іске асырады.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі оқушы, арнайы білім беру, оңалту-түзету

Аннотация. Предпосылки создания специальной системы образования для детей с особыми образовательными потребностями в Казахстане относятся к 1920-м годам. Президент Республики Казахстан в своем Послании народу Закона Республики Казахстан об образовании уделил особое внимание деятельности по образованию и воспитанию детей с нарушениями развития. Эта государственная служба реализует программы начального, основного среднего, общего среднего образования, специальные программы, предлагаемые детям-инвалидам с коррекционной поддержкой логопедов, психологов и социальных педагогов по рекомендации психологического-медико-педагогического консультирования.

Ключевые слова: ученик с ограниченными возможностями, специальное образование, реабилитация

Abstract. The prerequisites for creating a special education system for children with special educational needs in Kazakhstan date back to the 1920s. The President of the Republic of Kazakhstan in his Message to the People of the Law of the Republic of Kazakhstan on Education paid special attention to the activities on education and upbringing of children with developmental disabilities. This public service implements primary, basic secondary, general secondary education programs, special programs offered to children with disabilities with the corrective support of speech therapists, psychologists and social educators on the recommendation of psychological, medical and pedagogical counseling.

Keywords: student with disabilities, special education, rehabilitation

Қазіргі таңда мемлекетімізде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше мән беріліп, барынша қолдау көрсетілуде. Елбасының халыққа жолдауында, ҚР Білім туралы заңында: «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» жолдауында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқыту жүйесі туралы айрықша айтылып, көрсетілген.

Инклюзивті оқыту - бұл балалардың физикалық, ақыл-ой және басқа ерекшеліктеріне қарамастан жүргізілетін, жалпы білім беру жүйесіне жаңадан енгізілген оқыту жүйесі. Терминнің өзі латын тілінен алынған, «include» - «қосу, қамту» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім беру аясында оқыту процесіне бейімделетін бала емес, керісінше, білімнің сипаты мен қарқыны баланың қажеттіліктеріне бейімделеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға орта мектептерде білім беру мамандандырылған мекемелерде білім беруге қарағанда тиімдірек, өйткені балалар сол жерде әлеуметтік тәжірибе алады. Сонымен қатар, дені сау балалар даму мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге білім ала отырып, толеранттылық пен жауапкершілікті сезінеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін оқытудың басқа нұсқалары қолданылады:

- ❖ Үйде оқыту;
- ❖ Арнайы мектептер мен мектеп-интернаттар;



- ❖ Орта мектептердің түзету сыныптары
- ❖ Қашықтан оқу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үйде тегін жеке оқу құқығы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру» мемлекеттік қызметі арқылы іске асырылады. Үйден оқыту Л.С.Выготскийдың дамыту концепциясына сәйкес, актуальды дамыту аймағына – баланың даму деңгейіне және – баланың ересек адамның сәл ғана көмегімен, серіктестігімен, оның өзара әрекеттестігімен қол жеткізетін – жақын даму аймағына негізделген. Бұл бағдарлама оқушының танымдық қызметін түзету жұмысын берілген санаттағы балалардың жеке-жас шамасы бойынша ерекшеліктерін есепке ала отырып, мақсатты бағыттауға және дифференциалдауға, сонымен бірге баламен диагностикалық-түзету жұмыстың болашағын бақылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша дамуында ауытқуы бар балалар саны артуда. Ол балалар арнайы бала-бақшаларда, арнайы мектеп интернаттарында, арнайы сыныптарда және де логопедиялық пункттарда тәрбиеленеді. Демек, мұнда олар арнайы коррекциялық, психологиялық және педагогикалық көмектермен қамтамасыз етіледі. Арнайы педагогикадағы бұндай жағдайлар әлемдік деңгейде барлық мемлекеттерде кездесетін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе мүмкіншілігі шектелген балаларды мүмкіндігінше әлеуметтік қоғам өміріне белсенді және жеке тұлға ретінде қалыптасып, өз беттерінше өмір сүріп дағдылануына көмектеседі.

Abstract: Relations, components of communication, interaction, mutual understanding, saying that we are not just a relationship as an organization of interaction, communication, consider as such a unifying of all components. Thus, you can distinguish between two types of communication: communication with adults and communication with peers. Are these industries equal to each other? Of course not. Upon arrival at birth, the child is in contact with adults, but its content and direction are changing more and more.

Keywords: communication, communication, interaction, mutually enriching adults, relationships, girlfriend, relationships. changes'.

Елімізде болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, балалардың дамуын, шығармашылық әлеуетін жаңа тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Қоғамдық ортаға жеңіл бейімделетін, елгезек, тез тіл табысқыш мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастырудың орыны ерекше. Осы тұрғыда мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасы әлеуметтік-эмоционалдық дамуын сипаттайтын мәселелер бар.Әлеуметтік қобалжу, қоршаған орта алдындағы қорқыныш, қауіптенушілік сезімі, құрбыларының шектеп тастауы, конфликтілі жағдайдағы топтан оқшаулану сезімдері бала

психикасындағы көп толғандыратын жайт. Бала әрбір халықтың, әрбір мемлекеттің болашағы. Мемлекеттің өзінің өскелең ұрпағына қандай қамқорлық жасап отырғанына қарап, оның келешек қоғамының бет бейнесін көруге болады. «Бала келешек жеке тұлға емес, ол - осы күннің өзінде- ақ жеке тұлға. Балалар бізді толғандыратын барлық сезімдер мен ойлардың бастауына негіз болатын тіршілік иелері, бұл бастауларға жетекшілік етуде нәзіктік пен мейірімділік таныту керек». Мектепке дейінгі жас бала дамуында жаңа әлеуметтік жағдайлардың пайда болуымен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі баланың өзін қоршаған адамдар арасынан алатын орнының ерте сәбилік шақтағы балаға қарағанда елеулі айырмашылығы болады. Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың ересектермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс- әрекет ересек адамның нұсқаларын дербес орындаумен алмасады.

Мектепке дейінгі шақтың елеулі ерекшелігіне баланың құрдастарымен арнайы өзара қарым - қатынасының пайда болуы «Балалар қоғамының» құрылуы жатады. Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менінің» және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен үлкендердің ішкі дүниесіне олардың іс -әрекеттері мен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар . Ал олардың қандай азамат болып шығуын қадағалау- қазіргі балабақша мектептерге, тәрбиеші мұғалімдерге тікелей жүктелетін жауапты жұмыс. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың өзара және ересектермен арасындағы қарым- қатынасы аса маңызды өзекті мәселе болатыны сөзсіз. Қарым –қатынас - ол адамның жеке басының дамуында қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Тілдесу арқылы адамдар өзара қарым -қатынас жасап, бір- біріне білдірмек болған ойын жеткізіп пікір алысады. Мектеп жасына дейінгі балалардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе ойын әрекеттерінде көрінетіндіктен, ойын барысында туындаған кейбір келіспеушіліктер мен конфликтілер баланың топтан оқшаулануының бір себебі болып табылады.

Қарым-қатынас зерттеу мәселесімен айналысушы ғалымдардың көпшілігі( А.Г.Ковалев, М.И.Лисина, А.В.Петровский, К.Обуховский, В.С.Мусина, В.С.Мусина, В.С.Мухина және т.б.) адамдардың қарым-қатынасты жүзеге ерекшеліктерін тағайындаған. Тәрбиелеудің жаңа шарттары мектепке тәрбие қызметінің жаңа формасы оқушылар ұжымын тудырады. Ол жеке адамның жан-жақты дамуына мейлінше жақсы жағдайлар жасайды. А.С.Макаренко көпжылдық педагогикалық тәжірибені қорытып-талдау негізінде: егер балалар ұжымы нағыз ұйым болса, онда ғажайып нәрселер жасауға болады деген[1.].

Ұжым-бұл баланың жеке басын қоғамдық бағытта қалыптастыру мектебі. Мұнда оның жеке қасиеті, қабілеттілігі және адамгершілік сапалары неғұрлым айқын көрінеді. Ұжымда бала айналадағы дүние дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге, нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға, рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге ұмтылуын көрсете алады. Ұжым-жалпы мақсатпен және қоғамдық пайдалы бірлескен еңбекпен

топтасқан тұрақты бірлестігі. Дені таза және топтасқан ұжымына тән сипаттар - идеялық нысаналылық, оның іс-әрекетін жалпы ұйымдастыру, өзара тығыз әрекет етуі, жалпыға бірдей жауапкершілік, ұжымның жеке мүшелеріне жоғары талап қоюшылық. Жақсы ұйымдасқан ұжымның маңызды белгісі - дені таза қоғамдық пікір, сенім мен жоғары талап болуы. Сондай-ақ, топтық коллективі үшін онда игі дәстүр, алға тартымды перспектива қою, сергек, көңілді күй, жоғары тәртіп орнату, сын мен өзара сынды дамыту тән. Мектеп жасына дейінгі ұжым - бұл өзіндік әрекетке ие ұйым, ол оның барлық мүшелері әр түрлі іс-әрекет ұйымдастыруда дербестік және инициатива көрсеткен жағдайда өсіп, дамиды. Ұжымының тәрбиелік ролін көтеру - даму тенденциясының бірі. Жақсы ұйымдастырылған ұжымда үш негізгі қызмет: ұйымдастырушылық, идеялық-тәрбиелік және әр алуан іс-әрекетті ынталандыру қызметі ойдағыдай орындалып отырады. Ұжымдық- топтық жұмысты ұйымдастыру жайында сөз қозғалғанда, оны жарақтауды есте тұтудың маңызы үлкен. Тәрбиеші балаға тікелей әсер жасай алады, бірақ оған жолдастары арқылы, балалар коллективі арқылы да әсер жасай алады. Жеке адамға тәрбиелік ықпал жасаудың негізгі формасы, негізгі құрал-жарағы балалар коллективі болады.

Ұжымдық-топтық жұмысты ұйымдастыру және тәрбиелеу жөніндегі мәселені шешу кезінде жеке адам мен коллективтің ара қатысы туралы маркстік-лениндік ілімді басшылыққа алады, аса көрнекті педагогтарының теориялық тұжырымдарына және тәжірибелерге арқа сүйейді. Бұл тәжірибе ұжымның тәрбие берудің өте маңызды және ешнәрседен ауыстыруға болмайтын формасына айналғанын көрсетеді. Жеке адамның жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай ұжымда ғана жасалады. Әрине, ұжымда жеке адамға автоматты түрде әсер етпейді. Ішкі ұжымдық қарым-қатынастарды дұрыс ұйымдастырудың маңызы үлкен. Олар жеке-дара даму үшін қолайлы, қолайсыз және екіталай болуы мүмкін. Педагогтардың міндеті - балалардың бір-бірімен араласуын ұйымдастыру, балалар коллективінде дұрыс өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Мұның өзінде араласу балалардың бір-біріне ықпал жасауын ғана емес, өзара әрекеттес болуды, өзара әсер етуді, өзара тәрбиені де қарастырады [2.].

Тәрбиешінің тәрбиелік ықпалына біріктіру 20-30 жылдары педагогика мен мектептің маңызды міндеттерінің бірі болды. «Тәрбиешілер ұжымы болуы керек, - деп жазды А.С.Макаренко - тәрбиешілер ұжымға біріккен жерде және біртұтас жұмыс жоспары, балаға деген бірыңғай ықпал жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болуы мүмкін емес».

А.С.Макаренко «Совет мектебіндегі тәрбие проблемалары» атты мақаласында: «Зор беделді және сүйікті мектеп коллективінің қоғамдық пікірін бақылау осы тамаша достық одақтың мүшесі ретінде оқушының мінезін шыңдайды, ерікті тәрбиелейді, жеке бастық мінез-құлықтың қоғамға пайдалы дағдыларын, мектеп үшін және өзі үшін мақтаныш сезімін бойға сіңіреді. Сонда бала... өзін қалай ұстауды, өзі құрметтейтін коллективтің оны не үшін мақұлдайтынын және не үшін: кіналайтынын біледі» [3.].

Әрине, қоғамдық пікірдің барлығы дерлік жақсы роль атқара бермейді. Кейде, дұрыс тәрбиелемеудің нәтижесінде нашар пікір туады. Мысалы, бір топ тұтасымен тәртіп пен әдепті әдейі бұзатындарды бүркемелейді де мұны жолдастықтық көрінісі деп біледі. Педагогтардың міндеті - өтіп жатқан оқиғаға коллективтің дұрыс көзқарас қалыптастыру қоғамдық пікірді жағымсыз фактілермен қарсы күресуге жұмылдыру. Тәрбие беруде коммунистік тәрбие міндеттеріне лайықты қоғамдық пікір ғана игі роль атқарады. Ұжым іс-әрекетінің жоғары идеялы, оның ұжымдарының өзін-өзі басқару органдарының негізгі міндеттеріне сәйкес келуін қамтамасыз етудің соншама маңызды екендігі осында жатыр. Ұжым өз ішінде байсалды сын және өзара сын, оның мүшелерінің теріс қылықтарын коллектив болып айыптау бар жағдайда тәрбие берудің қуатты құралына айналады. Егер кемшіліктер туралы батыл да ашық айта алатын болса және іскер және принципті сынды дұрыс қабыл ала білсе, мектепте жақсы қасиеттерді қалыптастыру ойдағыдай өтеді. Жөнсіз қылықтар ескерусіз қалмайды. Оларды тәрбиеші, меңгерушінің нұсқауын күтпей-ақ балаларды өздері-ақ айыптайды. Ұжымында сын мен өзара сынның даму деңгейі көбіне оның топтасу дәрежесіне байланысты болады.

Тіпті, өте талантты педагогтың бір өзі, ұжымдық топқа сүйене отырып қол жеткізерліктей табысқа жете алмайды. А.С. Макаренконың тәрбие беретін мекемелердегі көпжылдық тәжірибесі негізінде дұрыс, советтік тәрбие тұтас, күшті, әсерлі коллективтер құру жолымен ұйымдастырылуы тиіс деген қорытындыға келуі тегін емес. Ол оқушылар коллективін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ең басты формасы ретінде қарастырылады.

Ұжымда және ұжым арқылы тәрбие беру жеке-дара ықпал жасауды, әрине, жоққа шығармайды, оны да қарастырады.

Ұжымдық-топтық қарым-қатынасты ұйымдастыру, топтастыру және тәрбиелеудің ролі үлкен. Олар ұжымының өмірі мен жұмысына идеялық мазмұн береді. Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі ұйымдарының алдына қойған міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектесуге жұмылдырылған: саяси жағынан белсенді, істі білетін, еңбекті сүйетін және жұмыс істей алатын, өз Отанын қорғауға әрқашанда дайын адамдар ұрпағын қалыптастыруға септігін тигізу.

Ойын мектепке дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті болып табылатындықтан, қоршаған ортаны тануы, жалпы дамуы, қарым-қатынасы ойын барысында жүреді. Жетекші іс-әрекеттің шешуші маңызын көрсету бала айналысатын басқа іс-әрекеттердің назардан тыс қалдыру дегенді білдірмейді, дегенмен олар психологиялық жаңа құрылымдардың сипатын ашпайды.

Біріншіден, бұл баланың ересектермен қатынастарының, ал осы арқылы нақтылыққа деген қатынасының осы кезеңге сай дамуы толық көрсетіледі.

Екіншіден, жетекші іс-әрекет баланы осы кезеңде психикалық дамудың қайнар көзі болып табылатын қоршаған ортаның элементтерімен байланыстырады. Үшіншіден, жетекші іс-әрекетке ең алдымен дамудың осы кезеңінде байқалатын бала тұлғасының негізгі психологиялық өзгерістеріне тәуелді. Төртіншіден, жетекші іс-әрекет ішінде баланың негізгі психикалық

процестері қалыптасады немесе қайта құрылады, баланың жаңа жоғарғы даму сатысына өтуін даярлайтын психикалық процестері дамиды[4.].

Баланың кез келген ойынында өзара қарым-қатынас орнайды. Ойынды ересек ұйымдастыратын және онымен бірге ойнайтын жағдайда, бұл - ересектермен өзара қарым-қатынас, балалар бір-бірімен ойнағанды қалайтындықтан, көбіне бұл-құрбыларымен өзара қарым-қатынас. Қарым-қатынастың құрамдас бөліктері-коммуникацияны, өзара әрекетті, өзара түсінушілікті атай отырып, біз өзара қарым-қатынасты жай ғана өзара әрекетті ұйымдастыру ретінде ғана емес, қарым-қатынастың осындай барлық құрамдас бөліктерін біріктіруші ретінде қарастырамыз. Осылайша, қарым-қатынастың екі түрін айыруға болады: ересектермен қарым-қатынас және құрбысымен қарым-қатынас. Осы салалар өзара бір-бірімен тең бе? Жоқ әрине. Бала дүниеге келісімен ересектермен қарым-қатынаста болады, бірақ оның мазмұны мен бағыты барған сайын өзгерістерге ұшырап отырады. Құрбысымен қарым-қатынас кейіннен үш жасқа қарай пайда болып, мектепке дейінгі шақта өз кемеліне жетеді. Балалық шақ кезеңінде ересектермен қарым-қатынас ересектердің әсерінің мазмұнымен қатар формасы бойынша ажыратылатын түрлі іс-әрекет барысында пайда болады. Іс-әрекеттің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ересек қоршаған ортаға деген қатынасын баланың өзіне алған рөлі арқылы жанама түрде қатысатын ойын.

Ойында баланың мінез-құлқы, ойын барысында (басқа адамдардың міндеттерін атқаратын) өзінің достарына деген қатынасы анағұрлым бедерлі түрде ересектің бағыттаушы бейнесі арқылы жанамаланады. Ойында бала түрлі рөлдерді орындау арқылы бір жағынан әдеп нормаларын меңгереді, екінші жағынан тұлғалық мінез-құлық механизмдері, яғни өзінің мінез-құлқын шынайы елес түрінде берілетін үлгіге бағындыру механизмі қалыптасады. Ойынға бір табан жақын, формасы жағынан түрліше болатын баланың өнімді іс-әрекеті – сурет салу, мүсіндеу, құрастыру болып табылады.

Ересек пен баланың осындай жаңа қатынастарының орнауы мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру үрдісі болып табылады. Бала тұлғасының дамуында қарым-қатынас басты рөл атқарады. Себебі, өзінің ең қарапайым тікелей эмоционалдық түрінде ол қоршаған ортадағы адамдармен байланыс орнатуға алып келеді және тұлға мәнін құрайтын қоғамдық өзара қатынастар үйлесімділігінің немесе жиынтығының бірінші компоненті болып табылады. Қатынастардың көрсетілген түрлері бір-бірінен оқшау емес, керісінше бала өзін басқалар арқылы танитын «үйлесімділікті» құрайды.

Ұжымдық-топтық жұмыс балалар құрбыларымен өзінің тұлғалық сапаларын дамытуға мүмкіндік беретін ойын барысында айқын байқауға болады. Бірлескен ойын іс-әрекетінде бала өзінің әрекеттерін басқа балалардың әрекеттеріне сәйкестендіруге үйренеді. Балалар тобындағы басқа мүшелерімен нақты қатынастары ұжымдық сапаларды қалыптастырып қана қоймай, баланың өзіндік санасын да дамытады. Құрбыларына, жаңадан қалыптасып келе жатқан ұжымның пікіріне ден қою оның бойында әлеуметтік сезімдерді: дербестікті, топқа еру қабылетін, жан ашу қабілеттерін



калыптастырады. Егер ойын сюжеті балаға ересектердің қызметімен және өзара қарым-қатынастарымен танысуға мүмкіндік беретін болса, онда нақты өзара қарым-қатынастар оны түрлі жағдайларда өзін ұстауға үйретеді.

Мектепке дейінгі барлық жас кезеңінде ойынның мазмұны мен түрі елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Кіші жастағы балалар ойынның негізгі мазмұны - ересектердің өмірдегі шынайы заттармен жасалатын әрекеттерін (еден сыпыру, нан кесу және т.б.) ойын заттарымен орындау. Бұл жаста балалар әдетте жалғыз ойнайтынын атап өткен маңызды. Тіптен ойынды ересектер ұйымдастырып, ойын заттары ортақ болған күннің өзінде де балалар бірге емес, қатар ойнайды. Ал ересек балаларда рөлдерді орындау қажеттілігінен бірлесіп ойнауға қызығушылық туындайды. Балалардың шынайы қарым-қатынастарын дамыту тұрғысынан маңыз алатын рөлдік қарым-қатынас пайда болады [5.].

Ойында балалар өз әрекеттерін жеңіл үйлестіреді. Рөлдік бағыну мен әрекеттерін үйлестіру сатысы құрбыларының біріне деген ұзақ қызығушылығының пайда болуына сәйкес келеді. Ойын белсенді қарым-қатынасқа себеп бола бастайды. Ұжымдық-топтық жұмыс арнайы дағдыларынсыз басқа баламен бірлесіп әрекет жасау оңайға түспейді. Осыған орай бала қарым-қатынасты орнату мен құрбыларының өзіне деген ықыласын жоғалтып алмас үшін өзара түсіністік жолдарын іздестіреді.

Қарым-қатынастардағы кейбір «жеңілтектік», ойында серіктесін жиі ауыстыру баланың адамдар арасындағы түрлі өзара қарым-қатынастарды меңгеруге тырысуын білдіреді. Достық қарым-қатынастарды әлсін-әлсін жаңарта отырып, бала мінез-құлықтың көптеген формаларымен танысады, осылайша құрбылары арасында еркін әрекет етуіне мүмкіншілік туады. Балалар іс-әрекетін күрделендіру көбіне досының пікірін, оның мүдесін ескеру қажеттілігінің пайда болуына алып келеді. Балаларға өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру оңайға түспейді, және көбіне олар алғашқы кезде осы нақты жағайдың ерекшеліктерін түсінбестен оларды үстірт қабылдайды. Өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру тек осы ережелерді өзгерту, бұзу және қалпына келтіру тәжірибесінде жинақтайтын балалардың тәжірибесі нәтижесінде жүзеге асады. Ересектермен жағымды өзара қатынасты орнатқан жағдайда, бала оларға сеніммен қарап, қоршаған ортадағылармен жеңіл қатынас орнататын болады.

Ересектердің балаға деген немқұрайлы қатынасы оның әлеуметтік белсенділігін төмендетеді: бала тұйықталып, шырмалып қалады, өз-өзіне сенімсіздікпен қарайды және өзінің агрессиясын құрбыларына көрсетеді. Ересектер тарапынан немқұрайлы қатынас жағдайында балалардың бір бөлігі бастаған іс-әрекетін тоқтатады, ал басқалары, керісінше жұмыс екінін ұлғайтуы мүмкін, бірақ іс-әрекеттің өнімділігі бәрібір дереу төмендейді.

Мектепке дейінгі бала тұлғасының дамуында құрбыларымен жасалатын қарым-қатынас әсері ерекше рөл атқарады; құрбыларымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі пайда болады. Балалар қоғамында бала ұжымдағы мінез-құлықтың, ұстаз емес, іс-әрекетке өзімен теңдей қатысушылар болып табылатын қоршаған ортадағылармен өзара қарым-қатынас орнатудың алғашқы

дағдыларын меңгереді. Осылайша, ойын ересектермен де, құрбыларымен де өзара әрекеттесуге (қарым-қатынас) мүмкіндік береді. Ойынның кез келген түріндегі қарым-қатынаста балалардың позициясы өзгеріп отырады. Ересектермен ұйымдастырылатын кез келген ойын түрлері, оның ойынға жетекші және серіктес ретінде қатысуын анықтайды. Дидактикалық ойында, ережелі ойындарда, дамытпалы ойындарда ересек - ұйымдастырушы, ойынның жетекшісі ретінде танылатындықтан, ойынның осындай түрлерінде бірінші орынға балалармен қарым-қатынас мәселесі қарастырылады[6].

Мектепке дейінгі сала педагогтары мен психологтарының кәсіби білімінің баламалы үлгілерінде басты қағида - тәрбиелеу мен білім беру үрдісіндегі педагог ұстанымын өзгерту. Бұл жерде басты мәселе бала болуы, ал ересек ойын арқылы оны оқытып және тәрбиелеп қана қоймай бірқатар білім беру міндеттерін шешуге тиіс. Осылайша, мектепке дейінгі жастағы балаларды ойын мен қарым-қатынастың ара қатынасын қарастыра отырып, біз өзара әрекет ретіндегі қарым-қатынастың басымдылығын байқаймыз. Мұндай көзқарас осы саладағы көптеген шетел және Қазақстанның психолог-педагог ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. Астана 2008
2. «1 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім беру бағдарлама мазмұнының базалық минимумы». Астана. 2004
3. Ж.Б.Қоянбаев , Р.М.Қоянбаев «Педагогика» -Алматы 2002, 382 бет
4. Ж.Әбиев, С.Бабаев , А.Құдияров «Педагогика», Алматы «Дарын»-2004,443
5. Құрманалина Ш.Х., Мұқанов Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. “Педагогика” - “Фолиант” баспасы Астана – 2007 ж, 211 бет
6. Психологические исследования общения (отв. Ред, Б.Ф.Ломов, А.В.Беляев,В.Н.Носуленко)-М.: Наука, 1985-344 с.
7. Сухомлинский В. «Коллективтің құдіретті күші» Алматы, 1979 ж. Л.А. Венгер, Э.Г. Пилюгина, Н.Б. Венгер воспитание сенсорной культуры ребенка М, 1988

ӘОЖ 373.2

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

**Р.Е.Жандилдина  
З.Т.Ғалымжанова  
А.Б.Қара**

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа: Балалармен зерттеу жұмысын жүргізудің басты құндылығы мынада, ол ақыл-ойды қалыптастырады, сөздік қорды байытады, бала тұлғасының дамуын ынталандырады. Жобалау зерттеу әрекетінің өзектілігі барлық білім беру салаларынан өтіп, баланың есте сақтауын дамыту, ойлау процестерін белсендіру, балаларға зерттелетін нысанның әртүрлі тұстары, оның басқа нысандармен және тіршілік ету ортасымен байланысы туралы шынайы түсінік беруінде.

Кілт сөздер: балалар, зерттеу, жұмыс, құндылық, ақыл-ой, қалыптастыру, сөздік қор, тұлға, даму, жобалау әдісі, есте сақтау, дамыту, ойлау, белсендіру

Аннотация: главная ценность проведения исследовательской работы с детьми заключается в том, что он формирует ум, обогащает словарный запас, стимулирует развитие личности ребенка. Актуальность проектной деятельности заключается в том, чтобы пройти все сферы образования, дать детям истинное представление о развитии памяти ребенка, активизировать процессы мышления, о различных аспектах исследуемого объекта, его взаимосвязи с другими объектами и средой обитания.

Ключевые слова: дети, исследования, работа, ценность, интеллект, формирование, словарный запас, личность, развитие, метод проектирования, запоминание, развитие, мышление, активизация

Abstract: the main value of conducting research with children is that it forms the mind, enriches the vocabulary, and stimulates the development of the child's personality. The relevance of project activities is to go through all areas of education, to give children a true idea of the development of the child's memory, to activate the processes of thinking, about various aspects of the object under study, its relationship with other objects and the environment.

Keywords: children, research, work, value, intelligence, formation, vocabulary, personality, development, design method, memorization, development, thinking, activation

Заманауи жағдайда мектеп жасына дейінгі бала мектепке барған кезде «таза парақ» ретінде бола алмайды. Бірінші сынып оқушысына қойылатын талаптар көп жағдайда «дамытуға, үлесін қосуға, ақпараттандыруға, жаттығуға және т.б.» мәжбүр етеді. Ақпараттар мен білімнің көп көлемін білетін балалар оларды жүйесіз алады. Ересектің борышы – балаға қажетті ақпаратты табуға және алуға, оны жаңа білім түрінде меңгеруге көмектесу. Педагог баланы сауатты басқарады, тәрбиеленушіге білім беру әдістері мен тәсілдерін анықтайды. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жобалық іс-әрекетінің ерекшелігі қоршаған әлемде қайшылықтарды дербес таба алмауы, проблеманы тұжырымдай, мақсатты (ойды) анықтай алмайтындығы болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу-білім беру үдерісінде проблемалық іс-әрекет ынтымақтастық сипатында болады, бұл үдеріске мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен балалары қатысады, сонымен қатар ата-аналар мен отбасының басқа мүшелері тартылады.

Бүгінгі күні педагогтердің алдына қойылған міндет: белсенді, білуге құмар еліміздің ертеңі - жас ұрпақты тәрбиелеу. Қазіргі уақытта білім беру тәжірибесінде баланың танымдық әрекеті басым бағытқа ие болатын бала дамуының жаңа моделіне көп көңіл бөлінуде.

Жобалау зерттеу әрекеті бала жаратылысына және тәрбие мен оқытудың заманауи талаптарына неғұрлым толығырақ сәйкес келетін зерттеу

проблемалық, шығармашылық әдістер жиынтығын қамтитын инновациялық әрекет. Жобалау әдістері ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басында АҚШ-та пайда болды, оның негізін салған америка философы, психолог және педагог Дж. Дьюи, ол баланың жеке қызығушылығын ескеріп, оқытуды әрекеттерді мақсатқа сәйкестендіру негізінде жүргізуді ұсынды. Осы әдістің одан әрі дамуы У.Х. Кильпатриктің, Э. Коллингстің, Е. Пракхерстің, И.Ф. Свадковскийдің, С.Френнің және т. б., еңбектерінде көрініс тауып, бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл әдістің негізгі мақсаты таным процесін баланы кез-келген әрекетке емес, зерттеу сипатындағы әрекетке енгізу арқылы ұйымдастыру[1.].

Балалармен зерттеу жұмысын жүргізудің басты құндылығы мынада, ол ақыл-ойды қалыптастырады, сөздік қорды байытады, бала тұлғасының дамуын ынталандырады. Жобалау зерттеу әрекетінің өзектілігі барлық білім беру салаларынан өтіп, баланың есте сақтауын дамыту, ойлау процестерін белсендіру, балаларға зерттелетін нысанның әртүрлі тұстары, оның басқа нысандармен және тіршілік ету ортасымен байланысы туралы шынайы түсінік беруінде. Сонымен бірге, ғалым- педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау әдістерін іске асыруда негізгі мәселелерді анықтады, олар: зерттеу әрекетінде бала дамуына ықпал ететін біртұтас тәсілдің жеткіліксіздігі және педагогтардың жобалау зерттеу әрекетіне дұрыс басшылық жасай алмауы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) талаптарына сәйкес бала дамуының негізгі деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беруге көзқарас елеулі түрде өзгерді. Бұл кезеңде бала өзін және өмірдегі өз орнын сезіне бастайды, қарым- қатынас жасауға, басқа балалармен және ересектермен өзара әрекет етуге үйренеді.

Жобалау әдісін қолдана білу – педагогтың жоғары біліктілігінің, оның озық оқыту әдістемесін білуінің және балалар дамуының көрсеткіші.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау зерттеу әрекетін дамыту үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесіне жобалау зерттеу әрекетін енгізуді кеңейту;
- жобалау зерттеу әдісі бойынша жұмыс жүргізуде педагогтердің кәсіби біліктерін жетілдіру.

Әдістемелік ұсынымдардың құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау зерттеу әдісі», «Жобаларды топтастыру», «Жобалау әрекеті бойынша балалармен жұмысты ұйымдастыру», «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту тәсілдері».

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында жобалау зерттеу әрекетін жүйелі ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне зерттеу әдістерін енгізу – баланың жаратылысына және оқытудың заманауи міндеттеріне неғұрлым толық сәйкес келетін танымның негізгі бағыттарының бірі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар айқындалған, олар:

- ұлттық дәстүрлерге, сондай-ақ жалпы адамзаттық қағидалар мен нормаларға негізделген рухани-адамгершілік және мәдени-әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруға;
- балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасауға;
- жеке тәсілдер негізінде балалардың түрлі іс-әрекеттерінде олардың қабілеттерін, бейімділіктерін, талаптары мен дарындылықтарын дамытуға;
- бастапқы тең мүмкіндік беруді көздейтін қарапайым қимыл-қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға;
- мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен ынтымақтастығына бағытталған.

Стандарт: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын; заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айқындайды[2.].

Стандарт талаптары баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) іске асыру кезінде міндетті. Үлгілік бағдарламаға сәйкес әрбір білім беру салаларының ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мазмұны күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсатынан тұрады.

Белгіленген мақсаттар, мысалы, педагогтарға мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жобалау зерттеу әрекетін ұйымдастыруға және балалардың жетістіктерін келесі өлшемдер бойынша бағалауға мүмкіндік береді:

- қажетті ақпаратты түрлі дереккөздерден алады;
- өзіне айтылған сөздерді тыңдайды және түсінеді, әңгімені қолдайды, сұрақтарға жауап береді және сұрайды, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды, сөйлегенде сөздерді және тілдік этикетті қолданады;
- таныс материалдармен эксперимент жасай алады, себеп-салдар байланыстарын орната біледі;
- шарты бойынша, ойдан табиғи және қалдық материалдардан заттар құрастырады;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді;
- заттардың саны және шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді қолданады;
- өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытады;
- өз ойын айта алады, өзгелердің пікірін тыңдай біледі;

- адамның табиғатты қалай сақтауға болатыны туралы қорытынды жасайды;
- әртүрлі материалдардың қасиеттері мен белгілері және олардың қолданылуы арасындағы байланыстарды орнатады.

Жобаларды топтастыру:

қатысушылардың құрамы бойынша:

- жеке жобалар (бейнелеу және сөздік шығармашылықта);
- бір топтың балаларымен («Дені саудың жаны сау», «Достық көмек»);
- бірнеше топтың балаларымен («Айналамыздағы өсімдіктер», «Жануарлар әлемі» және т.б.);
- мектепке дейінгі ұйымның барлық балаларымен («Менің балабақшам», «Менің Қазақстаным»);

Мақсатқа бағытталуы бойынша:

- зерттеу-шығармашылық («Су әлемі», «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»);
- рөлдік ойын («Театр әлемі», «Сүйікті ойыншықтар» және т.б.);
- шығармашылық («Ертегілер елінде», «Ғажайып қыс» және т.б.);
- ақпараттық («Отан қорғаушылар», «Туған күн» және т.б.).

Перспективалық жоспарға сәйкес өтпелі тақырыптарды зерделеу барысында балалар үй жануарларының төлдерін, гүлдерді, өсімдіктерді, жәндіктерді бақылайды, экологиялық жобаларды орындайды және өз зерттеуінің нәтижесінде сұрақтарға жауап береді. іске асыру мерзімі бойынша:

- қысқа мерзімді (1 – 3 апта);
- орта мерзімді (бір айға дейін);
- ұзақ мерзімді (1 айдан бірнеше айға дейін). әрекет түрлері бойынша:
- зерттеу-шығармашылық (нәтижелерді газет, драматизация, балалар дизайні (макеттер және үлгілер) түрінде безендіру);
- рөлдік ойын (балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне енеді және мәселелерді өздері шешеді);
- ақпараттық (балалар ақпарат жинайды және оны іске асырады);
- шығармашылық (жұмыс нәтижесін балалар мерекесі, балалар дизайні түрінде безендіру және т.б.).

Жобалау әдісінің негізі педагогтың нақты практикалық мәселе (тақырып) бойынша балалармен және ата-аналармен бірлескен жұмыс барысында қол жеткізетін мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекетінің нәтижесіне бағытталуы[3.]. Жобамен жұмыс жасау – Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларындағы білім мен біліктерді қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қолдану.

Жобалау әдісі келесі әрекет түрлерін қамтиды:

Зерттеу әрекеті – Жобалау әрекеті – Ғылыми-техникалық шығармашылық.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы зерттеу әрекеті оқытуды бала сұрақтар қоя алатындай және оларға өзі жауап таба алатындай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аталған әдістің ерекшелігі мынада, педагог дайын білім бермейді, танымдық әрекетті ұйымдастырады және балаға түрлі өмірлік жағдайларда әрекет етуге жәрдемдесетін тәжірибелік біліктерді алуға көмектеседі.

Жобаларды орындау бірнеше жүйелі кезеңдерді қарастырады:

- ынталандыру (қызығушылығын ояту );
- жобаның мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- жобаны іске асыру (Не білемін? Не білгім келеді? Қалай білуге болады?);
- бақылау;
- жобаны таныстыру;
- бағалау.

Әр кезеңде педагогтің балалармен өзара әрекеті тұлғаға бағытталған сипатта болады. Жобалау әрекетін жоспарлау: «Жоба не үшін қажет?», «Жобалау әрекеті қалай іске асырылады?», «Жобалау әрекетінің нәтижесіне қалай қол жеткізуге болады?», «Жобаның нәтижесі қалай ұсынылады?» деген сұрақтардан басталады.

Осы әдістің табысты іске асырылуы келесі шарттар болғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін:

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын білу;
- күтілетін нәтижелерді анықтау;
- заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Жобалау технологиясы қатысушылардың білім беру процесіндегі бірлескен әрекетіне бағытталған: тәрбиеші-бала, бала-бала, балалар-ата-аналар. Бірлескен-жеке, бірлескен-өзара әрекет етуші, бірлескен-зерттеу әрекет түрлері болуы мүмкін.

Тақырып:

- балаға қызықты;
- орындалатындай, пайда тигізетіндей;
- бірегей болуы тиіс;
- жұмыс барынша жылдам орындалуы қажет.

Жобалау әдісі тәрбиешінің мектепке дейінгі жастағы балалармен бірлескен әрекетін: бейне мәтін, іскерлік ойын, таныстыру, дөңгелек үстел (жобаны іске асыру мәселелері), case-study әдісі (ағылшын тілінен аударғанда, case – оқиға, жағдай): жағдайды позициялық талдау, зерттеу жұмысының әр түрлерін қамтиды[4.].

Жобалау әрекеті нәтижесінің түрлері:

- газет, журнал, альбом; коллаж; гербарий; карта; экскурсия;
- ойын, мереке сценарийі; костюм, үлгі, сыйлық;
- мультимедиялық өнім; көрме және т.б.

Зерттеу жобасымен жұмыс жүргізу білім көлемінің үнемі кеңеюімен қызықты, себебі балалар барлық қол жетімді құралдарды қолдана отырып, өздері іздене бастайды. Нәтижелі зерттеу жұмысын жүргізгеннен кейін оқу жылының соңында балалар жобаларының көрмесі ұйымдастырылуы, балалардың белсенділігі атап өтілуі және әрбір қатысушы «Бәрін білгім келеді!» медалімен, ата-аналар ғылыми жетекшінің атынан (топ тәрбиешісі, әдіскер, меңгеруші) «Зерттеу жұмысында балаға қолдау көрсеткені үшін» алғыс хаттарымен марапатталуы тиіс. Нәтижесінде балалардың өзін бағалауы артады, түрлі білім салаларына танымдық қызығушылығы дамиды,

коммуникативтік дағдылары және адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымда жобалау әрекетін ұйымдастыру педагогтарға қолданылатын инновациялық әдістер мен технологияларды, балалар мен ата-аналардың, тәрбиешінің арасындағы өзара әрекетті кеңейтуге мүмкіндік береді; балалардың бойында белсенділік, дербестік қалыптасады. Жобалау технологиясын мектепке дейінгі ұйымда іске асыру үшін педагогтардың жобалау әрекеті мазмұны мен маңызы туралы білетіндерін зерделеп алу қажет. Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру барысында жобалау зерттеу әрекетін қолдану әр баланың толыққанды дамуына мүмкіндік туғызады. Көптеген заманауи педагогтар тәжірибесі көрсеткендей жобалау әдісі мектеп жасына дейінгі баланың дамуына оң ықпал ететін танымдық әрекеттің маңызды саласын қамтиды[5.].

Жобалау әдісі қолданылу аясының ауқымдылығымен өзекті, ол балаға эксперимент жасауға, алған білімдерін жинақтауға, «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» барлық білім беру салаларында ойлауын, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Балаларда дербестік, белсенділік, жауапкершілік, бір-біріне сенім білдіруі, танымдық қызығушылығы, өз уақытын нақты бөлуі және жоспарлай білуі дамиды. Еліміздің болашақта көркейіп, бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны (-Үлгілік бағдарлама) 2019 ж Нұрсұлтан қаласы.28 б
- 2.Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 2011. - 336 бет.
- 3.Секербекқызы С.Р. Жобалау және кейс технологиясы. Алматы, 2007ж.,
- 4.Бағдаулет Ж. Жобалау әдісі – жобалы оқыту құралы / Педагогика мәселелері. – 2010., №4, 33б.
- 5.Жиенбаева С.Н., Сыздықбаева А.Д. Жобалау әрекеті-мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық ерекшелік. Алматы 2015 ж
- 6.Кульчицкая Т.Е.,Проектная деятельность старших дошкольников. - Волгоград: Учитель, 2011

ӘОЖ 372.2

## **МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ АСПЕКТИЛЕРІ**

**Р.Е.Жандилдина**

**А.Е.Дуйсебекова**

**Л.А.Турсунова**

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық қ., Қазақстан Республикасы*



Аңдатпа: Интерактивті оқыту – оқыту құралы болғандықтан, оқыту үрдісінде ойынды қолдану кездейсоқ нәрсе емес. Педагогтар мен психологтар білім берудегі дағдарыстарды жеңудегі ойынның аумақты мүмкіншілігі зор екенін атап өтеді. Интерактивті оқыту барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі.

Кілт сөздер: Интерактивті оқыту, оқыту құралы, оқыту үрдісі, ойын, педагогтар, психологтар, білім беру, дағдарыстар, аумақты мүмкіншілік, танымдық үрдістері, музыкалық ойыншықтар, әр түрлі саздық аспаптар, ажыратуға, заттарды пішіні, түсі, көлемі, әр түрлі қимылдар. дидактикалық ойындар, сұрақ, өтініш, дауыс ырғақтары, еліктеу қабілеттері .

Annotation: since interactive learning is a learning tool, the use of the game in the learning process is not accidental. Teachers and psychologists note that the game in overcoming crisis situations in education has great opportunities. In the course of interactive learning, such processes as hearing, vision, sensation, perception develop. children learn to distinguish the sound features of musical toys and various musical instruments, select objects by shape, color, volume, and perform various movements. In the oral didactic game, the ability to imitate intonation rhythms that Express a question, statement, or agreement is developed.

Keywords: interactive learning, textbook, educational process, game, teachers, psychologists, education, crises, regional opportunities, cognitive processes, musical toys, various musical instruments, distinguish, shape, color, volume of objects, various movements. didactic games, questions, statements, voice rhythms, and the ability to imitate .

Бүгінгі білім мен тәрбие технологиясында «жеке тұлға» тәрбиелейтін тәрбиешінің де өзіндік жеке тұлға ретінде шығармашылығының орны ерекше. Жаңа педагогикалық технология балаларды сабақ процесіндегі белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Міне осы талап тұрғысынан алғанда «Оқытудың интерактивті әдісі» шешуші орын алады. Егерде сабақ үстінде балалар мен тәрбиешілердің арасында тығыз қарым – қатынас орнатылса және ұтымды нәтижеге жетсе, бұлайша оқытуды интерактивті деп атаймыз. Мұндай қарым – қатынас балалар өз ойларын талқылап, шешімін табуға тырысқан кезде байқалады.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі сфераларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты мектепалды даярлық тобы балаларының танымдық әрекетін белсенді, оны тиімді басқару және дамыту тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып табылады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Көп жайларды зерттеп, көңілге түйіп, іздену - әр ұстаздың міндеті.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында тәрбиеші мен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Қазақ тілін оқыту үрдісінде көптеген негізгі әдістемелік инновациялар оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен тығыз байланысты болып отыр. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы бала қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарап іріктеп қолданады. Бұл жерде балалардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсаты – балаларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интерактивті әдісті пайдаланудың тиімділігі аса жоғары. Оқушы дайын білімді көшіріп алмай, өз бетімен ізденуге мүмкіндік алады. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал тәрбиешінің міндеті – баланың неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда тәрбиешінің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады [1.].

Интерактивті оқыту – түсіндіру мен өзара қарым – қатынас диалог ретінде топқа бөлініп оқыту әдіс – тәсіліне негізделген оқытудың түрі. Нәтижесінде оқушы жинақталған тәжірибесін сыртқа шығарып, оны өмірде пайдалана алады. Интерактивті оқыту әдісінің бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни жауабының алуан түрлерін, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, қарым-қатынас ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сөздік қорын белсенді дамытуда бағытталуында. «Интерактивті оқыту» бұл ағылшынның «interact», “Inter”» – өзара, «act» – әрекет ету деген сөзінен шыққан. Сондықтан, интерактивті оқыту ең бірінші диалогтық оқыту, оқыту барысында оқушы мен оқытушы арасындағы өзара байланысуы. Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым-қатынасқа түседі:

1. Тәрбиешімен (балалар тәрбиешінің сұрағына жауап берген кезде);
2. Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
3. Шағын топтармен (3-5 баламен);
4. Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
5. Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
6. Кейбір техника түрлерімен (мысалға, компьютермен);

Белсенді оқыту әдістемесінде топтағы балалардың сандық құрамы өзара қатынастың не оқудың сапалылығын білдірмейді. «Өзара қатынас» әдісінің ерекшелігі оқушылардың өзін-өзі ашуы, ашылу үрдісімен

байланыстылығында. Оның мәні – балалар білім алу дағдыларын өзара қарым-қатынас арқылы меңгереді. Белсенді әдістеме білім берудің сапалы, нәтижелі болуына көмектеседі.

Белсенді әдістемені пайдаланудың факторлары:

Балалар ақпарат алып қоймай, сол сұрақтың шешімін табу жолы мен шешімнің дұрыстығын түсіндіре білуі, өз ойларын талдауы, бағалауы және дәлелдеуі; талқыланып отырылған мәселе бойынша дұрыс емес шешімдер қабылдау дау туғызатындықтан балалар өз көзқарастарын, пікірлерін терең талдайды, сараптаудан және қорғаудан өткізеді, сөйтіп олардың ойлау белсенділіктерінің деңгейі жоғарылайды.

Оқушылар кейбір мәселені шешу барысында өздерінің күнделікті өмірде алған тәжірибелерін не басқалардың тәжірибелерін пайдаланады. Балалардың жұп болып немесе шағын топпен жұмыс жасағандары өте тиімді. Балалар өздерінің жеке көзқарасынан не пікірінен басқа, дұрыс пікірлердің бар екендігін біліп, түсінеді.

Интерактивті оқыту – оқыту құралы болғандықтан, оқыту үрдісінде ойынды қолдану кездейсоқ нәрсе емес. Педагогтар мен психологтар білім берудегі дағдарыстарды жеңудегі ойынның аумақты мүмкіншілігі зор екенін атап өтеді. Интерактивті оқыту барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі.

Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады[2.].

Интерактивті оқыту екі түрлі уақыттық кезеңінде әсер етеді: қазіргі және болашақта. Бір жағынан бала бірден, осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан, ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда, ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін рухани адамгершілік қасиеттер мен дағдылар, икем қалыптасады.

Интерактивті оқыту арқылы жүргізілетін ойындар кеңінен пайдаланылады. Ойын әдісі көрсету, түсіндіру, нұсқау беру, сұрақтар қою сияқты тәсілдермен ойын әрекетінің құрамдас бөліктерін үйлестіре отырып, пайдалануды көздейді. Айталық, ойынның негізгі құрамдас бөлігі – ойын ахуалы (ситуациясы) деп көрсетеді Ә.Меңжанова. Мысалы, байланыстыра сөйлеуге жаттықтыруды ұйымдастыру үшін «Ойыншықтар дүкенін» құру. Балалар сатушы, сатып алушылардың ролінде болып, бір-бірімен қарым-қатынас, ойыншықтармен, ойын материалдарымен түрлі әрекет, қимылдар жасайды. Еліктеу арқылы жаттығады.

Өйткені бұлар өмір сүруге әлде де жөнді дағдыланбаған, мұндай ұжымның құрамы екі-үш баладан аспайды. Мәселен, ойында топ-топ болып ойнау, ойын

ережесін сақтау жолдастарының алдында жауапкершілігін сезіне бастау, өзін ұстай білу сияқты ұжымдық ойындардың негізгі белгілерін олар жақсы түсінеді. Ұжымдық ойындарда бала жолдастықтың мәні неде екенін түсіне бастайды. Өзінің басындағы мінез-құлықтың кейбір теріс бітістерінен (тартыншақтық, менмендік, өкпешілдік, қыңырлық т.б.) ұялып, одан арылғысы келеді. Осындай ойындарда баланың қабілеттері жақсы жетіле бастайды.

Балалар үшін интерактивті оқыту - сергіту тапсырмалары, демалу уақыты болып табылады. Ойын сергіту, демалу құралы бола тұрып, оқу қызметіне ауысады, оқушылардың танымы кеңейеді, еңбек етуге үйретеді.

Бала белсенділігі ойын үстінде танылады. Ойында барлық балалар тең. Оны әр бала орындай алады. Сондай-ақ тілден дайындығы нашар оқушы ойында бірінші болуы да мүмкін [3.].

Мектепалды даярлық топ балаларының танымдық белсенділігін дамытуда дидактикалық ойынның тәсілдері мен ойындық жағдайлар мынадай бағыттарда жүреді:

- 1) оқу әрекеті ойын ережесі мен тәртібіне бағынады;
- 2) оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады;
- 3) оқу әрекетінде жарыс, байқау элементтері екеуі де жақсы мағынадағы бәсекелестік рух береді, әрі жарықтық рух дидактикалық міндетке айналдырады;
- 4) тапсырмалардың жемістері, жетістіктері ойын нәтижесімен байланыстырылады.

Мектепалды даярлық топ балаларының танымдық белсенділігін дамытуда интерактивті оқыту қызметі мынадай функцияларды орындайды: оқыту, тәрбие, сергіту, қарым-қатынастық, релаксациялық, психологиялық, дамытушылық. Енді осы функцияларды нақтырақ қарастыратын болсақ:

1) Оқыту функциясы есте сақтау, зейін, ақпаратты қабылдау, жалпы оқытуда білім және біліктерін, тілдік ұғымдарды меңгеру қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді. Мұның бәрі ойынның эмоциялық және ойлау қызметі, шешім қабылдау білігінің қалыптасуын талап ететін және басқа да оқыту мүмкіндіктеріне бай ерекше ұйымдастырылған оқу қызметі екенін көрсетеді.

2) Тәрбие функциясы зейінділік, ойын бойынша серігіне адамгершілік қатынасы, ізеттілік, өзара көмек және өзара қолдау сияқты қасиеттерге тәрбиелейді. Сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

3) Сергіту функциясы сабақ барысында жағымды атмосфераны қалыптастыра отырып, сабақты қызықты, тартымды, тіпті кейде ертегі әлеміне немесе ерекше оқиғаға айналдырады.

4) Қарым-қатынастық (коммуникативтік) функциясы тілдік ұғымдарды сөйлеу тілінде сапалы және сауатты қолдана білуде оқушы ұжымдарын біріктіреді, жаңа эмоциялы-коммуникативтік қатынастарды қалыптастырады.

5) Релаксациялық функция – тілдік теорияларды белсенді меңгеруде жүйкеге салмақ түсуінен пайда болған эмоциялық шаршауды жоюға көмектеседі.

6) Психологиялық функциябаланың неғұрлым сапалы қызметі үшін жеке физиологиялық біліктерінің қалыптасуынан және кең көлемді ақпараттарды меңгеру үшін психикасын қайта құрудан тұрады. Психологиялық тренинг жүзеге асырылады, өмірдегі жағдайларға жақын рөлдік ойындарды және басқа да ойындар кезінде қалыптасатын түрлі жеке психологиялық аспектілердің пайда болуынан байқалады.

7) Дамытушылық функциясы жеке тұлғаның жасырын мүмкіндіктерін ашылуы және белсенділігі үшін жеке қасиеттерінің даму үйлесімділігіне бағытталады [4.].

Мектепалды даярлық топ балаларының танымдық белсенділігін дамытуда дидактикалық ойынның алатын орны ерекше. Біз ол туралы зерттеу жұмысымыздың алдыңғы тарауларында айтып өткен болатынбыз.

Интерактивті оқыту – оқыту құралы. Балалар үшін интерактивті оқыту - сергіту тапсырмалары, демалу уақыты болып табылады. Ойын - сергіту, демалу құралы бола тұрып, оқу қызметіне ауысады, балалардың танымы кеңейеді, еңбек етуге үйретеді. Бала белсенділігі ойын үстінде таныла бастайды.

Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің негізгі ерекшелігі болғандықтан оның мәні: баланы қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі, баланы ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл-ой қызметін қалыптастырады және интерактивті оқыту тәрбиелеудің құралы болып табылады.

Интерактивті оқыту шешуін іздеп табарлықтай қызғылықты жайлармен ұштасып жатқаны жөн. Қызыға ойнаған ойын баланың ақлын өсіреді, құмарлығын арттырып –қойылған міндетті жөндеп орындауға ұмтылдырады.

Мектепалды даярлық топ балаларының танымдық белсенділігін интерактивті оқыту арқылы дамыту «Біз мектепке барамыз» мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы негізінде жүзеге асады.

Бағдарлама бес білім беру саласын қамтиды және мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді. Әр саланың мазмұны төмендегідей құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған: денсаулық сақтау; коммуникативтік-тілдік; танымдық; шығармашылық; әлеуметтік.

Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты дербес бөлімдерден тұратын білім беру салаларының жұмысын жүргізу болып табылады.

«Таным» білім беру саласында баланың қоршаған ортада бағдарын кеңейтіп, толықтыру, салыстыру, талдау, жалпылау, байқау, үлгілеу, қарапайым іздеу әрекеттерін меңгеру, табиғатты қорғау тәсілдерін меңгеруі, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жұмыстардың міндеттерін, мазмұнын мен шарттарын айқындап көрсетеді.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұнының мақсаты: жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Танымдық белсенділікті дамытатын интерактивті оқыту сабақ кезінде өтетіндіктен оқу жүйесіне саналады.

Айталық, мектепалды даярлық тобындағы балаларға төмендегідей интерактивті оқыту барысында компьютермен дидактикалық ойындарды ұсынуға болады.

«Жылдың төрт мезгілі» дидактикалық ойыны. Жылдың төрт мезгілі орманда кездеседі. Амандасып бір-бірімен хал сұрасқаннан кейін олардың әр қайсысы «Жаз», «Көктем» және «Күз»,

«Қыс» өздерінің ерекшеліктерімен мақтанады.

Қыс:-Мен қыспын! Ең суық, қаһарлы мезгілмін. Үш ай – желтоқсан, қаңтар, ақпан айында күнді суытып, қарды жаудырамын. Өзендерде, көлдерде мұзды қатырамын. Сол кездерде қандай ұлттық мерекенің бар екенін айтады.

Балалардан «Қыс» туралы қандай тақпақ, өлең, жұмбақ білетіндерін сұрайды.

Көктем: -Мен көктеммін – деп мақтанып, «Құстар» туралы, табиғаттың өзгеруі туралы, «Наурыз» туралы айтады. Осылай жылдың төрт мезгілі айтысып, соңында табиғат та, жылдың төрт мезгілі де тамаша деп қорытындыланады.

әрекеттік бағытқа көп көңіл бөлініп, қазіргі кезде «табысты іс-әрекет», «іс-әрекет табыстылығы», «табысты кәсіби іс-әрекет» ұғымдары терен зерттелуде. Себебі, кез келген іс-әрекет нәтижесі табысты да, табыссыз да болуы мүмкін. Болашақ мұғалім ретінде студенттің табысты кәсіби іс-әрекетке даярлықтарын қалыптастыру және әлеуметтік табыстылығын дамыту бүгінгі өзекті мәселенің бірі.

Ғалымдардың пікірінше, адам әлеуметтік рөлді қаншалықты игеруіне, әлеуметтік іс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына тұлға болып қалыптасып дамиды. Әртүрлі мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, кәсіби білімді тұлға қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмақ. Әрбір тұлға тек өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы ғана дами алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ожегов С.И. Словарь русского языка - М.: Русский язык, 1991. - 917 с.
- 2 Даль В.И. Толковый словарь. - М.: Русс. яз., 1991. -Т. 4. - 2007с.
- 3 Вилюнас В.К. Психология эмоций. Тексты / Под ред. В. К. Вилюнаса, Ю. Б. Гиппенрейтер. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. - 288 с
- 4 Белопольская Н.Л. Учебная мотивация детей с задержкой психического развития в условиях психического насыщения // Дефектология. 1995. - №1.
- 5 Коротаева Е.В. Ситуация успеха: психолого-педагогические механизмы и этапы организации// Директор школы, 2002. - №2. - С.38-44.
- 6 Никитина Е.А. Искусственный интеллект: философия, методология, инновации //Философские проблемы информационных технологий и киберпространства. - 2014. - №2. - С. 108-122
- 7 Аристотель. Сочинения. В 4-х т. - М.: Мысль. 1976. - Т. 1. - 550с.
- 8 Монтень М. Опыты: в 3-х кн. Кн. 3. - М.: Голос, 1992. - 416с.
- 9 Платон. Сочинения. В 4-х т. - М., 1965. - 564с.
- 10 Мирцхулаева Р. Л. Воздействие эмоциональной ситуации оценки на эффект эмоциональной установки: дис. канд. психол. наук.-Тбилиси, 1986. - 126 с.
- 11 Аминов Б.Г. Задатки, способности и одаренность учителя// Мир психологии. - М., 1997. - №2.
- 12 Федосеева А., А.М.Мальц Проблемы жизненной успешности и пути ее исследования//Человек в контексте эпохи: мат-лы регион. Науч. Конференции, посвященной 85-летию М.Е.Бударина (30 ноября 2005г.)/Отв. ред. И.И.Крот. - Омск: ОмГПУ, 2005. - С. 235-240.
- 13 Клочкова О.Ю. Модель успеха как фактор профессионального выбора (на примере студентов Московских педагогических вузов): автореф. дис. ... канд. социологич. наук. - М., 2003. -24с.
- 14 Артемьев С.А., С.А.Багрецов и др. //Проблемы психологии и эргономики. - 2002. - Вып. 4. -С. 52-55.
- 15 Турецкая Г.В. Страх успеха: психологическое исследование феномена// Психологический журнал. - 1998. -Т. 19. -№1. -С. 16-37.

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІ

**Нұралина С.Е.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Семей қ., Қазақстан Республикасы*

Аннотация: В данной статье были проанализированы проблемы развития социальной успешности будущих педагогов. На основе теоретического анализа психолого-педагогических исследований были определены особенности развития социальной успешности будущих педагогов.

Ключевые слова: будущие педагоги, успешность, социальная успешность.

Abstract: This article analyzes the problems of developing the social success of future teachers. Based on the theoretical analysis of psychological and pedagogical research, the features of the development of social success of future teachers were determined.

Keywords: future teachers, success, social success.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті мұғалім әрекетінің табыстылығы мен тиімділігін анықтау, оны қамтамасыз ететін құралдар мен әдістерді таңдау, әдістемесін дайындау болып табылады. Әсіресе тұлғалық-тұрақты және кәсіби өзін іс жүзінде көрсете алатын мұғалімнің қалыптасу үрдісінің оңтайлы тәсілдерін дайындау, оның тұлғасының табыстылығын дамыту заңдылықтарын айқындау мәселесі өзекті.

Табыстылық феномені - барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған, оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырған маңызды мәселенің бірі. Тарихқа көз жүгіртсек, табыс, табыстылық және әлеуметтік табыстылық туралы идеялар сонау ежелгі грек философы Аристотель еңбектерінен бастау алып, одан кейінгі орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби және т.б. ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз.

О.Н. Родина кәсіби іс-әрекет табыстылығының сыртқы (әріптестері мен басқа да адамдардың кәсіби шеберлігіне берген оң бағасы, кәсіби шеберлігін бағыттаушы) және ішкі (өз іс-әрекетінің табыстылығын өзіндік бағалау) өлшемдерін бөліп көрсете отырып, ішкі бағалаудың кәсіби іс-әрекеттің нәтижелілік, жұмысқа белсенділік және әріптестерімен дұрыс қарым-қатынасы, ғылымның дамуына үлес қосуы, субъектінің іс-әрекеттегі сұраныстарын қанағаттандыру, еңбегі үшін марапаттау сапаларына байланыстылығын ерекше атап көрсетеді [1].

А. Бандура [2], т.б. ғалымдар табыстылықты табысқа жетудің нәтижесінде немесе үміттенуінде пайда болатын күй ретінде қарастырды. Бірқатар ғалымдар өз зерттеулерінде (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.М. Митина т.б.) педагогикалық іс-әрекет табыстылығы педагогикалық қабілетті дамытуды анықтайтынына назар аударды.

А.К. Маркова «педагогикалық іс-әрекет табыстылығын зерттей отырып, педагог үшін жағымды өзін-өзі бағалауды қалыптастыру маңызды болып саналады, одан мұғалімде өзін жағымды қабылдау пайда болады, өзіне деген

сенімділігі артады, өзінің мамандығына және жұмысының тиімділігіне қанағаттанады» - деп есептейді [3].

Л.М. Митина мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің табыстылығын оның «Ментұжырымдамасы» мен өзіндік сана-сезімінің даму деңгейімен байланыстырады. Ол мұғалімнің табысты тұлғасын дамытуды біліктілік деңгейін көтеру және педагогикалық бағыттылық құрылымын жетілдіру үрдісі ретінде қарастырады, құзыреттілік, эмоциялық икемділік арқылы өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін мұғалімнің саналы түсінуі керек деп санайды. Тұлғаның табыстылығын дамытудың негізгі факторы тұлғаның ішкі ортасы, оның белсенділігі мен өзін-өзі танытуы деп тұжырымдайды [4].

Е.В. Ерофеева мұғалімнің кәсіби табыстылығын «жағымды педагогикалық нәтижеге алып келетін кәсіби іс-әрекетті орындау» ретінде зерттей отырып, «табыста бір жағынан, субъективті талап, жағымды эмоция және адамның мүмкіндіктері (субъективті құрылымы), екінші жағынан, оның жетістіктері (объективті құрылымы), сонымен қатар нақты жетістікке жетудегі іс-әрекеттер жүйесі (аралық, объективті-субъективті құрылымы) көрініс табуы тиіс» - деп санайды [5].

С.А. Дружилов тұлғалық және кәсіби өмірлік табыс деп бөліп көрсете отырып, субъектілік пен отбасылық жайлылықты сезінумен байланысты тұлғалық жетілу деңгейін, екіншіден, шығармашылық өзіндік ерекшеліктің нәтижесі және оның іс-әрекетінің өнімін, үшіншіден, тұлғалық пен кәсіби табысты оңтайлы үйлестірудің қажеттілігін дәлелдейді. Оның көзқарасынша, кәсіби табыстылыққа жету кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейін қамтамасыз етумен байланысты [6].

Н.А. Аминов қазіргі заманғы табысты мұғалім типінің төмендегідей сипаттамасын ұсынады: «Бұл бала тұлғасын эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйене отырып дамытуға талпынатын мұғалім. Оған оқытудың еркіндік әдебі, жеке дара тәсілі, адал және достық мінезі тән». Табысты мұғалім креативті педагог (шығармашылыққа аса бейім), өмір сүру салты тұрғысынан мұндай мұғалімдер тіршіліктің сан алуан саласында жан-жақты, қызығушылығы мен құмарлығы кең [7].

А.Н. Тесленко әлеуметтік табыстылықты дамытудың негізгі өлшемдерін бөліп көрсетеді: әлеуметтік мақұлданған жетістік, әлеуметтік белсенділік және табысты жағдаяттағы іс-әрекетті реттеу ерекшелігі. Педагогикалық мағынада табыстылық жағдаяты - бұл нақты өлшем (әлеуметтік маңызды нәтижеге жету, белсенділік (шығармашылық, ерік-жігер, қатынас) бойынша бағаланатын, педагогпен дайындалған стратегия мен тактика [8].

Ғалымдар зерттеулерінде әлеуметтік табыстылық адамның қоғамдық ортадағы орнына қатысты қанағаттанушылығымен және оның объективті сипатымен байланысты адамның белгілі бір күйі ретінде қарастырылады.

Ресейлік педагогтар табысты жеке тұлғаның күш-жігерінің нәтижесі деп түсіндіреді. Мысалы, Г.Ю. Ксензова «тұлғаның жеке табысын дербес сапа стандарты ретінде қарастырып, табысқа жетуге деген мотивация адамның өз еңбегі нәтижесінің жоғары бағасын алуға, әрекет етуге, өзін нығайтуға талабын

тудырады» - деп тұжырымдайды [9].

В.Ю. Питюковтың көзқарасынша, «табыс» ұғымы «белгілі бір жетістіктерге жетудің жақсы нәтижесі» - деп түсіндіріледі. Ол табыс мүлдем күтпеген жағдай болуы мүмкін, сондықтан жолының болуы, біреудің бақытты жұлдызы деген ойлардың айтылуы кездейсоқтық емес деп санайды [10].

Н.Е. Щуркова табысты оқу еңбегі барысындағы жеке жетістіктерді субъективті бағалау ретінде қарастырып, алайда «табыс туралы сөз қозғағанда біз, мысалы, емтиханда түскен ең оңай билет сияқты сәттілік немесе бақытты жағдайдан гөрі белгіленген мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелілікті ескереміз» - деп түсіндіреді [11].

Ресейлік психолог И.Л. Финько табысқа әсер ететін факторлардың ішінде «жастардың өздерінің табысқа жету қабілеттіліктеріне сенуі бірінші орында тұрады, бірақ өзгелердің көмегі, мәселенің күрделілігі, сәттілік және жолының болуыда сондай маңызды» - деп есептейді [12].

В.В. Славнов болашақ маманның кәсіби іс-әрекет табыстылығы мәселесін екі өзара байланысты контексте қарастырады: кәсіби жарамдылық өлшемі және кәсіби өсу болашағы. Кәсібилік субъектінің кәсіби іс-әрекетінің операциялық және мотивациялық саласы тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Операциялық жағы тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерді еңгізеді және мотивациялық саланың кәсіби өсу үшін маңызды мәнін анықтайды. Оның пікірінше, мотивациялық саланың даму дәрежесі кәсіби өсу перспективасын айқындайды [13].

О.И. Якутина «табыс» феноменінің көпмәнділігін және көпфакторлығын төмендегідей тұжырымдайды: а) табыс ұғымын абстрактылы түсіну және оның нақты мәнін толықтыру; б) табыстың жеке дара - тұлғалық эспозициядағы көпмаңыздылығы мен әлеуметтік мәнін ерекше қырынан ашу; в) қоғамдық тұрмыстың сан алуан саласындағы, адам әрекеті түрлеріндегі ерекшеліктерін білу; г) табыс факторларының көп мағыналылығына қарай жағымды мақсаттарды көрсететін құралдары мен әдістерін таңдау; д) табыстың көпфакторлы ерекшеліктерін әлеуметтену мен бейімделу секілді маңызды әлеуметтік үрдістермен сипаттау; е) табыстың көпқырлығын табыс формуласы мен түрлері арқылы айқындау; ж) табыстың көпмәнді қырын әлеуметтік символдармен мақұлдау және тану; з) табыстың көпмағыналылығын оған тән плюралистікпен (салыстырмалық, жарыстыру, бәсекелестік) сипаттау [14].

Біз қарастырып отырған маманның кәсіби еңбекте шыңға жету, әлеуметтік тұрғыда табысты болу мәселесі адамның жеке дара қасиеттерімен байланыста қарастырылады. Бұл ретте адам философиясының бастаушысы, негізін салушысы Сократтың ойынша, белгілі бір асыл қасиет туралы білім жинаған адам сол қасиетке жете алады, бәрі адамның өзіне байланысты, адам тәнін емес, рухын, жанын шыңдауға үнемі ұмтылуы тиіс, себебі, жаны бақытқа бөленген адам ғана бақытты деген пікір білдірсе, Аристотельдің ойынша, рахатқа бөлену - болмыстың жетілгендігі мен әдемілік болса, адам үшін бұл жетілгендік – өзінің адам ретіндегі іс-әрекетінің, қызметінің жетілгендігі. Ақыл-ой әрекеті дәл осындай адамды биікке бастайтын, оны рахат сезімге

бөлейтін асыл қасиет болады,яғни адамүшін рахат – асыл қасиетке жетуде. Біздің ойымызша кәсіп иесінің еңбекте биіктерге жетуі оны өмірдің ләззатын сезіну, қанағаттану сияқты сезімдерге бөлейді. Сондықтан да жоғарыда келтірілген ойлар педагогикадағы адамтану, оны жетілдірудегі тұлғаның күрделі әрі қызықты, шым-шытырығы мол ішкі әлеміне, рухани жан-дүниесіне үңіле білу арқылы оқыту мен тәрбиелеуде табысты болуға қол жеткізетін мұғалімдер үшін аса маңызды пікірлер деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Родина О.Н. Предпосылки успеха в труде психолога. //Вестник МГУ (психология). - 2000. - №4. - С. 55-64.

2 Бандура А. Теория социального научения. СПб.: Изд-во «Евразия», 2000. – 322 с.

3 Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Междунар. Гуманит. Фонд «Знание», 1996.

4 Митина Л.М. Формирование профессионального самосознания личности учителя// Вопросы психологии, 1990. - №3. - С.58-63.

5 Ерофеева Е.В. Факторы профессионально-педагогической успешности: автореф. дис.... канд педа. наук. Саратов, 2001.

6 Дружилов С.А. Психология профессионализма: Инженерно-психологический подход. - Харьков: Издательский дом «Гуманитарный центр», 2011. – 296 с.

7 Аминов Б.Г. Задатки, способности и одаренность учителя. /Мир психологии. - М., 1997.

8 Тесленко А.Н. Педагогика. -Астана, 2010. – 465 с.

9 Ксензова Г.Ю. Создание ситуации успеха учителя // Открытая школа. - 2007. - №1. - С. 31-34.

10 Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: учебно-практическое пособие. - 2-е издание испр. и доп.; гл. 3. Создание ситуации успеха и неуспеха. - М.: Гном-Пресс, Моск. Городское пед. общ-во,1999.-192 с.

11 Шуркова Н.Е. Практикум по педагогической технологии. - М.: Пед. общ-во России, 1998. - 250 с.

12 Финько И. Л. Психолого-педагогические показатели результативности образовательного процесса: Метод. пособие. - Ульяновск: ИПК ПРО, 2000. – 108 с.

13 Славнов С.В. Структурно-динамические характеристики образа успешного профессионала //Психология, 2003. - Т. 24. №1. -С. 82-90.

14 Якутина О.И. Социальные практики успеха: дискурс повседневности и социально-философское понятие автореф. дисс.... д-ра филос. наук: 09.00.11 - Краснодар, 2011. - 47с.

## **ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫНЫҢ БІРІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Омарова Д.Т.**

*№ 211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі,  
Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы  
[domarova75@mail.ru](mailto:domarova75@mail.ru)*

Аннотация: в статье рассмотрена технология дистанционного обучения в повышении уровня образования учеников с помощью создания единой информационной системы образования.

Ключевые слова: дистанционное обучение, Онлайн, Оффлайн, Вебинар, "E-learning"

Abstract: in the article reviewed issues of the creation of a unified information system of education improve education students through distance learning technology.

Keywords: controlled from distance educating, On-line, Of-line, Webinar, "E-learning"

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал қазіргі таңда білім жүйесіне қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

**Қашықтықтан оқыту дегеніміз** — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.



*Онлайн режимдегі оқыту* дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

*Оффлайн режимдегі оқыту* дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

*Вебинар* дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингер өткізу формасы.

Коронавирус (COVID-19) ауруының пандемиясына байланысты жарияланған карантинге орай еліміз қашықтықтан білім алу жүйесіне көшті. Белең алған жағдайға байланысты біз бұл жүйемен бір-ақ күнде бетпе-бет келдік. Әрине, туындаған мәселелер баршылық. Атап айтатын болсақ, барлық оқушылардың бірдей интернет желісіне қосыла алмауы. Алыс шалғай ауылдардың өзін айтпағанда, қала іргесіндегі ауылдарда интернет желісі нашар немесе ұстамайды. Ал интернет ұстаса, қолдарында пайдаланатын құрылғылары болмады. Осындай келеңсіз жағдайларды шешіп, үздіксіз білім беруді қамтамсыз ету үшін барлық мүмкіндік жасалды

Білім және ғылым министрлігі қашықтан оқытудың төрт түрін бекітті. Сабақтар екі республикалық арнадан көрсетілді әрі радиобайланыс пен интернет арқылы таратылды. Телеарна, интернет не радиодан білім алуға мүмкіндігі жоқ оқушылар пошта арқылы сабақ оқыды. Бірінші бағыт — телеарналар мен телесабақтар арқылы оқыту. Оқытудың екінші бағыты радиобайланыс арқылы жүзеге асты. Оқытуды жалғастыру үшін пошта да іске қосылды. Қашықтан оқытудың төртінші түрі — интернет жүйелер мен интернет-платформалар арқылы жұмыс істеу болды.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол оқу бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
- Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.

- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгірімін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата – аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Мұндай интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан және олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады.

Аталған олимпиадалар сайыс түрінде берілсе де, оқушыларды оқытады деп айтуға болады. Өйткені, оқушылар сабақ барысында алған білімдерін шындайды, тексереді, салыстырады. Оқушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар, сабақтар ұйымдастырылады. Қарқынды түрде қолданыс тауып жүрген ол – республика, облыс көлемінде ата – аналар қауымына арналған жиналыстар. Ата – аналар жиналыстары облыс т.б. қарым – қатынастарды нығайта, бекіте түсуде.

Оқу процесін сапалы ұйымдастырудың келесі түрі - «E-learning». E-Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді. Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі

болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып есептеледі. Әлемдік тәжірибелердің көрсеткіштері бойынша e-learning жүйесі білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды. Электронды білім беру кең ауқымды жобасының жүзеге асуы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің ақпараттандыру мақсатына үлкен жол ашпақ.

E-learning технологиялары оқу үрдісіне келесі мүмкіндіктер береді:

- Берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы;
- Оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы жекешілдік.

E-learning-тің басқа технологиясы – бұл мұғалімнің оқу сайты. Мұғалімнің оқу сайттарының ресурстары (бейнелекциялар, тест жұмыстар, практикалық тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, компаниялардың оқу-жаттығу жұмыстары) оқушыларға ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өз бабымен жұмыстануға мүмкіндік береді. Сандық білім беру контентін электронды оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми - әдістемелік зерттеулер құрайды.

Осылайша, e-learning технологиясы – бұл оқыту ортасы, оның көмегімен оқу үрдісін жекелеуге болады, оқытудың жылдамдығын таңдауға болады (ақпаратты қабылдаған кезде). Оқушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен бірге осы бағдарламаның артықшылығы – қосымша ақпараттар арқылы мектептің порталын /сайтын/ ашып, мектептің тарихы, оқушы, мұғалім рейтингісі, құрмет тақтасы, ҰТБ-ға дайындығы, қашықтықтан оқыту курстары, ата-аналар комитеті, сынып жетекшілігі, т.б. мәліметтерді автоматты түрде енгізуге болатындығы.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет».

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді акпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет)
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҰҒЫМЫ**

**Омарова Л.Т.**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы*  
[lazzat-79@bk.ru](mailto:lazzat-79@bk.ru)

Аннотация: в статье рассматриваются понятия толерантности в образовании и развития толерантности у личности. Показана роль толерантности в педагогике.

Ключевые слова: толерантность, личность, терпение, выдержка, культура.

Abstract: the article discusses the concepts of tolerance in education and the development of tolerance in individuals. The role of tolerance in pedagogy is shown.

Keywords: tolerance, personality, patience, endurance, culture.

Адамзат дамуының әрбір кезеңінде белгілі бір қажеттіліктер мен құндылықтардың туындайтыны сөзсіз. Ол адамның мәдени-рухани болмысына едәуір ықпал етеді.

Қай кезеңде де өзекті болған сондай қажеттіліктердің бірі – толеранттылық. Толеранттық ұғымының мәні өте тереңде жатыр. Толеранттылық ұғымы Антика дәуірінде бастау алғаны белгілі. Антика ойшылдары адам бойындағы толеранттылықтың (төзімділіктің) рөлін сол кезден-ақ айқындаған.

Ежелгі грек ойшылдары Сократ пен Платон: «Төзімділік деген интеллектуалды аскетизм және адамдардың рухани және әлеуметтік бірігуінің алғы шарты» деп қарастырған.[1]

Философиялық сөздіктерде: «толеранттылық»-басқа көзқарастарға төзімділік білдіріп, өзінің көзқарастары мен позицияларына берік болу деп түсіндіріледі. Толеранттылық-түрлі көзқарастарға, моральдық құндылықтар мен әдеттерге деген төзімділік.

«Төзімділік» ұғымы қазақ тілінде шыдамдылық, байсалдылық, келісімге келу, сабыр деген мағынамен тұспа-тұс келеді. Қазақ ауыз әдебиетінің жанрларында қазақ халқына тән шыдамдылық, төзімділік, сабырлылық сақтау қасиеттерінің бар екені байқалады. Мысалы, «Сабыр түбі – сары алтын», «Төзімді тілегеніне жетеді», «Еңбек шыққан жерден төзімділік те шығады».

Қазақ философиясында белгілі ғалым, академик Ә.Н.Нысанбаев «толеранттылық – өзге мәдениеттің өзіндік құндылықтарын мойындау ғана емес, бұл – өзара келісім мен құрметтің ең жоғарғы деңгейі, диалогқа түсушілердің рухани байлығының өсуінің кепілі» деп жазады. Ғалым «Қазақстан халқының рухани – құндылықтық әлемі» атты кітабында «қазақ халқы тәубесі бар, төзімді, даналыққа құштар, философ халық» дейді [2].

Белгілі ғалым, философ Ғарифолла Есім: «Қазақ даласында қалыптасқан толеранттылық сана-сезім мен мәдениетіміздің үлкен деңгейге шыққандығын көрсетеді. Егер біздің ата-бабаларымыз толерантты болмаса басқа ұлттың өкілдері Қазақстанға не үшін келеді? Бұл біздің жоғары мәдениетіміздің белгісі, бейбіт халық екенімізді көрсетеді» деген болатын [3].

Сондай-ақ, толеранттылық ұғымына педагогика ғылымы тұрғысынан түсініктеме беруде Г.Д.Дмитриев, А.В.Логинов, А.С.Меньшиков, В.В.Самсонов, М.Б.Хомяков, Дж.Грей, БМ.Маравер, Б.Берри, М.Уолцер, т.б. тарапынан үлкен қадамдар жасалды.

Бұл термин батыста ертерек қолданыла бастады, оның себебін демократиялық үрдістердің онда бұрын жүргенінен көруге болады. Мәселен, толеранттылықтың шығу тегі жөнінде қалыптасқан дәстүрлі теорияны, оның алғаш пайдаланылуын Дж.Локктың «Діни төзімділік туралы жолдау», Дж.Ст.Миллдің «Бостандық туралы» трактаттарынан көруге болады.

Ж.Ж.Руссо баланың тұлғалық дамуына оған еркіндік бере отырып мән беруге шақырды. Оның пікірінше, тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-тәрбиешінің жанама және тактикалық басшылығымен ізгі пікірлер мен ерікті тәрбиелеу арқылы ізгілікке тәрбиелеу болып табылады.

Кеңестік педагогиканың өкілі В.А.Сухомлинский педагогтарға: «Әлемнің ең ұлы құндылықтарының бірі –Адам, сіздердің қолдарыңызда!». Сондықтан педагог дамушы адамға ізгі қатынаста болуы, оның кемшіліктеріне төзімді бола білуі керек. Өзінің «Рождение гражданина» еңбегінде ол тәрбиеленушілердің этикасы мәселесін қарастыра отырып жамандыққа төзбеушілікке үндейді.

Сондай-ақ, В.А.Сухомлинский еңбектерінде жас ұрпақты шыдамдылыққа тәрбиелеу және оны түсіне білу мәселесі қарастырылған. Ол шыдамдылықты - адамгершілік тәрбиесі арқылы көрініс табатын тұлғаның рухани-мәдениетінің маңызды элементі деп таниды. Оның ойынша, әрбір тұлға ең бірінші қарттарға, жалғыз басты және науқас адамдарға қатысты шыдамдылық көрсетуге үйренуі қажет. Бірақ оның пікірінше, шектен шыққан мейірімділік пен шыдамдылық бәрін де кешіруге әкеп соқтыруы мүмкін, сондықтан мұндай жағдайға жол бермеу керек деп есептейді. В.А.Сухомлинский пікірінен байқайтынымыз, тұлғаның адамгершілік, ізгілік

касеиттеріне тәрбиеленуі оның толеранттылық мәдениетінің дамыуына зор ықпал ететіндігі.

Қазіргі педагогикалық ғылымда толеранттылық идеялары Ш.А.Амонашвили, В.С.Ильин, С.И.Лысенкова, В.Ф. Шаталов, т.б. еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Ш.А.Амонашвили оқыту мен тәрбиелеуді басқаруда келесі ережелерді сақтау керектігіне тоқталды: әр баланы тұлға ретінде қабылдау, тәрбие және оқыту процесінде оған құрметпен қарау, балалардың мүмкіндіктеріне сай оқыту және тәрбие процесін ұйымдастыру, олардың дара ерекшеліктерін есепке алу, ынтымақтастық, бірге даму және біріккен шығармашылық атмосферасын бірге құру, т.б.

Жалпы алғанда, толеранттылық негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын мәдени реттеу болып табылады. Бұл күнделікті тұрмыстық деңгейден кәсіби қарым-қатынас деңгейіне дейінгі аралықта көрініс табатын жағдай.

«Толеранттылық»- бұл халықаралық термин екені белгілі. Қазақ халқында, бұл, мазмұн-мағынасы кең төзімділік деген сөздің баламасы. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында маңызды мәселенің бірі болды. Қазақ елі үшін басты құндылық – ұлтаралық татулықты сақтау, олардың бірін-бірі түсіну, құрметтеу және азаматтық келісімді орнату.

Қазіргі жаһандану жағдайында өзінің ерекшеліктерін сезіне отырып, басқалармен тең дәрежеде, сыйластықта өмір сүре алатын тұлға тәрбиелеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл істе жетістікке жету үшін ең алдымен педагог мамандарды даярлауға жаңа көзқараспен қарау, оның толеранттылығын дамыту қажет.

Оқу- тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың өз халқының және өзгенің атақ-абыройына құрметпен қарау сезімін қалыптастыру - өзекті мәселелердің бірі.

Білім беру үдерісінде толеранттылықты дамыту дегеніміз – педагогтың оны қалыптастыруға қажет жағдайларды жасауы. Осы жерде “педагогикалық толеранттылық” түсінігі шығады. Бұл дегеніміз – педагогикалық іс-әрекет жүргізу барысында толеранттылық өзара әрекет ету және толеранттылық ұстаным іскерліктері мен дағдыларын меңгеру. Мұндай ұғым П. Ф. Комогоровтың зерттеу жұмысында берілген. Онда Толеранттылық педагогикасының негізгі міндеттері көрсетілген:

- оқыту арқылы толеранттылық туралы білімдер қалыптастыру; басқалармен толеранттылық өзара әрекет етудің іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушының жеке құндылықтар жүйесінде толеранттылықты маңызды құндылық ретінде қалыптастыру және осы негізде толеранттылықты мінез-құлық түрткілері мен толеранттылық ұстанымы ретінде қалыптастыру болып табылады[4].

Педагогикалық тұрғыда толеранттылықты – төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деген мағына береді деген қорытындыға келсек, ал осы сапаларды адамгершілік құндылықтар ретінде қарастырсақ, өзге ұлттың тілін біліп, мәдениетін, ділін, нанымын оқып үйреніп дүниетанымымыз кеңісе, оны өз мәдениетімізбен

салыстыра отырып, артықшылығы мен кемшілігін ұғынуымыз тұлғалық дамуымыздың көрсеткіші ретінде толеранттылықты адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтардың құрамдас бөлігі тұрғысында қабылдай аламыз

Педагогикада шыдамдылық пен төзімділікті қалыптастыру бала өмірінің алғашқы кезеңінен жүзеге асады. Адамның рухани мәдени дамуында ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан, дамыған біздің адамгершілік қасиетіміз болып есептеледі.

XVII ғасырдағы француз жазушысы Вольтер: «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», - деген [5]. Ол – толеранттылықтың басты қағидасы. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді.

Жалпы тәрбие жүйесінде адами құндылықтар қатынасында толеранттылық факторы тұлға мәдениетімен байланысты қарастырылады. Әлеуметтік толеранттылық өзгелердің көзқарасына түсіністікпен қарап, өзгелерді, олардың мәдениетін сыйлауды білдіреді. Толеранттық қатынас адамның құқықтарын, еркіндікті және қауіпсіздікті қамсыздандыратын әлеуметтік құндылық болып табылады.

Педагогикалық лексиконға толеранттылық ұғымы бергін келе ене бастады. Өйткені қазіргі таңда отбасылық, ұлтаралық, халықаралық келісім осы ұғымға тікелей қатысты екені белгілі. Ал, толеранттылықты ұрпақ бойына сіңіру–тәрбиенің еншісінде. Тәрбие беру ісі педагогикалық қызметтегі – мұғалім, оқушы, ата-ана мен мектеп арасындағы қарым – қатынас болып табылады.

Расында, тұлға бойында толеранттық қалыптастыру, дамыту жұмыстары отбасынан басталып, бастауыш мектеп, орта буын, жоғары сынып оқушыларын, орта және ЖОО білім алушыларын толық қамтуы керек. Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта.

Отбасы балаға адамдармен өзара әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе береді, мұнда ол қарым-қатынас жасауға, басқаларды тыңдауға және олардың көзқарастарын сыйлауға, әрекеттеріне шыдамдылықпен қарауға үйренеді. Ата-ана – толеранттылықтың үлгісі бола білу керек. Толерантты мінез-құлықтың тәжірибесін меңгеру кезінде ата-ана мен туыстардың берген үлгілері ерекше мәнге ие.

Отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптаспауы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер. Педагог ата-ананы қайта тәрбиелей алмайды, бірақ ата-анамен бала арасындағы өзара қатынасқа әсер ете алады және арнайы жұмыс негізінде баланың өзгелерге деген қатынасын түзете алады, яғни тұлғаның толеранттығын дамыта алады.

Толеранттылық тұлғада білім алу барысында өзінен-өзі қалыптасады деп есептеуге болмайды. Толеранттылық құндылық бағыттарының негізінде сана-сезімді тәрбиелеп, адамның эмоциялық өрісін дамытқан кезде ғана іске аспақ.

Әрбір тұлға азамат ретінде өзін қоршаған қоғамда өмір сүреді. Ол қоғамда өзіне тән қарым-қатынастар болады, соған сай толеранттылыққа, өзара адами сыйластықты сақтай білуге тәрбиеленуі керек. Ондай қасиеттерді баланың бойына сіңіретін алдымен отбасы десек, одан кейін үздіксіз білім беру ұйымдары.

Толеранттық көзқарасты дұрыс қалыптастыруда білім беру ұйымдарының міндеті ауқымды. Балабақша, мектеп, орта және ЖОО – білім және тәрбие үдерісін қамтамасыз ететін, рухани және интеллектуалдық қатынастарды, мәдениетті тарату орталығы.

Қоғамда ізгілендіру негізінде білім беру мәселесімен айналыса отырып, жас ұрпаққа толерантты тәрбие беру жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет.

Қазақстандық білім беру жүйесінде – толеранттылықты дамыту мақсатында қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің құндылықтарын барынша игеру, жаһандану кезеңіндегі жастарға білім беру мен тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі болуы керек.

Бұл үшін толеранттылыққа тәрбиелеуде педагогтың біліктілігі, білім беру ісі мен тәрбие ісі үздіксіз, сабақтастық принциптерге сәйкес жүйелі, сатылы әрі кешенді түрде жалғасын табуы тиіс.

Толерантты тұлға - бұл өзінің және өзгенің мәдениетіне құрметпен қарайтын, ұлттық намысы бар тұлға.

Толеранттылық - адамзат қоғамы эволюциясындағы аксиологиялық құндылық. Оның бүгінгі таңдағы маңызы мен тәрбиелік мәні өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шаяхметова М. /Толеранттылықты қалыптастырудың кейбір педагогикалық мәселелері //Ұлт тағлымы – 2008.- N2.23-26 бет.
2. Жусанбаева Г. / Толеранттылық - өзара сыйласымдықты қалыптастыру құралы// Воспитание школьника=Оқушы тәрбиесі. - 2012. - № 10. - С. 2-5
3. Абдрасилов Т. К., М. Т. Тулеев / Толеранттылық түсінігі. // Молодой ученый. — 2018. — № 5.1 (191.1). 1-2 б.
4. Комогоров П.Ф. Формирование толерантности в межличностных отношениях студентов вуза / П. Ф. Комогоров. - Автореф. ... канд. пед. наук.- Курган, 2000. -24с.
5. Сағалиева Ж.К. Жастарды толеранттылық құндылық негізінде тәрбиелеу. «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 2013.

## **THE COMMUNICATIVE METHODS OF TEACHING ENGLISH LANGUAGE SKILLS**

**Nematov R. J., Akhmedov O. S.**

*THE UZBEKISTAN STATE UNIVERSITY OF WORLD LANGUAGES  
REPUBLIC OF UZBEKISTAN*



Annotation. This research aims to conduct experiments with English language teacher and students who are studying English as a FLT on how well CLT works while teaching. Furthermore, the research reveals the effectiveness of using communicative methods with surveys' results.

Abstrac. Communicative methods of language teaching has a long history in the English language teaching across the globe. This teaching approach puts pressure on increasing learners' communicative skills via communication with authentic language. This way of teaching has great potential in enhancing English among all learners. Thus, the article intends to investigate the teachers' pedagogical approaches in implementing CLT in the classroom practices. The study will provide the strategies, resources, methods and techniques employed by the teachers to naturalise students' oral speech. The findings of this article also contribute to the body of knowledge about Communicative Language Teaching. So as to collect relevant information, I use some questionnaire, surveys and experiments conducted in a public school (Khatyrchi region, Navoi, Uzbekistan) and conducted by researchers. According to the results, most of the students find CLT useful to improve their language capabilities.

Keywords: communicative language teaching (CLT), communicative skills, oral teaching, strategies, pedagogical knowledge, observation, experiment, survey.

## **Introduction**

Teaching a certain language itself requires teachers to have better understanding of the language aspects as well as some pedagogical knowledge. It is core aspect that language instructors should know well what they teach and how they teach during the classes. Additionally, obtaining sufficient pedagogical knowledge works well in terms of managing the class, motivating learners, reacting to them and interaction. Admittedly, while learning a foreign language, teachers physical existence plays an important role to make sure that students are learning properly. In order to train learners to be good users of language there are different types of methods that are being employed by educators to teach students English either as a second or foreign language. Having said that, all of them don't work well and in this case, teachers have to differentiate the most lustrous approaches from others. To take into example one of the studies conducted by Calle, Calle, Argudo, Moscoso, Smith, and Cabrera (2012) reveals that the strategies used by English teachers are based upon traditional methods that do not focus on the Communicative Language Teaching approach as it is established by the Ministry of Education and Culture of Ecuador. That's why with a wrong approach, the teachers in Ecuador didn't reach the communicative competence.

On the other hand, after Ministry of Higher Education in Malaysia acknowledge the importance of the English language in the competitive job markets in 2011, the topics are more focused in a communicative way, reflecting the needs of the industries thus makes it more potential to address the communicative needs of the learners. Therefore, the suggested approach in the curriculum is Communicative Language Teaching (CLT) and now we can see how this approach is working well with Malaysian people.

## **Methodology**

As communicative teaching, I intend to use case study methods that will assist me to reach the outcome of the article. I research using a mixed method

approach including experimental method, interviews and observation method. When it comes to CLT, I investigated it using natural experiment. For instance, I organised a group of learners (volunteers at a public school 24, Khatyrchi district, Navoi, Uzbekistan) and put them in the experiment to know how they were learning English language through communication. As a supplementary method, I used observation, interviewing or surveying. Observation is very direct method for collecting data and best for the study of human behavior to pick a language up. Plus, the data collected is very accurate in nature and also considered very reliable. That's why I chose it. Moreover, by observing learners, I experienced the real situation how effectively it was going. I obtained what I want in research by face to face interviewing or surveying the participants.

I know that using experimental and observations method aid in achieving the objectives of the research since the methods have control over wide variables as well as humans perform in this experiment, anyway. Experiments typically yield quantitative data, as they are concerned with measuring things and this above will be truly beneficial to collect enough data in terms of doing well planned research. Furthermore, observation is a very important part of research as it lets me see the results of the experiment, even if they are not the results we expect. Plus, it enables to see unexpected novel things that might stimulate my curiosity, leading to new experiments.

### **Result**

The methods help me gather and analyse enough information, identify possible research problems concerning the communicative language teaching skills. The findings of the study would yield to two contributions. Firstly, the findings provide about to what extent teachers use CLT and their opinion in the implementation of CLT approach in the teaching and learning processes. Secondly, the findings will add to the existing body of knowledge about English language at school 24, in Navoi region. This in turn will provide opportunity to see the strengths and weaknesses in CLT.

Finding 1: How often teachers use CLT and their opinion about using it from volunteers took part in this surveys. According to the survey below, most teachers use them regularly and their opinions about it are positive (they claim that CLT is a way not only to engage pupils to the lesson but also to teach them to speak fluently in English)

	Participants	Frequency of using CLT in a weekly basis	Opinion
	Lobar Khaydarova	always	positive
	Dilafruz Kholikulova	not often	good
	Khurriyat Kuchkarova	often	positive
	Shakhzoda Rakhimova	according to the theme	neutral
	Surayyo Bozorova	almost all lessons	positive
	Makhfuza	sometimes	good

Finding 2: Existing body of the knowledge of school pupils on English. The data was collected from grading tables and interview with pupils.

Participants	Marks( ter m 2, in percentage)	Opinion (using CLT)	Desired style to learn English
Pupil 1	80%	positive	role-plays
Pupil 2	78%	good	audio-visual
Pupil 3	89%	positive	conversati on
Pupil 4	85%	positive	hands-on activities
Pupil 5	91%	positive	action games
Pupil 6	77%	good	reading activities
Pupil 7	72%	positive	interactive games
Pupil 8	68%	positive	discussion
Pupil 9	81%	neutral	grammar, vocabs

### Discussion

The results conducted reveals that most of the teacher who participated in the survey are finding the usage of CLT positive and they try to take advantage of CLT to reach the communicative language competence almost every lesson. Moreover, they claim that teaching English is better organized rather than other languages like russian. The teachers link the reason for it with the fact that teaching English is based on communicative approach whereas teaching Russian focuses on more theoretical and literature part of language. The opinions of the pupils is also positive and they admit that it is useful for them to learn English easily through communicative and interactive games. While using interactive games such as role-play, hands-on, working in a group, They use the language more orally and as a result, their capabilities of oral speech get better step by step.

### Conclusion

In conclusion, the effectiveness of CLT in English language teaching depends upon the teachers' better understanding on CLT and frequency of using it. The methods and techniques applied in the classroom and the materials used in the activities influence the outcome of the lesson, indeed. The findings also highlight CLT that found from the observations, can contribute towards the improvement of English communication skills among language learners. The article named "The Use of the Communicative Language Teaching Approach to Improve Students' Oral

Skills" by Vanessa Toro (Private Technical University of Loja, Ecuador) also states that it is necessary to use ICT more often and incorporate more strategies to help students develop communicative competence and enhance their active participation in oral activities.

#### References

1. Calle, A., Calle, S., Argudo, J., Moscoso, E., Smith, A., & Cabrera, P. (2012). English teachers and their teaching practice: A case study of the tax colleges of the city of Cuenca, Ecuador. *Maskana*, 3 (2), 1-17
2. Azina Ismail. (2011). Graduates' characteristics and unemployment: a case study among Malaysian graduates. *International Journal of Business and Social Science*, 2(16), 94-102.
3. "Communicative Language Teaching (CLT) in Malaysian context: its' implementation in selected community colleges". Siti Martini Mustaphaa, Ros Aizan Yahayab Faculty of Education, Universiti Teknologi MARA, Shah Alam, 40200 Selangor, Malaysia (2013).: Elsevier Ltd.
4. "The Use of the Communicative Language Teaching Approach to Improve Students' Oral Skills" by Vanessa Toro, Gina Camacho-Minuche, Eliana Pinza-Tapia & Fabian.: Canadian Center of Science and Education. Dec 14, 2018.
5. "Use of communicative methods to enhance professional language learning" by Svetlana Toropoviene. *Theory and Practice*.: 2017/3 (18)

## СЕМАНТИКА РУССКИХ ПОСЛОВИЦ

**Сапарова Нуржамал Бегайдаровна**

*кандидат педагогических наук,*

*ст.преподаватель кафедры современного*

*русского языка УзГУМЯ, Узбекистан, г.Ташкент*

Аннотация. В статье представлены доказательные материалы, иллюстрирующие семантическое содержание русских пословиц.

Ключевые слова: пословица, русские пословицы, семантика, семантическая структура пословицы

Annotation. The article presents evidence illustrating the semantic content of Russian proverbs.

Key words: proverb, Russian proverbs, semantics, semantic structure of the proverb

В течение длительного времени в науке о языке предложение рассматривалось как основная коммуникативно-структурная единица синтаксиса. Лишь в последние десятилетия языковеды обратились к изучению синтаксических единиц, более протяженным, чем предложение. Возникла лингвистика текста, оперирующая такими понятиями, как сверхфразовое единство, сложное синтаксическое целое, абзац и др.

Было установлено, что предложение само по себе далеко не всегда является законченным в содержательном плане, что передаваемая им информация недостаточна для целей коммуникации.

Вместе с тем было замечено, что текст характеризуется не только исчерпанностью информации, но и определённой структурой, располагающей средствами связи между отдельными компонентами сверхфразовых единств. Сверхфразовое единство включает в себя несколько (как минимум два) предложений.

